

ӨЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ПАЛТӨРЕ ЫҚТИЯР

**БІЗ
ЖӘНЕ
МҰСЫЛМАНДЫҚ
ДҮНИЕТАНЫМ**

Алматы - 2014

ӘОЖ 297
КБЖ 86.38
П14

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
шығыстану факультетінің Ғылыми кеңесі шешімімен ұсынылған.
Хаттама №3, 31қараша 2014 ж.*

Пікір жазғандар:

философия ғылымдарының PhD докторы Әділбеков Алау
философия ғылымдарының кандидаты Тышқан Кеңшілік
филология ғылымдарының кандидаты Мухитдинов Рашид.

*Еңбек «Қазіргі Қазақстандағы ислам: мәні мен діни жаңарудың
нәтижелері» атты ғылыми жоба аясында әзірленген.*

Палтөре Ы.М.

П14 Біз және мұсылмандық дүниетаным. – Алматы, 2014. –
172 бет.

ISBN 978-601-06-3178-6

Еңбекте автордың ислам дінімен байланысты жазған мақалалары мен баяндамалары жинақталған. Оларды зерттеуші ғалым ислам дінінің қазақ халқының салт-санасында қалыптасқан көрінісін мүмкіндігінше дәйекті түрде зерделей отырып, жастарды ғылым-білімге насихаттайды. Ислам дініне саналы түрде, біліммен келу керектігін түсіндіреді. Сондай-ақ әрбір оқырманды еліміздегі ынтымақ-бірлікті сақтаудың, діни сұхбаттастық пен діни төзімділікті ұстанудың маңыздылығына көңіл аудартады.

Кітап шығыстану, дінтану, философия және саясаттану, филология факультеттерінің студенттері мен магистранттарына, сондай-ақ жалпы оқырмандарға арналған.

ӘОЖ 297
КБЖ 86.38

© Палтөре Ы.М., 2014

ISBN 978-601-06-3178-6

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алғаннан кейін қоғамның әлеуметтік және идеологиялық салаларында жаңа бағыт-бағдарлар пайда бола бастады. Рухани құндылықтар мен бағдарлардың алмасуы қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік және жас шамасына қарай ерекшеленетін топтардың діни сана-сезімінің өсуіне жол ашты.

Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізуі республикадағы діни бірлестіктердің дамуына күшті серпіліс берді. Дәл осы уақытта дін моральдық мәңгі құндылықтарды жеткізуші әлеуметтік құбылыс ретінде жүздеген адамдардың сүйенер демеушісіне айналды.

Коммунистік идеология мен атеистік принциптердің жойылуымен бірге қазақстандық қоғамда адамгершілік-рухани бос кеңістік пайда болды. Қоғамдағы құндылықтарды қайта қарастыру, ұлттық сананың өсуі секілді үдерістер жүріп жатты. Осы жағдайда діни идеологияның жаңғыруы орын алып, ол қысқа уақыттың ішінде мәдениет пен өмір салтының өте маңызды элементіне айналды.

Егемендік алған уақыт ішінде Қазақстандағы конфессионалдық кеңістіктің құрылымы елеулі түрде өзгерді. Толық атеизм мен діни руханиятты жоққа шығарудың орнын конфессионалдық қайта өрлеу, діни санадағы толеранттық пен сенімнің берік орын алуы басты. Діни саладағы пікірлердің плюрализмі, діни культтер туралы Орталық Азиядағы ең демократияшыл заңнаманың қабылдануы – осының бәрі бұрын беймәлім болып келген жаңа ағымдардың пайда болуына алып келді. Конфессионалдық плюрализм Қазақстан Республикасындағы қазіргі діни жағдаяттың ең басты ерекшелігіне айналды.

Қазақстандағы қазіргі діни ахуалды радикалды діни қауымдас-тықтардың пайда болуы мен олардың күшеюі, дәстүрлі емес наным-сенімдердің орталықтарының қызметінің жандануы, шетелдік мис-сионерлік қозғалыстар ықпалының артуы, сектанттық ұйымдардың өздерінің әлеуметтік базасын әсіресе, жастарды тарту арқылы нығайту да орын алуда. Осындайда қоғамдағы деструктивті секта-лар қызметінің күшеюі мен жаңа ұрпақтар культі үлкен алаңдату-лық туғызып отыр. Мұндағы қауіпті нәрсе дінді әлеуметтік құлық-ты, адамдармен араласу психологиясын және өмірге деген филосо-фиялық көзқарасты қалыптастыратын құндылықтардың бағдары

деп есептейтін қазақстандық жастар дәстүрлі дін мен жалған дін-дарлық арасындағы айырмашылықты барлық уақытта аңғара бер-меуінде болып отыр.

Міне, сондықтан ұлттық құндылықтарды, мұсылмандық дүние-танымды жастарға жан-жақты түсіндіру мәселесі бүгінде өзекті болып отыр. Осы орайда «Қазіргі Қазақстандағы ислам: мәні мен діни жаңарудың нәтижелері» атты ғылыми жоба аясында әзірлен-ген Палтәре Ықтиярдың «Біз және мұсылмандық дүниетаным» атты еңбегінің жастарға, жалпы көпшілік оқырманға берер тағылымы мол деген сенімдеміз.

Бұл еңбекте ең алдымен, адамзат баласының дүниетанымы және миф туралы сөз етіледі. Одан соң «Мұсылмандық дүниета-нымның түркі әдебиетіне ықпалы туралы», «Махмұт Қашқари дүниетанымы Құран және хадис мәтіндері аясында», «Алаш зиялы-ларының «Қазақ» газеті беттерінде жариялаған дін жайлы ой-толғамдары», «Имандылық тақырыбы Абай шығармаларында» деген сияқты тақырыптар ұсынылған. Әрбір тақырыптың мазмұны жастарды ғылым-білімге шақыра отырып, ислам дінінің ата-баба-ларымыз ұстанған жолын берік ұстануды насихаттайды. Сондай-ақ бұл еңбекте автордың жастарды діни экстремизм мен терроршыл-дық іс-әрекеттерден сақтандыру жайындағы кейбір ой-пікірлер мен ұсыныстары да берілген.

Бір сөзбен айтқанда, бұл кітаптың негізгі мазмұны ислам дінінің қазақ халқының салт-санасында қалыптасқан көрінісін мүмкіндігінше дәйекті түрде көрсете отырып, жастарды ғылым-білімге, өз елінің, салт-дәстүрінің патриоты болуға насихаттайды. Әрбір оқырманды еліміздегі ынтымақ-бірлікті, татулықты сақтай отырып, діни сұх-баттастық пен діни төзімділікті ұстануға шақырады.

филология ғылымдарының докторы,
профессор Г.Е.Надирова

«Қазіргі Қазақстандағы ислам:
мәні мен діни жаңарудың нәтижелері»
атты ғылыми жобаның жетекшісі

АДАМЗАТ БАЛАСЫНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫ ЖӘНЕ МИФ¹

Жер бетіндегі көптеген халықтардың дүниетанымында ең алғашқы адамды дүниенің жаратылысымен сабақтастыру үрдісі қалыптасқан деуге болады. Әу бастан-ақ адамдар ғалам жөнінде, оның қалай пайда болғандығы, адам туралы, оның болмысы мен шыққан тегі әрі оған ықпал ететін ішкі-сыртқы күштер жайында ой жүгіртіп, адамның сыртқы бітімін ғана емес, ішкі жандүниесіне, бітім-болмысына ұқсас жайттарды өзін қоршап тұрған үлкен әлемнен іздеуге талпынған. Осы талпыныстар адамдардың оның ілкі тек-тотеммен, байланысты рухтандырылған табиғат әлемінің қыр-сырларын, киелі рәсімдер мен іс-әрекеттердің құпия мәні мен құдіретін түсіндіретін аңыз-әңгімелер адамзат баласының дүниені, қоршаған орташы танып-білуге ықпал етті дей аламыз.

Осы орайда ең алдымен, «миф», «мифология» ұғымдарына түсінік беру қажет болады. Осы миф жайында жазылған қолда бар кітаптарға қарай отырып, Серікбол Қондыбайдың «Арғы-қазақ мифологиясы» атты еңбегінен назар аударсақ, оның пайымдауынша: «...Миф және мифология деген ұғымдар туралы ғылыми көзқарастың өзі екі түрлі. Біріншісі – мифтерді, оны зерттеуі тиіс мифологияны ауыз әдебиетінің бір саласы (жанры) деп қарау, сол көзқарас негізінде мифологияға әдеби тұрғыдан бағам жасап, әдеби тұрғыдан оның қалыптасуы жөнінде, көркемдік, тілдік, т.б. үрдістері мен сипаттары (ерекшеліктері) жөнінде тұжырым жасау. Белгілі бір деңгейде бұл дұрыс та

¹ Бұл мақала 2010 жылы «Мифтегі адам болмысының сипаты» атты тақырыпта әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршы. Философия сериясы, Мәдениеттану сериясы, Саясаттану сериясының №1 (34)-санының 137-140-беттерінде жарияланған. Мақаланы баспаға қайта әзірлеу барысында толықтырулар мен түзетулер енгізілгендігін ескертеміз.

болып шығады. Бірақ мұндай зерттеулердің нәтижелерінің қоғам үшін еш қайыры болмайтындығын да айтуымыз керек.

Екіншісі – мифті ауыз әдебиеті ауқымынан шығып кететін, өз алдына дербес (әрине, гуманитарлық ғылымдардың барлығының тоғысар тұсында орналасып, сол ғылымдардың әдістемесіне сүйенетін) ғылыми пән деп қарастыру. Бұл жағдайда осы ғылыми пәнді, саланы дамытудың өзіндік теориялық, әдістемелік, терминологиялық жүйесін қалыптастыру қажет болады»,² - деп ой түйеді.

Адамдықтың кереғары – надандық болғандықтан адам баласы ықылым заманнан бері ешбір тоқтаусыз надандықпен күресіп келеді. Адамзат баласының дүниетанымы күн өткен сайын кеңейіп, ғылым-білімді меңгеру арқылы кезінде «бұрыс» деп ұққанын енді бүгін «дұрыс» деп өзгертіп, өз пікір қателігін түзетіп, босын толтырып, жоғын түгендеп кәмілдікке қадам басып бара жатқаны ақиқат.

Қазіргі кезде ғылымның қай саласын алып қарасақта жаңарудың, жаңғырудың үрдісі байқалуда. Мұндай жаңғыру біз сөз етіп отырған «мифология» ұғымынан да көрінеді. «...Батыстың ғұламалары соңғы жарты ғасырдан астам уақыт бойына мифті XIX ғасырдағыға қарағанда мүлде басқаша көзқарас тұрғысынан зерттеп келеді. Өздерінен бұрынғылардан ерекшелігі, олар енді мифті, осы сөздің үйреншікті «ертегі», «ойдан шығарылған», «қиял» түріндегі мағынасында емес, қайта керісінше, ілкі қауымдық (первобытный) және қарабайыр (примитивный) қоғамдарға тән түсінікті мағынасында, яғни мифті «нағыз, кәміл болған оқиға» деген, одан да маңыздырақ, «киелі, елеулі және еліктеуге тұрарлық үлгі болар оқиға» деген мағынасында қарастырады. Бірақ, «миф» сөзінің осындай жаңа мағынасы оның бүгінгі заман тіліндегі қолданылуын екі ұдайлы етеді. Расында да бұл сөз осы күндері «ойдан шығарылған»

² Қондыбай Серікбол Арғықазақ мифологиясы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. 512 б (28-бетте).

(вымысел), «алдамшы» (иллюзия) деген де, ең алдымен, этнологтарға, социологтарға және дін тарихын зерттеушілерге жақын да түсінікті «киелі дәстүр (священная традиция, ілкітекті көңілашар (первородное откровение), еліктіргі» (пример для подражания) деген де мағыналарда қолданылады».³

Жалпы, «миф» ұғымының жасампаз немесе қиратқыш потенциалы бар екендігі талассыз. Дейтұрғанмен, ол өздігінен жақсы не жаман бола алмайды. Оған тек моралдық көзқарас тұрғысынан қарап баға беру дұрыс емес. Мифтің атқаратын функциясы – модельдерді беру арқылы дүниеге және адамзат баласының өміріне мән сыйлау.

Шынтуайттарға келгенде, бар мәселе адамға байланысты. Осыны ескере отырып, мифті екі бағытта қарастыруға болады. Біріншісі – материалистік-позитивтік (атеистік, дінсіздік) ғылым негізінде қалыптасса, екіншісі – метафизикалық (идеалистік, діни) таным аясында қалыптасады. Іс жүзінде бірін-бірі жоққа шығаратын осы екі бағыт қай кезде болмасын әлеуметтік, мәдени, саяси, шаруашылық жағдайында тіршілік етіп жатқан адамзат қоғамының, социумның уақыт пен кеңістік, ғалам мен адам, сыртқы әлемнің адамға әсері, адамның қоғамдағы орны мен дәрежесі туралы ой-тұжырымдарды, түсініктерді қалыптастырады.

Осы қалыптасқан түсініктерді жеткізуде тілдің атқаратын қызметі зор. Ол – қарым-қатынастың басты құралы. Бірақ бұл сөзден тіл – тек коммуникативтік құрал деген ұғым, түсінік қалыптастауы тиіс. Тіл – адам болмысының, оның мәдениетінің көрінісі. Осы тіл мен мифологияның байланысы мен өзіндік ерекшеліктерін түсіндіре келе орыс ғалымы М.К.Азадовский: «...тіл – халықтың негізгі қабаты. Мифология сенімнің жиынтығы әрі халықтың өнегесі мен салт-дәстүрі туралы

³Әлемдік мәдениеттану ой-санасы. Он томдық. 2-том. Мифология: құрылымы мен рәміздері. – Алматы: Жазушы, 2005. 2-т. -568 б (22-бетте).

аңыздар көрініс табатын халық шығармашылығы»,⁴ – деген тұжырым жасайды.

Жоғарыда айтылған бірінші бағытты ұстанғанда миф адамзаттың әу бастағы сәтін тек жабайы, қарбайыр деп танып, сол кезден бері күні бүгінгі адамзат баласының қол жеткізген ғылыми ой машығына, яғни соқыр сенімнен ғылыми тұжырымына, «тағылықтан адамгершілікке» дейінгі аралығына ұдайы даму үрдісі арқылы жеткендігі аңғарылады.

Ал екінші бағытты ұстанғанда миф адамзаттың о баста аса жоғары деңгейде дамыған танымы, кәмілдігі, дәстүрі болғандығын алға тартып, осы кәмілдік пен дәстүр қандай да бір себептерге байланысты жоғалып, адам жадынан өшіріліп, ұмыт болып, оның кейбір сарқыншақтары ғана сақталып қалғандығы меңзеледі.⁵

Миф – адамның сенім-нанымына байланысты материалистік-позитивтік немесе метафизикалық бағытта өрбісе, айтылу мақсатына, ұстанған саясатына қарай «жалған, жасанды миф» әрі «шындыққа жақын миф» деп екіге бөлуге болады.

Осы тұста айтылуы тиіс бір мәселе жалған мифтердің өздері үлкенді-кішілі болғандығына қарамастан өзі бастапқыда шындыққа, ақиқатқа жақын мифтің базасына сүйенбеске амалы жоқ.

Осы орайда, «...мифтер мазмұны бойынша космогониялық (әлемнің пайда болуы), теогониялық (құдайлардың пайда болуы), астрогониялық (аспанның жарық денелері – Күннің, Айдың, жұлдыздардың пайда болуы), антропогониялық (адамның пайда болуы), эсхатологиялық (ақырзаман туралы аңыздар, әпсаналар)

⁴ Мәтіннің түпнұсқасы «...язык это основной слой народности, мифология народная словестность в которой и выражена вся совокупность верований, преданий нравов и обычаев народа» деп келеді (Азадовский М. История русской фольклористики 2-х томах – Москва: Учпедгиз, 1963. Т 2. –С.60).

⁵Бұл пікірді Серікбол Қондыбай да қуаттайды қараңыз: Қондыбай Серікбол Арғықазақ мифологиясы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. 512 б (32, 33-беттерде).

болып бөлінеді»⁶, - деген тұжырымды да айта кету орынды болады деген ойдамыз.

Батыстық дінтанушы ғалым Мирча Элиаде: «...Расында да, мифтер тек дүниенің, жануарлардың, өсімдіктер мен адамзаттың жаратылуын хабарлап қана қойған жоқ, адамды бүгінгі (яғни оның өлімді, белгілі бір жынысты пендеге айналып, қауымға ұйымдасқан және тірі қалу үшін белгілі бір ережелерге сәйкес жұмыстануға мәжбір болған) күйіне жетуіне алып келген аса маңызды оқиғалар туралы баян ететін. Ғалам мен адамзат, «баршаның бастауында» астам текті пенделер жасампаздықпен айналысқандықтан да бар болып отыр. Бірақ, дүние жаратылып, және адамзат пайда болғаннан кейін де басқа осы мифтік оқиғалардың тікелей нәтижесі болып табылады, ол осы оқиғалар барысында жасалған»,⁷ - деген пікір айтады.

Миф объектілерінің бірі адам болса, сол мифтің өзі объектіден бастау алады. Яғни миф адам санасында өткен ата-бабасынан қалған түсінік, сенім, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар аясында пісіп жетіледі. Олай болса, «адам» деген кім?, «адам болмысы» деген не? Әрине, бұл сұраққа сан түрлі жауап бар. Бір ғана мысалы, адам – «ойлап сөз сөйлей алатын, еңбек құралдарын жасап, оларды өз қажетіне жарата білетін саналы қоғам мүшесі»,⁸ – деп түсіндіріледі. Егер дәл осы сұрақты қандай да бір дін өкіліне қойсақ, оның берген жауабы өзгеше болатыны ешбір дау туғызбайтын мәселе.

Сонымен, жалпы адам болмысы дегеніміз – «...философияда үш түрлі: биологиялық, ақыл мен руханилық және әлеуметтік өлшем тұрғысынан қарастырылады. Адамды әлеуметтік жара-

⁶ Дінтану негіздері: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық / Авторлары: Ғарифолла Есім, авторлық ұжымның жетекшісі; А.П.Әбуов, К.К.Бегалинова, Е.М.Смағұлов, Қ.Жолдыбайұлы. 2-басылымы- Алматы: Білім, 2010.- 312+24 бет фото (32-бетте)

⁷ Әлемдік мәдениеттану ой-санасы. Он томдық. 2-том. Мифология: құрылымы мен рәміздері. – Алматы: Жазушы, 2005. 2-т. -568 б (32-бетте).

⁸ Қазақ тілінің синонимдер сөздігі / құраст. С.Бизақов, Ә.Болғанбаев, Ш. Дәулетқұлов – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. -720 бет (33-бетте)

тылыс тұрғысынан алатын болсақ, ол, ең алдымен, әлеуметтік процестер субъекті, белгілі бір іс-қимыл иегері, азамат, қоғам қайраткері, белгілі бір ой иесі ретінде танылады. ... Адамның өзін де, адамзат тарихын да дүниеге әкелген, қалыптастырған оның әрекетшілдік және еңбекке ұмтылу қасиеті. Адам тек іс-әрекет арқылы ғана өзін-өзі іске асыра алады және өзін-өзі көрсете алады, дамыта алады. Сонымен адам – жер бетіндегі тірі дүниенің ең жоғарғы сатысы»,⁹ – деп түсіндіріледі.

Осы айтылғандарды негізге ала отырып, біз бар мәселе адамда, адамның өзін-өзі танып-білуінде, шама-шарқының шегін білуінде, өз болмысын дұрыс тани білуінде жатыр дей аламыз.

Адам болмысындағы тәндік және рухани бастаулардың түп-негізіне барлау жасағанда, міндетті түрде бүкіл жаратылыс атаулының, адамзаттың алғаш жаратылуы жайындағы көңіл аудартарлық маңызды мәселелерге соқпай оны айналып өту мүмкін емес. Ал осы өте маңызды сұрақтар, мәселелер жайындағы пікір-пайымдаулар қай халықта болса да, азды-көпті көрініс табады. Мұндай түсінік-пайымдаулар миф, аңыз әңгімелер формасында бастау алып, діннің құрамдас бөліктері – анимизм, тотемизм, фетишизм, шаманизм, магиялық (кие) сияқты тағы басқа түсініктерді иемденеді.

Негізінде «...адам болмысының жалпыға ортақ қасиеттерін ашу терең де күрделі міндеттерді ұсынады. Биологиялық пен әлеуметтіліктің адам бойындағы арақатынасын барлық адамзат тарихында өзгермейтін мәңгілік қандай да бір формула болып көріне алмайды. Керісінше, бұл сапалар әрбір нақты тарихи дәуірде өмірдің әртүрлі салаларындағы түрлі пропорцияларда пайда болады. Адам бойындағы биологиялық пен әлеуметтік сапалар үздіксіз қозғалыс процесінде табылады және адам өмірінің шегін құрайды. Адам болмысының әлеуметтік табиғаты ерекше адами әдіспен өмір сүру немесе болу әрекетінде көріне-

⁹ Раев Д.С. «Қазақ шешендік сөз өнерінің әлеуметтік-философиялық негіздері» атты философия ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясы. Алматы: 2002. 265 б (52-бетт)

ді. Осы іс-әрекеттер әлеуметтік қатынастардың құрылымы мен тетігін құрайды; оны жеткізушілер әлеуметтік жалпылықтар: жанұя, кіші топ және қоғамдық жеке адам, қоғам...»¹⁰ болып табылады.

Адамзат баласы өзін қоршаған ортада, қоғаммен бірге араласу, сұхбаттасу, пікір алмасу негізінде дамиды. Мифтің өрісі де осы араласу, тығыз қарым-қатынас аясында құлақтан-құлаққа, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, күні бүгінде өңі адам танымастай болып өзгеріп отыр.

«...Адам болмысының өзі үнемі дамып, өзгеріп және жаңарып отыратын араласу процесі, ол адамның мәндік ерекшелігі. Адам өз болмысының құпияларын өзін қоршаған ортадан оқшау, тұйық жағдайда толық ашуы, көрсете алуы мүмкін емес...».¹¹

Негізінде адамзат баласында адами бастамалардың қалыптасу сәттерінен бастап орнығатын қасиеттердің бірі, бірегейі – қарым-қатынасқа деген қажеттілік. Бұған түрткі болатын нәрсе, ең алдымен, адамның ішкі әлемінің қалыптасуы және сол ішкі дүниесін шығаруға деген мүдделілік.

Қарым-қатынас – адам өмірінің субстанционалдік негізі деуге болады. Ол адам баласының өмір сүру аясын кеңейтіп, мол мүмкіндіктер береді. Осының аясында, «...мифтің арқасында, дүние өзінің кәмілдігіндегі ұйымдастырылған, ақылды және мәнді Ғалам түрінде түсініледі. Дүниенің қалай жасалғандығын әңгімелей отырып, мифтер қандай да бір нәрсенің қалайша және не үшін және қандай жағдайларда жасалғандығын айып көрсетеді. Мұндай «көңілашарлар» (откровения) азды-көпті мөлшерде адамға тікелей қатысты болады және «киелі тарихты» құрайды.¹²

¹⁰ Кожамберлиев Б.К. Адамның әлеуметтік және рухани болмысы. Философиялық-саясаттанулық және рухани-танымдық журнал. №4(4)-2003 (149-бет)

¹¹ Нұрышева Г.Ж. «Адам өмірі мәні мәселесінің қазақ философиясында көрінісі» атты тақырыпта философия ғылымдарының докторы ғылым дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясының авторефераты 58 б. (27-бет)

¹² Әлемдік мәдениеттану ой-санасы. Он томдық. 2-том. Мифология: құрылымы мен рәміздері. – Алматы: Жазушы, 2005. 2-т. -568 б (147-бетте)

Адамзат баласының түсінігі, дүниетанымы әртүрлі болуына қарамастан бүгінгі әлемдік жаһандану заманында түрлі ұлт өкілдерінің бір жерде бас қосуына түрлі себеп-салдар жол ашып отыр. Мұндай қарым-қатынасқа түсу, араласу әртүрлі дүниетанымдағы адамдардың мәдениеті мен салт-санасын, тілі мен дінін, әдет-ғұрыптарын бір арнаға тоғыстыруда.

Қорыта айтқанда, Еуропа мен Азияның бел ортасында жатқан ұлан-ғайыр, кең-байтақ жерді тәуелсіз Қазақстан Республикасы ретінде танытып отырған қазақ халқы этникалық бітімі екі бөлек дүниенің екеуінің де, басқаша айтқанда, Батыс пен Шығыс мәдениетін, оның бітім-болмысын өзінің күнделікті тұрмыс-тіршілігіне салт-санасына икемдеп, бойына сіңіріп келе жатыр.

Жаратқан Ие сан алуан қазба байлықтарға толы кең-байтақ жерді қазақ халқының үлесіне берді. Бірақ кезіндегі Жоңғария мен Моңғолия, қазіргі Қытай мен Ресей сияқты алпауыт елдермен көрші бола тұрып осыншама ұлан-ғайыр жерді сақтап қалу қазақ халқы үшін оңайға соққан жоқ. Бұған тарихтың өзі куә. Шыр етіп ұрпағы дүние есігін ашқан сәттен бастап-ақ оған бесік жырын жырлап, елін, жерін жаудан қорғау, ел тәуелсіздігі үшін тар жол, тайғақ кешу батырлықтың, өмір сүрудің мәні мен мақсаты екенін құлағына құйып өсірді. Мұндай мақсат – батырлықты, ерлікті дәріптеу арқылы ел басқара алатын тұлғаны, ағайын-туыстың арасындағы араздықты жойып, ынтымақ-бірлікке шақыратын, адамгершілікке үндейтін ақылды басшыны қалыптастыру еді. Осының негізінде адамның асыл қасиеттерінің бірі – намыс өз дәрежесіне көтерілді. Адамдар өмірді жоғары бағалап, оны адамгершілік-рухани мәнге толтыра білді. Сондықтан да өлімнен еш қорыққан емес. Ар-намыс өмір сүруден қашан да жоғары әрі қымбат тұрды. Бұл тұрғыда қазақта: «Қоянды қамыс, ерді намыс өлтіреді» деген мақал кең тараған.

Біздің ата-бабаларымыздың дүниетанымын, діни-сана түсініктерін бүгінгі жастарға дұрыс түсіндіру, ұлттық салт-сананы жоғары адамгершілік құндылықтармен ұштастыру бүгінде өзекті тақырыптардың біріне айналып отыр.

ҚҰРАН КӘРІМНІҢ ОРТА АЗИЯ ҒҰЛАМАЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ¹³

Құран Кәрім – Алла тағала тарапынан ең соңғы пайғамбары Мұхаммедке (с.ғ.с) Жәбірейіл періште арқылы 23 жылда бөлек-бөлек болып, барша адамзат баласын қараңғылықтан нұрға, екі дүниенің бақытына жеткізу үшін түсірілген қасиетті кітап екені көпшілікке белгілі.

Қасиетті Құран – дұрыс пен бұрысты, ақ пен қараның арасын ажыратып, қара қылды қақ жаратын әділдігімен ерекше, сондай-ақ күллі адамзат баласының кез келген мәселесіне жауап бере алатын, қоғамның, тіпті, әлемдік проблемалардың дұрыс шешілуіне өз үлесін қоса алатын иләһи қасиетті кітап. Бірақ мұны әркім Құран жайлы білім деңгейіне қарай әртүрлі түсінеді. Қайсыбіріміз кешегі атеистік көзқарастан арыла алмай, Құран жай ғана пенде сөзі десек, енді біріміз Құранды дініміз исламның қайнар бұлағы қасиетті кітап деп білеміз.

Расында Құран Кәрімнің ислам дінінің ең басты қайнар бұлағы екеніне еш күмән жоқ. Ислам дінінің шариғи заңдары әу баста Құран аяттары бойынша дәйектеледі.

Отандық исламтанушы ғалым М.Исаұлының Құран жайлы еңбегінде: «Құран – исламның рухани кеңістігінің көгінде жарық шашқан нұрлы шырақ. Құран – исламның негізі мен мәні. Құран – ақирет әлемінің де қасиетті картасы. Ол тек қана бұл ғұмырлық адамдар арасындағы қарым-қатынас емес, сонымен

¹³ Бұл мақаланың мазмұны араб тілінде 2007 жылы Нұр-Мұбарак университетінде өткен халықаралық ғылыми конференцияда баяндама ретінде ұсынылған. Араб тіліндегі баяндама осы конференция жинағында 167-172-беттерде жарық көрген. Бірақ қазақ тілінде жарыққа шықпаған.

қатар келешек мәңгі әлемді де тамаша түсіндірген кітап...»,¹⁴ – деп түсіндіреді.

Қазақ халқы мұсылмандықты қабылдағалы Құранды қасиетті санап, үйінің төріне іліп қоятын болған. Діни мәселелерде онымен төрелік етіп шешім шығарған. Бұл қазақи дүниетанымдағы түсінік, ал араб тілді халық санасында Құран – дінді, тілді, әдебиетті, тарих пен салт-сананы, әдет-ғұрыпты қамтып жатқан діни, рухани мұра. Діни жоралғылармен қоса, қазіргі қолданыстағы классикалық араб тіліне, оның грамматикалық, морфологиялық және синтаксистік ереже-қағидалары ең баста осы Құран мәтініне негізделіп, оны айғақ, дәлел етіп ұсынады.

«Ислам» энциклопедиясында: «...мұсылмандардың киелі кітабы болғандықтан, Құран осы күнгі мұсылман мемлекеттерінің өмірінде, ең алдымен, діни жұмыстар саласында маңызды рөл атқарып келеді. Құран әр алуан оқу орындарында оқытылады. Бұрынғысынша оның идеялары мен бейнелері көркем әдебиеттен орын алуда, мұсылман халықтарының бұқаралық ақпарат құралдарында, қоғамдық-саяси әдебиеттерінде кең пайдаланылады. Құран мәтіндері исламдық сурет және сәулет өнерінде негізгі өркениеттік міндет атқаратын мәнін де сақтап қалған. Құран идеялары мен бейнелері осы күнгі мұсылмандардың ақыл-ойына, тәлім-тәрбиесіне әсер етпей тұра алмайды»¹⁵, – деп жазылған.

Қасиетті Құран аяттарын орыс тіліне аударған атақты орыс шығыстанушыларының бірі, академик М. Ю. Крачковский: «Исламды Құрансыз түсіну мүмкін емес...»¹⁶, – деген пікір білдірген.

¹⁴ Исаұлы М. Құран – кімнің сөзі? – 3-бас. – Алматы, 2007. – 224 б (18-бетте).

¹⁵ Ислам. Энциклопедия. Бас редакторы Р.Нұрғалиев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 286 б (100-бетте).

¹⁶ <http://www.worldislamlaw.ru> сайтында жарияланған. Орыс тіліндегі толық мәтін: (...При толковании тех или иных положений Корана или решении конкретных юридических споров мусульманское духовенство и судьи (казии) прибегали к помощи других источников шариата, т.е. Коран не был единственным источником шариата. В этой связи примечательна мысль известного переводчика Корана на

Бірақ Құран діни қағида-құлшылық тәсілдерімен ғана шектелмейді. Осы мәселеге орай, ислам ғұламаларының бірі – әл-Маудуди: «Құранның негізгі мақсаты – ислам дінінің баға пішілмес ерекшелігі мен ахлақ қағидаларын айқын көрсетіп, оларды түрлі мысалдармен жүрекке мықтап бекіту. Құран – тек қана әмір мен тыйымдардың жиынтығынан тұрады деп қателесуге болмайды»,¹⁷ - деген екен.

Демек, Құран кітабы – ғылым-білімнің бастауы. Бүкіл әлемдік мәдениеттің іргетасын қалаушы Жаратушы сөзі. Мұны кезінде Иоганн Вольфганг Гёте де мойындап: «...Ол (Мұхаммед пайғамбар) ақын емес, пайғамбар. Ал оның Құраны – құдайдың заңы, бұл (кітап) адам баласының көңіл көтеру үшін немесе жалпы (адамзаттың) білімін жоғарылату үшін жазған кітабы емес...»,¹⁸ - деген болатын.

Бір сөзбен айтқанда, Құран кітабы осыдан 14 ғасыр бұрын түсіп, ең алғашқы аятын «Жаратқан Раббыңның атымен бастап оқы! Ол адамзатты ұйыған қаннан жаратқан. Оқы! Ол Раббың аса ардақты! Сондай-ақ Ол қаламмен (жазуды) үйреткен. Ол адамзатқа білмеген нәрсесін үйреткен»¹⁹, - деп бастауының өзі Құранның ғылым-білімге қаншалықты маңыз беретіндігін аңғартса керек.

Кезінде осы аяттардың мағынасын қазақтың тұңғыш педагогы Ыбырай Алтынсарин өлең жолдарына айналдырып:

«Бір Аллаға сыйынып, кел балалар оқылық!

русский язык академика М. Ю. Крачковского о том, что ислам нельзя понимать без Корана, но его далеко недостаточно для полного понимания ислама в его историческом развитии. Эта характеристика полностью применима и к шариату.

Разумеется, в Коране нельзя было предусмотреть все пути решения юридических споров, которые возникали в различных сферах общественной жизни.

¹⁷ әл-Маудуди. Тәфһимул-Құран. I том (33-бетте).

¹⁸ Гёте И. В. Noten und Abhandlungen zum Weststlichen Dvan, WA I, 7, 32 (Заметки и очерки о «Западно-восточном Диване») Орыс тіліндегі мәтін: «...Он не поэт, а пророк, и его Коран — это божественный закон, а не книга, написанная человеком для развлечения или повышения общей образованности...». Бұл мәлімет <http://ru.wikipedia.org/wiki/Мухаммед> сайтында да берілген.

¹⁹ Қасиетті Құран аяты. «Алақ» сүресі, 1-5 аяттар.

Оқығанды көңілге ықыласпен тоқылық.

Оқысаңыз балалар шамнан шырақ жағылар,

Тілегеннің алдынан іздемей-ақ табылар»²⁰, - деп қара домалақ қазақ балаларын ғылым-білімге шақырған еді. Осылай-ша түптің түбінде «Білім мен имандылық қос қанатым, // Бірінсіз бірі тағы бос қалатын»²¹, - дегендей «білім мен имандылықты» құстың қос қанатындай қатар самғайтындығын қазақ балаларына паш ете білді.

Ислам діні бойынша иманды жанның білім талап етуі, оқып-үйренуі парыз, яғни міндетті іске жатады әрі құлшылық ретінде саналады.

«...Қасиетті кітабымыз Құран Кәрімде тікелей ғылым, ойлау және ғибрат алу тақырыптарында жүздеген аяттар баршылық. Мисалы, «ақыл» сөзінің өзі 65 аятта кездеседі, сондай-ақ ой жүгіртуге шақыратын, ақыл иелерінің сипаттары жөнінде, Аллаһ тағаланың ғылымының шексіздігі, ғылым талап ету, білгенін басқаларға үйрету, надандарға ермеу, ойланып ғибарт алатын құбылыстар, ел-жер аралап көрудің пайдалары, хикмет (даналық), ғылымдардың қасиеттері мен мәртебелері, ғылымның қымбаттылығы һәм ғылымға ынталандыру адамның ойлау қабілеті жете алмайтұғын ғылым салалары, ғаламның жаратылысы туралы ой жүгірту, қалам уә жазу, оқуға Аллаһ тағаланың атымен бастау, сұрап үйрену, пікір алмастыру секілді тақырыптар хақында 217 аят тікелей мағлұмат береді. Бұлар тікелей ғылым деген ұғымға қатысты аяттар...»²². Бұдан басқа да ғылым жайындағы жалпылама аяттар бар.

Құран және хадис мәтіндерінде ғылымның абыройы көтеріліп, ғұламалар ардақталған. Сол себептен Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) сахабалары әрі олардың соңынан ерген ізбасарлары ғылым-білім үйренуге әрі өз білгендерін басқаларға үйрету ісіне баса көңіл аударған.

²⁰ Ы.Алтынсарин.

²¹ Палтөре Ы. Осы мақала авторы.

²² М.Бүлдүтай. Мұсылман қазақ еліміз.- Алматы, Арыс, 2001, 180 бет (93-бетте).

Құранда: «...Алла сендердің іштеріңдегі иман келтіргендер мен білімділердің дәрежелерін көтереді...»²³, «...Білетіндер мен білмейтіндер тең бола ма?...»²⁴, «...Алладан құлдарының ішінде тек қана ғұламалар қорқады»²⁵, «Раббым, білімді арттыра көр», – деп айт...»²⁶, – деген мағынадағы аяттар кездеседі.

Бұл аяттарда тек діни білім ғана емес, сонымен қатар адамның қадірін жоғарылататын, ізгі-жақсы істерге бастайтын, барша адамзат баласына пайда келтіретін бүкіл білім салалары қамтылады.

Ислам дінінің ұстанымдары бойынша ғылым-біліммен шұғылдану сауабы жөнінен нәпіл (мұсылман адамның ешқандай міндеттемесіз өз еркімен сауап жинау мақсатында орындайтын) амалдардан да жоғары тұрады. Өйткені ерікті түрде сауап алу мақсатында орындалған іс-әрекеттер тек оны жасаған иесіне ғана пайда келтірсе, ғылым-білім барша адамзат баласына пайда береді. Сондай-ақ білімді болу діни құлшылықтардың да сауатты әрі дұрыс орындалуының кепілі болады. Сондықтан білім мен иман – ислам өркениетінің негізі саналады.

Түйіндеп айтқанда, ислам діні ең алдымен, әрбір сенушіні білімді болуға шақырады. Тіпті, білімді болуды Алла тағалаға деген сенімнің ажырамас бір бөлігі ретінде насихаттап, жаратқан Иеге білімсіз тек соқыр сеніммен жақын болу мүмкін еместігін алға тартады.

Кезінде кемеңгер Абай атамыз да қасиетті Құран аяттарынан сусындай отырып, өз заманындағы үлкен-кішіге:

«...Дүние де өзі, мал да өзі,

Ғылымға көңіл бөлсеңіз.

Білгендердің сөзіне,

Махаббатпен ерсеңіз...», – деп ғылым-білімге қызықтырды. Осылайша:

²³ Қасиетті Құран аяты. «Мужәдәлә» сүресі, 11-аят.

²⁴ Қасиетті Құран аяты. «Зумәр» сүресі, 9-аят.

²⁵ Қасиетті Құран аяты. «Фатыр» сүресі, 28-аят.

²⁶ Қасиетті Құран аяты. «Та-һа» сүресі, 114-аят.

«...Ақыл сенбей сенбеңіз,

Бір іске кез келсеңіз.

Ақсақал айтты, бай айтты,

Кім болса мейлі, сол айтты,

Ақылменен жеңсеңіз.

Надандарға бой берме,

Шын сөзбенен өлсеңіз.

Аят, хәдис емес қой,

«Кәпір болдың» демес қой,

Қаниша қарсы келсеңіз...»²⁷, – деп әрбір істі ақылға салуға, ой жүгіртуге шақыра отырып, надандардың сөзіне ермеуге, аят, хадис мәтіндеріне қарсы келмеуге шақырды.

Балаға ғылым-білімді қалай үйтеру керектігі жайында хакім Абай 38-қара сөзінде:

«...ғылым-білімді әуелі бастан бала өзі ізденіп таппайды.

Басында зорлықпенен, яки алдауменен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша. Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпенен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады.

Сонан соң ғана Алла тағаланы танымақтық, өзін танымақтық, дүниені танымақтық, өз адамдығын бұзбай ғана жәлдіб мәнфағат (пайдалыны алу) дәфғи мұзарратларны (зарарлыны нәрсені тәрк ету) айырмақтық секілді ғылым-білімді үйренсе, білсе, деп үміт қылмаққа болады»-деп жалғастыра келе «Ғылым Алланың бір сипаты, ол – ақиқат, оған ғашықтық – өзі де хақылық һәм адамдық дүр. Болмаса мал таппақ, мақтан таппақ, гиззат-хұрмет таппақ секілді нәрселердің махаббатымен ғылым-білімнің хақиқаты табылмай-ды...»,²⁸ – дейді.

Осы орайда дінтанушы ғалым Мұртаза Бұлұтайдың: «...Киелі Құран Кәрімнің мағынасын тереңдеп түсініп, мұсыл-

²⁷ Абай. Қалың елім қазағым: Шығармалары. – Алматы: Жалын, 1995.–384 б (36-бетте).

²⁸ Абай. Қалың елім қазағым: Шығармалары. – Алматы: Жалын, 1995.–384 б (320-321-беттерде).

ман қазақ еліне ислами тәлім-тәрбиені насихаттау қызметін атқарған данышпан Ибраһим Құнанбайұлы уә Ақыт Үлімжіұлы қатарлы бабаларымыздың «Ғақылия» атындағы ұмытылмас еңбектерді жазуы да әлбетте, Аллаһ тағаланың аяттарын халқымызға уағыздап, ғылымға шақыру үшін болатын»,²⁹ – деген пікірімен толық келісуге болады.

Мұсылман ғұлама-ғалымдарының ғылымға көңіл бөлуі дін, дүние, қоғам факторларына байланысты болды. Сонымен білім адамға жатарушы Иені дұрыс танып-білуге, дінді жетік түсінуге, құлшылық-ғибадаттарды мүлтіксіз орындауға жеткізетін жол болса, сонымен қатар мұсылмандарға әлем табиғатын, адам табиғатын зерттеуге жол ашты.

Орта ғасырларда өмір сүрген мұсылмандар Алла тағаланың Құран мәтініндегі:

«...Сендерге көктердегі нәрселерді де, жердегі нәрселерді де толық бағындырды...»,³⁰ – деген мағынадағы аятын басшылыққа ала отырып, табиғатқа байланысты ғылымдарды дамытып, оларды жеке адам, қоғам игілігі үшін пайдалана білді.

Осылайша мұсылмандар Құран және пайғамбар хадистері аясында ғылым-білімді айбынға, прогреске, әлеуметтік және өркениеттік өрлеуге жеткізетін құралға айналдырды. Нәтижеде күркіреп жауған нөсерден кейін қаптап бас көтерген саңырау-құлақтардай Құран нұрымен нұрланған Орта Азиядан шыққан мұсылман ғұламалары ғылымның түрлі салаларында бас көтеріп, көбінің негізін қалаушылардың бірі атанып жатты. Мысалы, әлеуметтану саласында Ибн Жәбир, Ибн Батута, әл-Макри сияқты ғалымдар көзге түсті. Ибн Халдун әлеуметтану ғылымының негізін салып, осы салада «Муқаддима» кітабын жазды. Ал жағрафия ғылым саласына Мұхаммед Ибн Мұса Әл-Харезми «Жердің бейнесі» атты кітабын жазып, осы саланың дамуына өзіндік үлес қосты, ал астрономия ғылымына әл-Баттани мен

²⁹ М.Бұлұтай. Мұсылман қазақ еліміз.- Алматы, Арыс, 2001, 180 бет (94-бетте).

³⁰ Қасиетті Құран аяты. «Жасия» сүресі, 13-аят.

Ибн Юнус сияқты әйгілі мұсылман ғұламалары өздерінің сүбелі үлестерін қосты дей аламыз. Сондай-ақ әл-Хорезми алгебра саласында «Алгебра есептері» кітабын жазса, әр-Рази – алғаш болып қолданбалы медицинаның негізін қалады. Ал химия ғылымының майталмандары қатарына Жабир Ибн Хайян, әр-Рази, әл-Бируни, т.б. сияқты мұсылман ғалымдарын жатқызуға болады. Осы сияқты есімдері барша әлемге танымал, мұсылман жұртшылығының мақтанышы Ибн Сина, әл-Бируни, әл-Харезми, әл-Фараби, Махмұт Қашқари сынды ұлы бабаларымыз адамзат тарихындағы көпшілік бір ауыздан мойындаған ғұлама ғалым, парасатты, үлгілі тұлғалардың бірі ретінде қала бермек.

Есімдерін мақтанышпен тілге тиек етіп отырған бабаларымыздың әлем жұртшылығын мойындататындай ғұлама-ғалым ретінде қалыптасуында қасиетті Құран аяттарының қосқан үлесі мол екені даусыз.

Түйіндеп айтқанда, Орта Азиядағы мұсылман халықтар ішінен шыққан ғұлама-ғалымдар ең баста иман нұрымен нұрлана отырып, ғылым мен өнердің сан түрлі саласында көптеген жаңалықтар ашты.

Қорыта айтқанда,

Байқоңырдан қазақтың төл жер серігін ғарышқа самғатып отырған тәуелсіз Қазақ елі үшін ғылым-білімнің қаншалықты маңызды екені әркімге де аян. Олай болса,

«Білімменен имансыз,

Менің мұнда құным жоқ!

Туған елім – Отаным!

Сенен аяр түгім жоқ!»,³¹ – деп білім мен имандылықты қатар ұстап, халқына адал қызмет ететін, тәуелсіз еліміздің абыройын асқақтататын ұлтжанды азаматтар мен азаматшаларды тәрбиелеп жетілдіруде қасиетті Құран аяттарының берер тағылымы мол деген ойдамыз. Құран – діни һәм дүниелік ғылым-білімнің бастауы, барша адамзат баласын жақсылыққа,

³¹ Палтөре Ы.М (Мақала авторы).

бақытқа жетелейтін «Қасиетті Кітап». Сондықтан Құран аяттарын дұрыс түсіну әрі оны жастарға дұрыс насихаттау біздің басты міндеттеріміздің бірі болып қала бермек.

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ МҰСЫЛМАНДЫҚ ДҮНИЕТАНЫМ³²

Әбу Насыр әл-Фарабидың барлық шығармалары араб тілінде жазылғаны белгілі. Елімізде Әбу Насыр әл-Фарабидың шығармалары тәуелсіздік алғанға дейін діни тұрғыдан ұзақ талдауға түссе, тәуелсіздіктен кейін діни түсініктермен сабақтастырыла зерттеуге, талдау жасауға мүмкіндік туды. Күні бүгінге дейін елімізде Әбу Насыр әл-Фарабидың мұрасын қазақ тіліне аудару, тану, таныту, насихаттау жұмыстары жалғасып келеді.

Әбу Насыр әл-Фарабидың бізге жеткен асыл мұрасында айтылған ой-толғамдар біз өмір сүріп отырған бүгінгі қоғам үшін қажетті екендігі байқалуда. Әсіресе, адам мәселесі, оның құндылығы, жаратылу мақсаты мен өмір сүру салты, қоғамдасып өмір сүруінің қажеттілігі, бейбітшілік пен татулық, өзара түсіністік сияқты тағы басқа маңызды мәселелер бүгінгі күн тәртібінен түспей келеді.

Әбу Насыр әл-Фарабидың біз сөз еткелі отырған «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты шығармасы адамзат баласының әлеуметтік-саяси хал-ақуалына оның іргелі мәселелерін шешуге, қоғамдасу кезіндегі қарым-қатынастың негізін реттеуге арналған философиялық трактат деуге болады.

Әбу Насыр әл-Фараби бұл еңбегін өмірінің соңына қарай жазған. Бұл еңбектің араб тіліндегі атауы «*Мәбәди ара әһл әл-мадина әл-фадилә уа мудада-тиһә*»³³ деп аталады. Бұл еңбек

³² Бұл мақала 2014 жылы «Әл-Фарабидің философиялық мұрасындағы әлем картинасы» серпінді жобасының аясында «Әл-Фараби мұрасы: Әлемнің зияткерлік құрылымы және адам мәселесі» атты халықаралық дөңгелек үстел материалдар жинағында жарияланды. Мақаланы баспаға қайта әзірлеу барысында аздаған қысқартулар мен өзгертулер енгізілгендігін ескертеміз.

³³ Мәбәди ара әһл әл-мадина әл-фадилә уа мудада-тиһә. қолжазба.

қазақ тілді ортада «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» деген атпен танымал.

Әл-Фараби бұл шығармасын Бағдат қаласында бастап, хижраның 331 жылы Дамаск қаласында аяқтағандығын зерттеушілер алға тартуда.

Бұл шығарманы Әбу Насыр әл-Фараби қолға алуының басты себебі автордың өзі өмір сүрген қоғамға көңілі толмағандығымен байланыстыруға негіз бар. Себебі ол қоғам таластартысқа ішкі, діни қайшылықтарға бой алдырған қоғам болатын. Осы орайда, отандық атақты философ ғалым Ә.Нысанбаев пен Ғ.Құрманғалиеваның: «...әл-Фарабидың философиялық жүйесінің пайда болуы қарсаңындағы дәуір ислам әдет-ғұрыптарын сақтаушылар арасындағы белгілі бір түсінбеушілікті білдіретін әртүрлі саяси ағымдар мен конфессиялар (сүнниттер мен шииттер) арасындағы қақтығыс пен араб халифаты қоғамындағы таптық қайшылықты бейнелейтін шиеленіскен, үздіксіз саяси күреске толы болды...»³⁴, – дегені сөзімізді қуаттай түседі.

Әбу Насыр әл-Фарабидың «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты шығармасы негізгі екі бөлімнен тұрады. Біріншісі бөлімде жаратушы Иенің, оның сипаттарын, сондай-ақ күллі әлемнің жаратылуы, оның бастауы, ондағы жаратылғандар, адамзат баласы, адамның нәпсісі, адамзат баласы мен жаратқан Иенің арасындағы елші, пайғамбарлық және оның сипаттары туралы сөз болады. Философиялық тілмен айтқанда, бұл бөлімде физикалық әлем рет-ретімен алғашқы материя, төрт элемент пен материалдар, жансыз денелер, сосын өсімдіктер, жануарлар мен адамзат баласының жаратылысы жайлы баяндалады. Ал екінші бөлімде қайырымды қала, оның ерекшеліктері, тұрғындарының сипаттары, оларды басқаратын басшыға қойылатын талаптар, сондай-ақ осындай үлгілі қалаға керағар болатын надан, пасық қала тұрғындары арасындағы айырмашылықтар жан-жақты талдауға түседі. Осылайша, Әбу

³⁴ Әл-Фараби. II том. 404 б (9-бетте).

Насыр әл-Фараби «...ізгілікті қалаға надан, өнегесіз, өзгеріп отыратын, адасқан қаланы, оңбағандық пен бақытсыздық және т.б. қаласын қарама-қарсы қояды. Бұл қалалардың барлық тұрғындары бақытқа ұмтылмайды, өйткені олар мұның не екендігін білмейді. Ізгілікті емес қалалардағы бақытты әртүрлі түсініктемелер бақыттың ақиқат идеясын бұрмалайды. Алайда, ізгілікті қаланың исламдық контекстін атап өту қажет. Мұндай қаланың өмір сүруі қоғамды реттеуші – дін жағдайында мүмкін болады...»³⁵ деген тұжырым жасайды.

Әбу Насыр әл-Фараби біз сөз етіп отырған шығармасының басында айтқан *әл-Маужуд әл-Аууал* (Алғашқы Болмыс), *Нәфи әш-Шарик анһу тағала* (Оның қандай да бір серігінің болуын жоққа шығару), Оның Бір ғана, Тірі, Мәңгі, Бөлінбейтін, Біртұтас екендігі жайындағы ой-тұжырымдары Құран мәтініндегі Алла тағаланың көркем есімдері мен сипаттарын баяндайтын аяттармен толықтай сай келеді.

Отандық философ ғалым Досай Кенжетай Әбу Насыр әл-Фараби еңбегінде: «...өзін-өзі білетін трансцендентальды «бірінші Болмыс пен Себептен» белгілі жүйе мен тәртіпке сай орналасқан, әлем толығымен пайда болған соң адам жаратылған...»³⁶, – деген өте орынды тұжырымым айтқан. Әлем жаратылғаннан кейін Адаматаның жаратылғанын қасиетті Құран аяттары да баяндайды.

Негізі Құран аяттары аясында адамзат баласының жаратылысы: 1) *тин* (балшық) кезеңі; 2) *нутфә* (жатырда тұратын тамшы) кезеңі; 3) *аләқа* (ұйыған қан) кезеңі; 4) *мудға* (кесек ет) кезеңі; 5) *сүйек және ет* кезеңі; 6) *өзгеріске түскен* (басқа бір) кезеңі; 7) *нәресте* (дүниеге келу) кезеңі; 8) *ер жету, қартаю* кезеңі сияқты бірнеше кезеңдерден тұрады.

Бірақ бұл кезеңдерді баяндайтын Құран аяттары әртүрлі сүрелердің түрлі аяттарында келгендіктен реттілікті табу қиынға

³⁵ Шығыс философиясы. Оқу құралы. - Алматы: Жазушы, 2009.- 480 б (294-бетте).

³⁶ Әл-Фараби. Философиялық-саясаттанулық және рухани-танымдық журнал. – 2012. -№4(40) (16 бетте).

түседі. Дейтұрғанмен, осы кезеңді баяндайтын Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) хадисіне жүгінуге болады. Хадисте: «*Расында Алла тағала Адамды топырақтан жаратты. Сосын оны балиық етті. Кейін оны бейнелеп, жаратып кеуіп, құрғатылған лай болғанша тастап қойды. Сосын оны құмырадай сыңғырлаганша қойып қойды. Сонда Ібіліс келіп: шынында да ұлы бір іс жаратты, - дейтін. Кейін (Алла) оған Өз рухынан үрледі. Сонда рухтың алғаш жүрген жері (Адамның) көзі мен мұрын қуысы болды. (Адам) дереу түшкірді де, «әл-хамду-лилла», - дейді. (оған жауап ретінде Алла) «Сені Алла рахым етсін», - деді»³⁷, – делінеді.*

Әбу Насыр әл-Фарабидың ой-толғамдарындағы рух, жан, тән, нәпсі, ақыл, жүрек ұғымдары да мұсылмандық дүниетанымға негізделген дей аламыз. Сөзімізді дәйектеу үшін Әбу Насыр әл-Фараби біз сөз етіп отырған шығармасының 20-бабында адам нәпсісі жайында сөз еткенде адамның ыстық пен суықты сезуі, ұстау арқылы сезу сияқты маңызды мәселелерді түсіндіре келе, жүректің қызметіне оның басқа дене мүшелерімен қарым-қатынасын сөз етеді. Осылайша адам денесіндегі жүйелі тәртіпті мысал ретінде келтіре отырып, қоғамдағы бағынушы мен басшы арасындағы қарым-қатынасты түсіндіретіндігін алға тартамыз.

Құран мәтінінде әлем және әлемде болып жатқан құбылыстар жайлы ойланып-толғану негізінде жаратқан Иенің бар және Оның бір екендігін жіті түсіну сөзсіз адам ақылына тәуелді болып келеді. Мұндай ақыл Құранда көбіне *жүрек* ұғымымен түсіндіріледі.

Егер саналы қисын (ойлау) шындықтардың бірін дұрыс деп тапса, жүрек дереу оны қабылдап, өз шеңберінің аясына алады. Яғни жүрек оған сенеді. Бірақ жүрек оған толық сеніп, түбегейлі тыныштықта бола алмайды. Саналы қисын көру, есту, ұстау

³⁷ Әбу Шәһәбәһ Мухаммад. Әл-мадхал лидирасатул-Қуранил-Карим. - Эр-Рияд: Дәрул-лиуа, 1987. III том. - 536 б (408-бетте).

сияқты сезімдер арқылы оның шындық екендігін дәлелдеген жағдайда ғана жүрек оған кәміл сеніп, өз ділінің ортасынан орын алуына рұқсат етеді. Егер жүрекке жеткен шындықты саналы қисын сезімдер арқылы оның ақиқаттығын толық айқындап бере алмаса, онда жүрек оған күмәнмен қарап, дұрыс-бұрыстығына көз жеткізе алмай, сенімсіздік таныта бастайды. Бұның себебі – болмыстық жағдайынан емес, науқастық салдарынан болған өз жанарының қандай да бір кемшілігінен болуы ықтимал.

Кейде жүректің басқа *нәпсінің* шеңберлерінен келетін ғашықтық, шаһуат, қорқақтық, сараңдық, асығыстық сияқты сыртқы дерттік әсерлер себебінен шындықтан ұзап кетуі де бек мүмкін. Нәтижеде жүрек дертке шалдығады. Мұндай жағдайда жүректің көз жеткізетін жанарын қалың не жұқа перде басады. Осылайша жүрек жанарын перде басып, оны тұтқындап тұрғанда жаман іс-әрекеттері арта түседі де күнәлары мен Алла тағаланың әмірлеріне бойсұнбаушылықтары көбейе түседі. Бұл бірте-бірте жүректі жаулап, оны толығымен орап алады. Сөйтіп, жүректі, темірге түсетін тат тәрізді, тат басады. Бұл пікірді Құран мәтініндегі: «*Жоқ, бәлкім олардың жүректерін істеген қылықтарының таты басты*»,³⁸ – деген аят қуаттай түседі.

Жүректі тат басу салдарынан ол құлыптаулы тұрған үй іспеттес болып, ізгі амалдар мен һидаят (ақиқат) жолына кілтсіз ашылмайтындай кейіпке енеді. Кейде бұл жағдай насырға шауып, құлыптары мөрленіп, жүрек жанары ешнәрсе көрмейтін толық соқыр болып қалады. Мұндай жағдайда жүрек өз бойындағы жақсылық рухын жоғалтып, өлі, қатып жатқан тастай қатыгез болып шығады. Жүрек осындай жағдайға жеткенде оны қайта тірілтіп, жөнге салу мүмкін болмайтындығы Құран мәтінінде айтылады. Өйткені ол қабірде жатқан естімей-тін, көрмейтін мәйіт кейпіне енген деп теңеледі. Дәлірек айтсақ,

³⁸ Құран Кәрім қазақша мағына және түсінігі. Ауд. Х.Алтай. Алматы, 2000. – 476 б (83:14).

Құранда: «(Ей, Мұхаммед!) Шынында сен өліктерге естірте алмайсың. Әрі бұрылып, қашқан саңырауларға да дауыс естірте алмайсың»,³⁹ – деген мағынадағы аят кездеседі.

Бір сөзбен айтқанда, Әбу Насыр әл-Фараби шығармасындағы жүрек концептісі алдағы уақытта діни мәтіндермен сабақтастырыла қарастырылатын өз алдына зерттеу тақырыбы бола алады деген пікірдеміз.

Әбу Насыр әл-Фараби қайырымды қала тұрғындарының өздеріне лайық басшысы болатыны жайында сөз ете келе, «қайырымды, ізгілікті қала басшысының негізгі сипаттарын талдап түсіндіреді. Бұл шығарманың 18-бабында баяндалады.

Қала басшысының дене бітімі, ақылды әрі ойлау деңгейі жоғары, білімді, жан дүниесі кемшіліксіз толық болуы қажет дегенді айтады. Осы сипаттардың ішінде көбірек білімді болуына назар аудартады. Әбу Насыр әл-Фараби қайырымды қаланы басқаратын басшы ақылды, дана, аса білімді, ойлау қабілеті жоғары, сондай-ақ есте сақтау қабілеті, сөздің астарын түсіне білетін, көргенін, естігенін, айтқанын ұмытпайтын және ғылым-білімге аса құштар, тез қабылдайтын, үйренуден жалықпайтын, өзінің ойын басқаларға нақты жеткізе алатын, сөзге шешен болғаны жөн деп түйіндейді. Бұларға қоса басшының өз шешімінде берік, тұрақты, орындалуы тиіс істі жасауда өзінің бар күш-жігерін сала алатын, қорықпайтын өзіне аса сенімді, өзін төмендететін істерден ұзақ, шындықты және шындықты сөйлеген кісілерді жақсы көретін, өтірікті, көзбояушылықты жақтырмайтын, ондай адамдардан бойын аулақ ұстайтын, жаратылысынан әділдікті жақтайтын, зұлымдық атаулыны жек көретін, сондай-ақ егер бір кісі әділдікке шақырса, оған бойсұнатын, ал егер зұлымдыққа, жамандыққа үгіттесе, оны жек көретін тұлға болуға тиіс дейді.

³⁹ Құран Кәрім қазақша мағына және түсінігі. Ауд. Х.Алтай. Алматы, 2000. – 476 б (27:80)

Әрине, кез келген қоғамда түрлі адамдар болатыны хақ. Адамдар көбіне, бір-бірінен ақыл-ойына қарай ерекшеленеді. Адамзат баласының басым бөлігін нәпсі қалауы жетелейді. Олардың өмірін реттеп жүйелейтін, белгілі тәртіп пен талаптар қоятын жалпы халықтың игілігін ойлайтын, көпшіліктің ауыз-біршілігін ұйымдастырып, оларды басқарып отыратын басшының қажет екені даусыз. Әбу Насыр әл-Фараби қайырымды қала тұрғындарын басқаратын басшының сипаттарын сөз ете келе, қайырымды қалаға кереғар ұғымда адасушы, надан халықты мысал ретінде келтіре отырып, салыстырмалы түрде түсіндіреді.

Әбу Насыр әл-Фарабидың түсіндіруінше, кейде адасушы надан халық зұлымдықтың кереғары болған әділдікті істейтін жағдайға тап болады. Бірақ ол қалыпты өзара түсіністік деңгейінде емес, сырттан келген қандай да бір себеп-салдарға байланысты орын алады дей келе мыналарды айтады.

Біріншіден, егер басқа халықтың алдында әлсіздік танытқанда немесе одан қорыққанда; екіншіден, егер өздігінен сыртқы қарсы күшті жеңе алмағанда, бұл мәселе шешілгенге дейін әділдікті ұстанса да, бірақ кейіннен өз қалпына қайта оралады, яғни зұлымдыққа бой алдырады. Үшіншіден, егер адасушы надан халық алдына қойған мақсат-мүддесіне басқалардың көмегінен жете алмағанда, негізгі мақсатына қол жеткізгенше олармен тату, әділ болады дейді. Түйіндеп айтқанда, адасушы надан халық өзінің бойында қандай да бір әлсіздік, қорқыныш, сырттан күтпеген қарсы күштің келуі, алдына қойған мақсатына жету үшін зұлымдықты тәрк етсе де осы айтылғандар оң шешімін тапқанда олар өздерінен әлсіз халыққа зұлымдық етуін қайта жалғастырады деп сипаттайды.

Міне, осылайша екі қала тұрғындарын салыстырмалы түрде баяндай отырып, бейбіт қоғам құру жолындағы өзінің ой-толғамдарын жеткізеді. Шынында, Әбу Насыр әл-Фарабидың айтқан пікірілері, философиялық тұжырымдары бүгінгі әлеумет үшін тағылымы мол мұра. Осы орайда, біз Әбу Насыр әл-Фарабидың екі нәрсені, яғни қайырымды қала мен надан, пасық

қала тұрғындарын қатар қойып, оларды салыстырмалы түрде түсіндіру тәсілін қасиетті Құран тәсіліне негізделген деген пікірді алға тартамыз. Себебі Әбу Насыр әл-Фарабидың Құран мәтінімен, оның тәсілдерімен жақыннан таныс болғаны талас тудырмайды. Құран мәтінінде халал-харам, жақсылық пен жамандық, дос пен дұшпан, имандылық пен күпірлік, шындық пен өтірік, жұмақ пен тозақ, осы дүние мен о дүние сияқты тағы басқа көптеген салыстырмалы ұғымдар жан-жақты талдауға түседі. Мұның пайдасы мен зияны адамзат баласына үлгі-өнеге ретінде ұсынылады.

Қорыта айтқанда, Әбу Насыр әл-Фарабидың «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты шығармасында қоғамдағы тұрғындардың хал-жағдайын реттеу, бағынушы мен басшы арасындағы қарым-қатынастар діни түсініктер аясында түсіндіріледі. Айтылған ой-тұжырымдардың бәрі де адам мәселесі төңірегінде тоғысып, Құран және хадис мәтіндерімен ұштасатын идеялармен өріледі. Әрине, бұл Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың мұсылмандық дүниетанымды берік ұстанған көрнекті тұлға екендігіне дәйек бола алады.

Алдағы уақытта қазақ тілді оқырманға, әсіресе, жастарға Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың асыл мұраларын Құран және хадис мәтіндері аясында тереңірек ғылыми талдау жасап түсіндіріп беруді қажет ететіндігі ақиқат.

МҰСЫЛМАНДЫҚ ДҮНИЕТАНЫМНЫҢ ТҮРКІ ӘДЕБИЕТІНЕ ЫҚПАЛЫ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША ШОЛУ⁴⁰

Құран аяттары атақты шығыс классиктері мен ойшылдарының шығармаларына айтарлықтай ықпал етті. Шығармаларының тақырыптарына арқау болды. Құран мәтіні араб, парсы поэзиясының жаңа бағытта қалыптасуына негіз салды. Тарих беттеріне үңілсек, Құран аяттары түсу арқылы араб поэзиясында бұрын-соңды болмаған жаңа тәсілдің пайда болғанын көреміз. Алғашында арабтар Құран аяттарын өлең не қара сөзге қоса алмай, әуре болған-ды. Себебі Құран аяттарындағы өзіндік ұйқас, оқылу кезінде аяттардың құлаққа жағымды жарасымдылыққа, жарасымдылық пен мәнерлілікке құрылуы, дауыс толассының, сөз бен сөз тіркестері жігінің бір-бірімен қабысып отыруы таңғалдырды. Сондықтан оны прозаға, қара сөзге жатқыза алмады. Поэзия, өлең шумағы ретінде қарау да тура келмеді. Өйткені Құран аяттары тыңдаушының құлағын елең еткізбей-ақ, өлең шумағынан қара сөзге, қара сөзден өлең шумағына білдіртпей-ақ өтіп кетуімен ерекшеленді. Міне, сондықтан арабтар мұны өлеңге де, қара сөзге де жатқыза алмай, сол қалпында Жаратқанның сөзі, қасиетті Құран мәтіні ретінде қабылдады.

Құранды Жаратқанның сөзі ретінде қабылдамай, қарсылық танытқан топ та, Мұхаммед пайғамбарды (с.ғ.с.): «*ақылынан адасқан ақын, сиқыршы*», – деп, жала жапқандар да болды⁴¹.

Бұған жауап ретінде Алла тағала: «*...Біз оған (Мұхаммедке (с.ғ.с.) өлең үйретпедік әрі оған ол лайық емес. Ол бір үгіт және ашық Құран ғана*»,⁴² – деді.

⁴⁰ Бұл мақала дәл осы тақырыпта бұрын жарияланған емес. Бірақ бұл мақаланың негізгі мазмұны автордың докторлық диссертациясынан алынып ықшамдалып беріліп отыр.

⁴¹ Осы тақырыпқа қатысты Құранның 21:5-, 27:36-, 52:30-аяттарына қарауға болады.

Қарсылық білдіріп, күдікпен қарағандарға: «...егер құлымызға (Мұхаммедке (с.ғ.с.)) түсіргенімізден күдіктенсеңдер, онда сендер де соған ұқсаған бір сүре келтіріңдер. Алладан өзге көмекиілеріңді де шақырыңдар, егер сөздерің рас болса. Егер мұны істей алмасаңдар (егер қазір келтіре алмасаңдар, онда келешекте), сірә, істей алмайсыңдар...»,⁴³ – деген еді.

Күн өткен сайын Құран мәтінінің адамзат баласының сөзі еместігі мойындалып, араб тілді халық арасында, тіпті, ислам дінін қабылдаған өзге де халықтар арасында да кең таралып, құндылығы арта түсті. Біртіндеп Құранды және оның насихаттаушысы – Мұхаммед пайғамбарды (с.ғ.с.) дәріптеуге көшті.

Шығыстанушы ғалым И.М.Фильштинский: «...Құран соңғы араб әдебиетінің баршасына да ерекше ықпал етті. Ол – мұсылмандық құдайшылдық трактаттары ғана емес, сондай-ақ ортағасырлық көркем шығармалар да Құраннан алынған үзінділер мен Құрани реминисценцияларға толы әрі Құран рухы сіңген...»,⁴⁴ – десе, өзбекстандық ғалым Х.Кароматов: «...Ислам дінін қабылдаған халықтардың тарихы өзгергенімен, Құран мәтіні өзгермеді. Құран мәтіні уақыт пен мекенмен үндесіп, әр халықтың дамуының белгілі бір кезеңдерінде одан ұдайы пайдаланып отырған. Сондай-ақ Құрани дүниелерді әдеби шығармаларға алып келген. Осылайша, ұлттық әдебиеттің Құран мәтінімен синтезденуі арқылы көркем әрі діни-дидактикалық шығармалар пайда болды»,⁴⁵ – деп ой түйеді.

Шынында да, ислам дінін алғашқылардың қатарында қабылдаған түркі халықтары да Құран және хадис мәтіндеріне аса құрметпен қарап, діндерінің қайнаркөзі деп білді. Айтқан сөзіне, өз пікіріне ең күшті дәйек, дәлел ретінде Құран және хадис мәтіндерінен үзінділер келтірді. Сондай-ақ қисса-дастандарда,

⁴² Қасиетті Құран аяты, (36:69).

⁴³ Қасиетті Құран аяты, (2:23-24).

⁴⁴ Фильштинский И.М. Арабская литература в средние века. – М.: Наука, 1978. – 256 с (32-бетте).

⁴⁵ Кароматов Х. Құран ва узбек адабиаты. – Тошкент: Фан, 1993. – 96 б (6-бетте).

хикая-әңгімелерде Құран және хадис мәтіндеріне негізделген мазмұн желісі астарласып, араласып жатты⁴⁶.

Расында да, «...мұсылман дініндегі түркі халықтары әдебиетінде діни мазмұндағы, әйткенмен еркін жазылған хикаялар аз кездеспейді»⁴⁷.

Осы орайда, жалпы түркі әдебиеті ислам дініне қатысты бірнеше тарихи кезеңдерге бөлініп қарастырылатындығын да еске салған жөн. Мысалы, түркі халықтарының тарихын зерттеген италияндық ғалым А.Бомбачи түркі әдебиетін ислам дінімен байланыстыра, оны: «...исламнан алдыңғы және исламнан кейінгі кезең»⁴⁸ деп бөліп қарастырса, түркиялық ғалымдар түрік әдебиетінің кезеңдерін:

1) исламнан алдыңғы түрік әдебиеті;

2) ислами дәуірдегі түрік әдебиеті;

3) Еуропа ықпалында дамыған түрік әдебиеті,⁴⁹ – деп үш кезеңге жіктейді.

Түркілер ислам дінін қабылдау арқылы тұрмыс-тіршілігінде үлкен өзгерістерге жол ашты. Ішкі жан дүниесі, жүрегі бір Аллаға деген иманмен орнығып, рухани тұрғыдан байып, өзінде, сөзінде, рухани құндылықтарында, жалпы әдебиеті мен мәдениетінің сан қырынан көрініс таба бастады. Орта ғасырдағы қазақ даласында ислами әдебиеттің туу-қалыптасу жайын зерттеп жүрген ғалым Қыдыр Төрәлі: «...Дінді қабылдау арқылы түркі халықтары бұрынғы сенімін ғана ауыстырып қойған жоқ, сонымен қатар өздерінің болашақ мәдениеті мен әдебиетіне де жаңа өзгерістер алып келді. Ислам дінімен бірге түркілік әдебиетте жаңа бағыт, қуатты серпіліс пайда болғаны белгілі...»,⁵⁰ – дей келе, ортағасырлық әдеби мұраларды:

⁴⁶ Біз бұл туралы келесі тақырыптарда сөз ететін боламыз.

⁴⁷ Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б (31-бетте).

⁴⁸ Зарубежная тюркология. – М.: Наука, 1986. – Т.1. – 284 с (185-бетте).

⁴⁹ Dr Faruk Demirdağ. Osmanli tukcesine giriş. C1. Istanbul. Istanbul universitesi yayinlari, 1994, s.408 (96-бетте).

⁵⁰ Қыдыр Т.Е. Орта ғасырдағы қазақ даласында ислами әдебиеттің тууы және қалыптасуы (XI-XII ғғ.): филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2005. – 145 б (13-бетте).

- 1) дәстүрлі ислами әдебиет;
- 2) ислами астар алған әдебиет;
- 3) сопылық әдебиет;
- 4) сопылық астар алған әдебиет,⁵¹ – деп төрт кезеңге бөледі.

Ал профессор Н.Келімбетов «Қазақ әдебиетінің бастаулары» атты еңбегінде: «Орта Азия мен қыпшақ даласына ислам діні келуінің өзі әдебиет әлеміне мүлдем жаңа бағыт-бағдарлама бергендей болды. Енді көркемсөз өнерінде адамгершілік, жеке адамдардың өзара қарым-қатынас нормалары, мораль, этика тағы басқа мәселелерді ислам діні тұрғысынан түсіндіру, уағыздау қажет еді. Міне, бұл жайттардың бәрі өмірге дидактикалық сарындағы әдебиеттің келуіне себепші болды»,⁵² – деген ой айтады.

Осындай дидактикалық сарында жазылған көркемсөз туындыларының ең озық үлгілеріне Ж.Баласағұнның «Құдатғу білік», А.Иүгінекидің «Ақиқат сыйы» сияқты ортағасырлық құнды еңбектер жататыны баршаға белгілі. Осы орайда, аты аталған еңбектерге қысқаша тоқталсақ, Ж.Баласағұнның дастаны – орта ғасырдағы түркі тілдес халықтардың тарихы, салт-санасы, саяси хал-ахуалы, ғылым-білімі, әдет-ғұрпы мен мәдениеті, сенім-нанымы сияқты тағы басқа аса маңызды әрі құнды мағлұматтар беретін көркем шығарма. Көбіне, мұны әлеуметтік-философиялық бағытта жазылған трактат, сондай-ақ түркі халықтарының алғашқы поэзиялық жазба кітабы дейді. Ж.Баласағұнның өзі де:

«...*Кітаптар көп арабша да, тәжікше,*

*Біздің тілде бұл – жалғыз-ақ әзірше...»,*⁵³ – деп, түрік тілінде жазылған алғашқы шығарма екендігін ескертеді.

⁵¹ Қыдыр Т.Е. Орта ғасырдағы қазақ даласында ислами әдебиеттің тууы және қалыптасуы (XI-XII ғғ.): филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2005. – 145 б (53-бетте).

⁵² Келімбетов Н. Қазақ әдебиеті бастаулары (Көркемдік дәстүр жалғастығы). Зерттеу. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 256 б (144-145-беттерде).

⁵³ Баласағұн Ж. Құтты білік / аударған А.Егеубаев. – Алматы: Жазушы, 1986. – 616 б (15-бетте).

Осы арада орыс зерттеушісі А.Кононовтың Ж.Баласағұнның «Құдатғу білік» шығармасы мұсылман идеологиясына негізделген және осы идеологияны насихаттайтын түркі тіліндегі ең алғашқы шығарма⁵⁴ деген пікірін келтіруге болады.

Жалпы бұл дастанда ел болу, оны басқару мәселесі, мемлекетті күшейтіп, гүлдендірудің басты тетіктері көркем тілмен, таным тереңдігімен жан-жақты баяндалады.

Отандық профессор Н.Келімбетов Жүсіп Баласағұнның шығармасы туралы сөз ете келе, бұл «...дастанның басты идеясы төрт принципке негізделіп жазылған. Біріншісі – мемлекетті дұрыс басқару үшін қара қылды нақ жаратындай әділ заңның болуы. Автор әділдіктің бейнесі ретінде Күнтуды патшаны көрсетеді.

Екінші, бақ-дәулет, яғни елге құт қонсын деген тілек. Бақ-дәулет мәселесі дастанда патшаның уәзірі Айтолды бейнесі арқылы жырға қосылған.

Үшіншісі, ақыл-парасат. Ақыл-парасаттың қоғамдық рөлі уәзірдің баласы Ұғдулміш бейнесінде жырланады.

Төртіншісі, қанағат-ынсап мәселесі. Бұл мәселе дастанда уәзірдің туысы, дәруіш Одгурміш бейнесі арқылы әңгіме болады.

Композициялық құрылысы жағынан дастан 6520 бәйіттен (екі жолдық өлең) тұрады. Бұл – 13.000 өлең жолы деген сөз. Соның бәрі 85 тарауға бөлініп берілген»,⁵⁵ – деп, өз пікірін тұжырымдайды.

Ал енді кей деректерде дастанның көлемі 6645 бәйіттен (13290 өлең жолынан) тұратыны дәйектеледі.⁵⁶

⁵⁴ Кононов А.Н. Поэма Юсуфа Баласагунского «Благодатное знание». М.: Наука, 1983. 536 с (506-бетте).

⁵⁵ Келімбетов Н. Қазақ әдебиеті бастаулары (Көркемдік дәстүр жалғастығы). Зерттеу. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 256 б (151-бетте).

⁵⁶ Kutadgu Bilig. Yusuf Has Hacip. Hazırlayan Yaşar Çagbayır. – Ankara: Türkiye Diyanet vakfı yayınları, 2012. – Serisi. 12 (XIII бетте).

Негізі Жүсіп Баласағұн өз шығармасының алғашқы тарауын ең алдымен, рақымды Алланың атымен бастап, Оның бір ғана аса күдіретті Жаратушы екендігін, Оның ешбір мұң-мұқтажы жоқ, дара, мәңгі тірі Ие екендігін өлеңге қосып, оған сыйынған күйде бастайды. Мұның бәрі Құран мәтінімен мазмұндас, мәндес жатыр. Сөзімізге дәйек ретінде бір-екі мысалы келтірсек, 4-бәйітте:

*«Қалады да жаратты бар болмысты,
«Бол» – деді де, бірден бәрін болғызды»,* – дейді.

Бұл Құрандағы: «Расында Ол (Алла) қандай да бір істің болуын қаласа, Оның бұйрығы оған «Бол!» – деу ғана, сонда ол дереу бола қалады»⁵⁷, – деген аятқа негізделіп айтылса, 5-бәйіттегі:

*«Жаралғанның бәрі мұңлық, мұңы көп,
Ием ғана Жалғыз, шері, мұңы жоқ»,* – дегені Құрандағы «Ықылас» сүресінің «Айт: Ол Алла біреу-ақ. Алла мұңсыз. (Әр нәрсе Оған мұқтаж.)»,⁵⁸ - деген аятқа, ал 7-бәйіттегі:

«Ұлылық – Сен, серігі жоқ жалғызсың,

Жаратушым, жоқ Өзіңмен түсер тең», - дегені Құрандағы: «...Әрі Оған ешкім тең емес»,⁵⁹ - деген аятқа негізделгені шәк туғызбайды.

Ж.Баласағұн дастанының екінші тарауын толығымен Мұхаммед пайғамбарға (с.ғ.с.) арнайды. Нақтырақ айтсақ, 34-бәйітте:

*«Рахымды ием пайғамбарын жіберді,
Кісі ізгісі, ел сарасы жігерлі»,* – десе, 35-бәйітте:

«Түнек түнде шамы болды халықтың,

Саған, жұртқа нұрын шашты ол жарықтың!», – дейді. Ал 36-бәйітте:

«Ол Алланың жаршысы, ерім білгейсің,

Сен содан соң тура жолға кіргейсің», – дей келе, 46-бәйітте:

⁵⁷ Қасиетті Құран аяты, (36:82)

⁵⁸ Қасиетті Құран аяты, (112: 1-2)

⁵⁹ Қасиетті Құран аяты, (112: 4)

*«Пейіл бұрдым енді оның жолына,
Сүйдім сөзін, сендім ділі оңына»,* – дейді. Ал 47-бәйітте:
*«Иә, иләһім! Қорғап менің көңілімді,
Қияметте пайғамбармен бір еткін!»* – дейді.

Қысқаша айтқанда, Ж.Баласағұнның «Құдатғу білік» дастанында айтылған ой-пікірлерінің басым көпшілігі Құран және хадис мәтіндеріне негізделеді. Құран және хадис мәтіндерімен мазмұндас болатын бәйіттерді бірінен соң бірін келтіре беруге болады. Тіпті, мұны әр бәйіттен кездестіреміз. Біздің бұл пікіріміздің растығын түркиялық зерттеуші ғалым Йашар Чағбайырдың (Yaşar Çagbayır) Құдатғу біліктегі «...әрбір бәйіт үшін Құраннан аяттар және әл-Кутубус-сумтадан (пайғамбар хадистері жинақталған алты кітаптан) хадистерді тауып жазуға болады»,⁶⁰ – деген сөздері қуаттай түседі.

Түйінді сөз ретінде біз Ж.Баласағұнның «Құдатғу білік» дастанының бір жағы түркі дүниесіне, ал екінші жағы Құран және хадис мәтіндеріне барып тірелетіндігін алға тартамыз. Сондай-ақ Ж.Баласағұнның «Құдатғу білік» дастаны ақыл мен білімді ең жоғарғы қасиет ретінде паш ететіндігімен ерекшеленеді дей аламыз.

Жүсіп Баласағұнның дастаны іспеттес дидактикалық сарында жазылған тағы бір шығарма – Ахмед Иүгінекидің «Ақиқат сыйы» дастаны дей аламыз. «...Бұл дастан өзінің көтерген тақырыбы мен идеялық мазмұны жағынан ақын өмір сүрген қоғамдағы моральдық ұғымдар мен мінез-құлық нормаларының жиынтығы болып келеді.

Адам қалай өмір сүру керек? Ақын осы сауалға өзінше жауап іздеп, дидактикалық сарында оқушысына өсиет-уағыз айтады. Мәселен, шығарманың авторы оқушысына: адам адал өмір сүруі тиіс, сараң болмауы керек, жомартжанды, білімді кісіні қадірлеу қажет, жақсыдан – шапағат, жаманнан – кесепат

⁶⁰ Kutadgu Bilig. Yusuf Has Hacıp. Hazırlayan Yaşar Çagbayır. – Ankara: Türkiye Diyanet vakfı yayınları, 2012. – serisi. 12 (15-бетте)

деген сияқты ғибрат айтады».⁶¹ Бұл айтылғандардың бәрі де Құран және хадис мәтіндерінен бастау алады. Мысалы, осы дастанда білім жайлы:

«Айтайын білім жайын, құнты бар бол,

Ей, досым! Білімдіге ынтызар бол...

Білімді – алтын көзі ашылатын,

Надан жан – қара бақыр шашылатын.

*Білімсіз тең бола ма білімдімен...»,*⁶² – делінсе,

Құран мәтінінде: «...Оларға: «Білгендер мен білмегендер тең бола ма?» – де»⁶³ деген мағынадағы аят кездеседі. Осы сияқты мұнан басқа да Құран аяттарының мән-мазмұнымен сабақтасын өлең жолдарын бірінен соң бірін келтіре беруге болады. Алдағы уақытта біз бұл туралы арнайы сөз ететін боламыз.

Қорытынды сөз ретінде айтарымыз, жоғарыда аты аталған шығармалардың қағаз бетіне түсуіне ислам дінінің, мұсылмандық дүниетанымның айтарлықтай өзіндік үлесі болғаны ешбір талас тудырмайтын мәселе.

⁶¹ Келімбетов Н. Қазақ әдебиеті бастаулары (Көркемдік дәстүр жалғастығы). Зерттеу.

– Алматы: Ана тілі, 1998. – 256 б (168-бетте)

⁶² Келімбетов Н. Қазақ әдебиеті бастаулары (Көркемдік дәстүр жалғастығы). Зерттеу.

– Алматы: Ана тілі, 1998. – 256 б (169-бетте)

⁶³ Қасиетті Құран аяты (39:9)

МАХМҰТ ҚАШҚАРИ ДҮНИЕТАНЫМЫ ҚҰРАН ЖӘНЕ ХАДИС МӘТІНДЕРІ АЯСЫНДА⁶⁴

Махмұт ибнул Хусайын ибн Мухаммад әл-Қашқари түркі халықтарының тұңғыш филологы, ежелгі түркі ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, саралап, зерттеуші әрі оны қағаз бетіне түсіру арқылы келер ұрпаққа аманат еткен бірегей тұлға, сондай-ақ ол түркі халықтарының бәріне ортақ ортағасырлық танымал түркі ғалымдардың бірі.

Махмұт Қашқари сияқты түркі халықтарына ортақ, тарихи тұлғаның келбетін айқындау – олардың дүниетанымына талдау жасау арқылы өсіп келе жатқан жас буынға оларды үлгі-өнеге ете білу біздің негізгі міндеттеріміздің бірі.

Профессор Аманжол Қасабек: «...адам болмысының өркеніетті аспектілерін айғақтау және оны философия тарихы тұрғысынан әспеттеу үшін көлеңкеде қалып қойған ойшылдардың еңбектерін зерделеп, ғылыми өріске жегу міндеті зор. Осы жолда ұлы да мәңгілік дүниетанымдық идеяларды жан-жақты зерттеу қажет...»,⁶⁵ – деген болатын.

Осы шағын мақаланың кіріспесі ретінде Махмұт Қашқари дүниетанымының бастауы өз отбасында көрген тәлім-тәрбиесімен, өмір сүрген ғасырдағы әлеуметтік-мәдени, діни ортаның деңгейімен өлшенетіндігін алға тартамыз.

Профессор Б.К.Қожамберлиев «...адам бұл дүниеде жай өмір сүріп қана қоймайды, сонымен бірге өзін-өзі тану арқылы жеке өмірінде өзіне есеп береді. Адам фактілерді жеке ойлаудан өзіне өмір игілігінің тірі көрінісін жасайды және осы көрініс

⁶⁴ Бұл мақала әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршы. Шығыстану сериясы, №3 (69), 2014 жылғы санында жарияланған. Мақаланы қайта баспаға әзірлеуде аздаған түзетулер мен толықтырулар енгізілгендігін ескертеміз.

⁶⁵ Қасабек А. Қадырғали Жалайыр дүниетанымы. – Алматы, 1999 (37-бетте).

тұрғысынан өзінің дүниедегі шын мәніндегі жағдайын бағалайды және өзінің шығармашылық іс-әрекетін анықтайды»,⁶⁶ - дейді. Олай болса, Махмұт Қашқари туып-өскен, дүниетанымын қалыптастырған әрі бүкіл түркі халықтарына ортақ «Диуани лұғат әт-түрік» энциклопедиялық сөздігін жазуға ынталандырған қандай қоғам еді? деген сұраққа жауап іздеуден бастасақ, «...М. Қашқари дүниеге келген Қарахан Мемлекеттік бірлестігі араб халифатының гүлденген дәуірі өткеннен соң пайда болған...»⁶⁷.

X-XII ғасырларда осы Қарахан мемлекеті билік құрып тұрғанда сәулет өнері жан-жақты дамып, зор табыстарға қол жеткізді. Сол кездері Жетісу өңірі мен Сырдария алқаптарында бой көтерген Аяққамыр, Айша бибі, Алашахан күмбезі сияқты тағы басқа көптеген сәулет туындыларында ою-өрнектің сан алуан нақыштары, күмбез бен тастарда араб қарпімен жазылған жазулардың кездесуі Қарахан мемлекеті дәуіріндегі өнердің озық үлгілері болғандығын, онда ислам өркениетінің толық орныққанының бұлтартпас дәлелі болап алады. Осы тарихи кезеңде Самарқан мен Бұхар қалалары батыс иеліктердегі, ал Қашқар мен Баласағұн қалалары шығыс иеліктердің ірі мәдени орталығы бола білді. Қашқар қаласы ерте кезде будда, манихей мәдениетінің орталығы болса, Қарахандар дәуірінде ислам мәдениетінің құт бесігіне айналды. Осы Қашқар (ҚХР, Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданындағы) қаласына Махмұт Қашқаридың «...әкесі әскери қызмет бабымен біржолата көшіп келуіне байланысты, ғұлама бүкіл саналы ғұмырын түркі халықтарының екінші ордасы – Қашқар қаласында өткізген...»,⁶⁸ - деген пікір айтылады.

⁶⁶ Қожамберлиев Б.К. Адамның әлеуметтік және рухани болмысы. Әл-Фараби философиялық саясаттанулық және рухани-танымдық журналы. 4(4)2003ж (151-бетте).

⁶⁷ Қ.Әлжан. М.Қашқари кеңістігі және оның дүниетанымдық бағдарлары. -Алматы, 2005 жыл (8-бетте).

⁶⁸ Қашқари Махмуд. Түбі бір түркі тілі («Диуани лұғат әт-турк») – Алматы: Ана тілі, 1993, -(7-бетте).

Негізі Махмұт Қашқаридың әкесі мен ата-бабасы XI ғасырдағы Жетісу өлкесінің ірі мәдени орталықтарының бірі саналған Барсаған қаласының тұрғыны болғаны туралы да деректер бар.

Қарахан мемлекетінің идеологиялық негізі – ислам дінімен тығыз байланыста болғандығы бүгінде дау туғызбайды. Ислам дінінің қайнар бұлағы саналатын қасиетті Құран – адам баласын жан-жақты дамытатын, рухани байытатын, екі дүниені тең ұстауға үндейтін, ұлт пен ұлысты, халық пен билікті әділдік аясында бір-біріне жақындататын әрі мемлекеттің уығын мықтап, өркендеуге, дамуға жол ашатын Құдай тағала тарапынан келген жетік әрі кәміл тәрбие бастауы деп түсіндірілетіні белгілі. Бұған дәлел ретінде ортағасырлық мұсылман ғалымдардың ғылымның түрлі салаларында, нақтырақ айтқанда, тіл, дін, экономика, әлеуметтану, философия, психология, астрономия, медицина, химия, физика, математика, логика, музыка сияқты салаларда көшбасшы бола білгені алға тартылуда.

Тарихи деректерге сүйенсек, Қарахан мемлекетінің қол астына кірген ұлан-байтақ жердің тұрғылықты халықтары діни, әлеуметтік-мәдени жаңғыруы сауда-саттықтың жандануымен, ислам дінінің қолданысқа ене бастауымен сабақтасып, араласып жатқандығын аңғарамыз. Ол кездегі қолайлы жағдай түркі тайпаларының ғылым-білімге бет бұрып, ғылымның түрлі салаларында көптеген қайталанбас дара тұлғалардың шығуына елеулі ықпал еткені ақиқат. Мұндай жағдай ислам дінін ұстанған түркілерге жаратқан Иенің берген бір сыйы болатын. Осы ойды қуаттау үшін ғұламаның «Диуани лұғат әт-түрік» энциклопедиялық сөздігіне жүгінсек, М.Қашқаридың: «...Мен тәңірдің дәулет ұясын түріктер бұржысында жаратқандығын және ғарышты солардың заманы үстінде айналдырғанын көрдім. Тәңірі оларды «Түрік» деп атады және оларды мемлекетке еге қылды; Заманымыздың хақандарын түріктерден шығарып, дәуір, халықтың ақыл-ерік тізгінін солардың қолдарына ұстат-ты; оларды адамдарға бас қылды; хақ істерде соларды қолда-ды; олармен бірге күрескендерді әзіз қылды әрі түріктер ішінен

оларды бариша тілектеріне жеткізіп, жамандардан, зұлымдардан қорғады. Түріктердің оқтарынан сақтану үшін, олардың жолын берік тұту әрбір ақыл иесіне лайықты уа парыз іске айналды»,⁶⁹ – деп жазып қалдырғанына куә боламыз.

Махмұт Қашқари да осы түркі тайпаларының ішіндегі тілі өткір, зерек әрі ең білгірі, ежелгі асыл тайпаларынан шыққан азамат ретінде түркі тілінің сақталып қалуына сүбелі үлес қосқан тұлға.

М.Қашқаридің «Диуани лұғат әт-түрік» шығармасынан түркі тайпаларының тілі, ру-тайпалары, таңбалық белгілері, мекен-қоныстары, мақал-мәтелдері, бір сөзбен айтқанда, сол кездегі түркі тайпаларының дүниетанымы мен сенім-нанымы, поэзиясы мен фольклоры, тарихы мен географиясы тіпті, этнографиясына қатысты көптеген мағлұматтарды кездестіруге болады. Бұл шығарма бізге орта ғасырдағы түркі халықтарының дүниетанымы, тілі мен ділі, салт-санасы, әдет-ғұрыптары жайында мәліметтер алуға мүмкіндік береді. Жалпы қай халықтың болса да сөйлеу тілі – көп саланы қамтиды. Бұл пікірді академик Ә.Қайдаров: «Әрбір халықтың тілі – тек қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар рухани болмысы мен мәдени байлығының күзгері барлық болмысы мен өмір тіршілігін, дүниетанымы мен әдет-ғұрпын бойына сіңіріп, ата мұрасын, асыл қазынасы ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, отыратын қасиеті бар»,⁷⁰ - деп тұжырымдаса, көрнекті ғалым С.Аманжолов: «...сөз, сөйлем ойдың көрінісі, суреті болғандықтан, сөздер, сөйлемдер адамның ой-санасының тарихын, ізін, жолын көрсететін деректер...»,⁷¹ - деген болатын.

⁶⁹ Махмұт Қашқари. Түркі сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрік): 3 томдық шығармалар жинағы / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. - Алматы: ХАНТ, 1997. 1-том, (30-бетте).

⁷⁰ Қайдаров Ә. Қазақ тілінің тарихи лексикологиясы: проблемалары мен міндеттері. // Қазақ тілінің тарихи лексикологиясының мәселелері. – Алматы, Ғылым, 1988 (34-бетте).

⁷¹ Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері – Алматы: Ғылым, 2002.– (301-бетте).

Зерттеуші Қ.Әлжан: «...Қашқаридың дүниетанымдық көзқарасы әдеби-тілдік зерттеулерге арқау болған номад түркілерінің далалық лирикасында, түркі тілдес халықтардың классикалық поэзиясында, халық даналығының бай інжу-маржандарында, ежелгі түркілердің ауыз әдебиеті нұсқаларында, мақал-мәтелдері мен бәйіттерінде көрініс тапқан түркі мәдени дәстүрінен негіз алады»,⁷² – деген пікір айтады.

Егер біз Махмұт Қашқари шығармасына үңілсек, оның сана-сезімінде, жүрегінде бір жаратушы Иеге деген сенімнің барлығы байқалады. Бір ғана дәлел М.Қашқари өз шығармасын жазу мақсаты мен оның атауы туралы: «...*Мен бұл кітабымды Алладан медет сұрай отырып, өшпеспей естелік әрі таусылмастай қазына болсын деп «Диуан лугат әт-түрік» («Түркі тілдері-нің жинағы») деп атадым*»,⁷³ – деп өз сөзін Алланың атымен бастап, Одан көмек сұрай отырып, қолына қалам ұстағаны көп нәрсені аңғартады. Негізі бұл өте маңызды мәселе. Өйткені әлемдегі жаратылыстың, жер мен көктің арасындағы барлық жанды-жансыз заттарға көз сала отырып, ой жүгірту арқылы осының бәріне белгілі бір тәртіп пен жүйе қойып, жылдың төрт мезгілін ауыстырып отыруын бір жаратушы Иеден деп білу, оған шүбәсіз сену әрбір адамның қоғамдағы өз орнын дұрыс табуға ықпал етеді. Жаратушыны бір деп тану да ислам діні талап ететін ең басты негіздердің бірі екені көпшілікке аян.

Махмұт Қашқари «Диуану лұғат әт-түрік» атты шығармасында қасиетті Құран аяттарынан, Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) хадистерінен үзінділерді қажетіне қарай келтіріп отыруы оның шығармасына діни дүниетанымдық тұрғыдан да талдау жасауды қажет ететіндігін аңғартады. Себебі Махмұт Қашқари

⁷² Қ.Әлжан. М.Қашқари кеңістігі және оның дүниетанымдық бағдарлары. Алматы, 2005 (16-бетте).

⁷³ Қашқари Махмуд. Түбі бір түркі тілі («Диуани лұғат ит-турк») – Алматы, «Ана тілі», 1993. М.Қашқари. Диуан лұғатут турк еңбегі (محمود بن الحسين الكاشغري. كتاب ديوان لغات الترك қолжазбасының көшірмесі) Tıpkıbası/facsimile. Kültür Bakanlığı.- Ankara, 1990 (2-бетте).

шығармасында қасиетті Құранды оқығанда қалай оқу керектігін, кейбір кісілердің Құран сөздерін дұрыс түсіне алмай қалып, күнәкар болмауы үшін дұрыстап, көркем түрде жатық тілмен оқитын тұстары да бар екендігін де түсіндіреді.⁷⁴

Бұған қоса, тағы бір көңіл аударатын мәселе – Махмұт Қашқари еңбегінде кейде Құран аяттары мен пайғамбар хадистері түпнұсқа мәтінде берілсе, енді бірде түпнұсқа айтылмай ол интерпретацияланып, тек аяттардың мән-мазмұны ғана беріледі. Мысалы,

*«Алла соққан бұ ғалам,
Шыр айналып дөңгелер...»,
«Алла аспанды жаратты,
Ақық сеуіп таратты,
«Таразыны» бар етті,
Күнді аударып, түн келер...»,⁷⁵ – дейді.*

Осы өлең жолдары Құрандағы: *«...Сондай-ақ күн белгіленген көлемінде жүреді (айналады). Міне, осы аса үстем, әр нәрсені білуші Алланың өлшеуі...»⁷⁶, «...Көрмедің бе? Расында Алла, түнді күндізге қосып, күндізді түнге қосады. Сондай-ақ күн мен айды бағындырды. Барлығы белгілі бір мерзімге дейін жүреді (өз осінде айналады)»,⁷⁷ «...Алланың көктер мен жерді шындық бойынша жаратқанын көрмедің бе?»,⁷⁸ «...Алла көктер мен жерді жаратып, аспаннан жаңбыр жаудырып, сол арқылы сендерге ризық үшін өнімдерді шығарды...»,⁷⁹ «...Рас дүние көгін жұлдыздармен безендірдік...»,⁸⁰ «...Аса қамқор Алла. Құранды үйретті. Адамзатты жаратты. Оған сөйлеуді үйретті. Күн мен ай есеппен жүреді (айналады). Өсімдік, (жұлдыз), ағаш Оған бас иеді. Ол, аспанды биіктетіп, оған тең бір өлшеу*

⁷⁴ Қашқари М. Түрк сөздігі. – Алматы: ХАНТ, 1997. Т.1. 393; (407-бетте).

⁷⁵ Он ғасыр жырлайды. Алматы, 2006 (107-бетте).

⁷⁶ Қасиетті Құран аяты (36:38)

⁷⁷ Қасиетті Құран аяты. (31:29)

⁷⁸ Қасиетті Құран аяты (14:19)

⁷⁹ Қасиетті Құран аяты (14:32)

⁸⁰ Қасиетті Құран аяты (37:6)

(таразы) қойды...»,⁸¹ – деген мағынадағы аяттармен үндесіп, олардың мән-мазмұнымен сабақтасып жатқаны талас тудырмайды. Осы сияқты:

*«Аттың түйіп құйрығын,
Тәңірдің күтіп бұйрығын...»⁸²,
«...Бір Иемді мақтаймын,
Білім жинап сақтаймын...»⁸³,
«Атымен тәңірімнің білім жидым,
Өмірдің көңіліме сырын түйдім...»,⁸⁴ – деуі де толықтай*

Құран және хадис мәтіндерінің мән-мазмұнымен үндестік табады.

М.Қашқари өмір сүрген дәуірде адамдардың Құран және хадис мәтіндерімен жақыннан танысуына зор мүмкіндік болғаны даусыз. Сондықтан да болар М.Қашқари Құран және хадис мәтіндерімен бір кісідей таныс әрі жаратқан Иені «бір Тәңір» деп таныған. Бұл Құран аятымен толық үндеседі. Құранда: *«Тәңірлерің бір-ақ тәңір. Одан басқа ешбір тәңір жоқ»⁸⁵*, - деген мағынадағы аят кездеседі.

Сонымен қатар, М.Қашқари шығармасы – тек тіл білімі туралы ғана емес, түркі дүниетанымын, салт-санасын, тілі мен ділін, әдет-ғұрпын қамтып жатқан жан-жақты әрі байсалды еңбек.

Түйіндеп айтқанда, Махмұт Қашқаридың дүниетанымының өзегін ислам дініне, түркі тайпаларының тілі мен мәдениетіне, тарихына үлкен құрметпен қараушылық құрайды. Бұған жоғарыда айтылған дәйекті мысалдар дәлел бола алады. М.Қашқаридың діни дүниетанымы ислам дініне табан тірейді.

⁸¹ Қасиетті Құран аяты, (55:1-7)

⁸² Он ғасыр жырлайды. - Алматы, 2006, (104-бетте).

⁸³ Он ғасыр жырлайды. - Алматы, 2006, (107-бетте).

⁸⁴ Он ғасыр жырлайды. - Алматы, 2006, (105-бетте).

⁸⁵ Құран Кәрім. Қазақша мағына және түсінігі. Ауд. Х.Алтай. «Бақара» сүресі, 163-аят.

М.Қашқариден бізге жеткен энциклопедиялық сөздігінде дидактикалық-философиялық мазмұндағы, табиғат, аңшылық, ерлікті мақтау сарындағы жыр үлгілерін жиі кездестіруге болады. Мұның бәрі жеке адамның мінез-құлқына, жүріс-тұрысына әсер ететіні сөзсіз. Адам баласы өзін-өзі тану арқылы жаратушы Иені де тани бастайды. Алланы таныған адам жер бетіндегі тіршілік атаулыға мейіріммен қарап, адамзат игілігі мен қажетіне жарайтын іс жасауға талпынады. Өз бойындағы азғырушы нәпсі қалауларын тежеп, сауап-күнә ұғымдары негізінде өмірге қадам басады. Адамгершілікке, парасаттылыққа, Отансүйгіштікке, ғылым-білімге деген құштарлығы артады.

Ислам дінінің қағида-зандары бойынша адамзат баласы жағымсыз әдеттен, жаман пиғылдан, тәкаппарлықтан, ғайбат айтудан, өтірік сөйлеуден, өсек тасудан, күншілдіктен, қызғаншақтықтан, сарандықтан, қорқақтықтан, білімсіздіктен тағы басқа осы сияқты адам бойында кездесетін жағымсыз қылықтар мен мінез-құлықтардан бойды аулақ ұстауы, өз нәпсісін тізгіндеп, бұл өмірдің сынақ екендігін жете түсінуі тиіс. Осылайша жаратқан Иенің әмірлеріне бойсұнған, тыйым салған іс-әрекеттерінен сақтанып, берген рызық-несібесін, нығметтерін дұрыс, орынды жерге пайдалана білген, пәни өмірінде тағат-ғибадатқа, ғылым-білім ізденуге құштарлық танытады. Жалпы жақсы істердің жанынан табылады. Міне, осындай адам шынайы бақытқа, жоғары адамгершілікке қол жеткізген жан саналады.

Сөз соңында, Махмұт Қашқаридың ең баста иманжүзді, келешекке зор үмітпен қарайтын, халқына адал қызмет еткен, тіл жанашыры бола білген, өз салт-дәстүрін оның тарихын жетік білген үлгілі тұлға екендігін еске саламыз.

Қазіргі таңда жеке адам мәселесі, оның тәлім-тәрбиесі және оның бүгінгі зайырлы қоғамдағы орны, діни түсініктер мен ғылым саласы, сондай-ақ басқа халықтармен қарым-қатынасы өзекті тақырыптардың біріне айналып отыр. Осы орайда, Махмұт Қашқари – ислам дінін ұстанған мұсылман ғалым әрі

түркі тілінің жанашыры ретінде біздің бүгінгі жастарға үлгі-өнеге.

Махмұт Қашқари – түркі халықтарының ынтымақ-бірлігінің жарсышы. Ал оның шығармасы ислам дүниетанымы аясында жазылған. Сондықтан бұл еңбек – қоршаған ортаны, адамзат баласын, сондай-ақ барша тіршілік атаулыны құрметтеуге баулитын әрі бізді өзара түсіністік пен бауырластыққа шақыратын асыл мұра.

АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ БЕТТЕРІНДЕ ЖАРИЯЛАҒАН ДІН ЖАЙЛЫ ОЙ-ТОЛҒАМДАРЫ⁸⁶

«Қазақ» газеті 1913 жылдан бастап ұлт көсемі А.Байтұрсынұлының редакторлығымен шыға бастағаны көпшілікке белгілі. Бұл газеттің оқырмандарға ұсынған тақырыптары сан түрлі болды. Осы басылым жайлы Н.Ә.Назарбаев: «....«Қазақ» қазақ халқының ұлттық сана сезімін оятуға аз үлес қосқан жоқ, ол өз дәуірінің көкейтесті мәселелерін көтерді, ағартушылық идеяларын насихаттады»⁸⁷ деген болатын. Осы көкейтесі мәселелердің бірі діни руханият деп нық сеніммен айта аламыз. Бұл тақырып қазір де өзекті болып отыр.

Егер біз осыдан бір ғасырдан аса уақыт бұрын жарық көре бастаған «Қазақ» газеті беттеріне үңілсек, оның алғашқы санынан бастап-ақ дін тақырыбы көтерілгендігін байқаймыз. Әрине, қай қоғамда болса да рухани, ұлттық құндылықтарды сөз еткенде дін тақырыбын айналып өте алмаймыз. Қазақ халқының ғасырлар бойы сақталған салт-санасында, мәдениетінде, тілі мен әдебиетінде ислам дінінің өзіндік алар орны бар. Бүгінде ислам діні қазақ халқының руханиятымен, тыныс тіршілігімен біте қайнасып бірігіп кеткені соншалық, бөліп жаруға, ажыратуға келмейтін ұғымға айналып отыр. Сондықтан да болар соңғы кездері исламның «дәстүрлі ислам» деген тіркесі жиі айтыла бастады. Бұл осы біздің ұлттық құндылықтарымызбен араласып, бірігіп кеткен ислам деген мағынаны аңғартса керек.

⁸⁶ Бұл мақала «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ руханиятының көсемі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияға «Қазақ» газеті беттеріндегі діни руханият» атты тақырыпта ұсынылып, конференция материалдары жинағында қысқартылып жарияланған / Жауапты редактор – М.Малбақов. – Алматы: «Елтаным» баспасы, 2013.- 416 бет (147-152 беттерде). Мақаланы баспаға қайта әзірлеу барысында аздаған түзетулер мен толықтырулар енгізілгенін ескертеміз.

⁸⁷ Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 2003. – 288 б (163-бетте).

Біз осы шағын мақала арқылы қазақ халқының, кешегі Алаш зиялыларының дін тақырыбының қай қырын көбірек көтерді, қандай мәселелер өзекті болды, дін жайында келіспейтін тақырыптар болды ма деген сияқты сұрақтарға жауап іздеуге талпынатын боламыз.

Қазақ ұлтының зиялы саңлақ тобының діни көзқарастарын осы газет беттерінде жарияланған мақалаларға шолу жасау арқылы діннің бағыт-бағдарын, жай-күйін пайымдасак, «Қазақ» газетінің 1913 жылы шыққан 44-санында төмендегі тақырыптар аясында діни руханият мәселесі көтеріледі екен. Енді оларға жеке-жек тоқталып, мазмұнына қысқаша шолу жасайық.

«Қазақ» газеті, 1913 ж. №1-санында⁸⁸ Оқшау сөз айдарында: «Дін таласы» атты мақала жарияланған. Мақаланың қысқаша мазмұны: Үндістанда Сурат қаласында бір кофехана бар екен. Ол жерге әр елдің ұлттары, адамдары келіп тұратын болыпты. Бірде осы жерге құдай тағаланың құдайлығын анық танып білемін деп әуре болған, ақыр соңында ақыл-есінен адасқан Иран елінен келген бір адам өзімен бірге жүрген құлын сыртқа тастап, кофеханаға кіріп, бір шыны апиын ішеді. Ол дереу миына барып, ойын қоздырады. Осылайша ол құлына айқайлап ей, оңбаған құл! Сен қалай ойлайсың, құдай бар ма әлде жоқ па деп сұрайды. Құлы дереу әрине бар деп жауап қайырады да беліне қыстырып алған ағаштан жасалған бір шағын мүсінді көрсетіп: «Міне, құдай», бұл біздің елдегі адамдар табынатын ағаштың бұтағы дейді. Бұл әңгімені кофеханада отырған Брахма дінінің өкілі есітіп, шыдай алмай өз дінінің дұрыстығын айтып, құдай Брахма деп әңгімеге араласады. Оған қарсы пікірді сол жерде отырған бір саудагер еврей айтып, ол да өз дінін, иудаизмді дұрысқа балайды. Сонда оның сөзін бір итальяндық кесіп өз діни ұстанымының дұрыстығын алға тартады. Рим католик дінінде онан басқа дінде сауап табу жоқ дейді. Бұған протестант

⁸⁸ 2 февральда шыққан. Ескерту: ол кездегі газет беттерінде ай атаулары орыс тілінде берілген. Біз оны өзгертпей сол қалпында бергенді жөн санадық.

попы сұрланып итальяндыққа: Жадыңызда болсын! Сауап табатындар Исаның дұрыс Інжілімен амал қылғандар деп өз ұстанымының дұрыстығын алға тартады. Осы айтылғандарды естіп тұрған кофеханада қызмет ететін бір түрік ислам дінінің дұрыстығын айтады. Осылайша көпшілік шулап кетеді. Тек конфуция дінін ұстанатын бір қытай үндемей шайын ішіп отыра береді. Бұған түріктің көзі түсіп оны әңгімеге тартады. Уа, қытай мырза! Сен сөйлеші, сен мені қолдайтын жөнің бар. Сенің еліңе де әртүрлі діндер жетіп, таралып жатса да исламды артық көресіңдер ғой э, ойынды айтшы деп қытайға жабысады. Осылайша газеттің алғашқы санындағы «Дін таласы» атты мақала аяқталады (жалғасы келесі сандарда беріледі). Бұл мақаланың мазмұны әр ұлт өкілінің құдай тағала жайында дұрыс не бұрыс өзіндік көзқарасы болатындығын әрі әркімнің діни ұстанымдарының да түрліше болатындығын оқырмандар назарына салуды мақсат ететін тәрізді. Мұнан басқа газеттің алғашқы санында діни тақырыпта жазылған мақала кездеспейді.

«Қазақ» газеті, 1913 ж. №2-санында⁸⁹ «Медреседен оқып шыққан шәкірттер не болашақ?» деген Ахмет Жанталиннің (Керейбалта) мақаласы берілген. Бұл мақаланың қысқаша мазмұны: Қазір қала медреселерінде бірталай қазақ балалары оқып жатыр. Бірақ олардың не оқу керектігін, қандай пәндерді меңгеру керектігін ешкім де белгілемеген. Қазақ балалары «оқы» деп берген сабақты оқып қайтады. Негізі медреседен оқып келген соң елге пайдасы тиетін пәндерді оқығаны азбал болар еді. Мен мұны қиялыма еріп айтып отырған жоқпын дейді автор. Күнделікті тұрмыс-тіршіліктегі тәжірибеме сүйеніп айтып отырмын. Қазір ел-жұрт «Төте оқумен оқыта білесің бе? Үш айда балаларымызға хат танытасыз ба? Орысша білесің бе?» деп сұрайды. Сондықтан біздің қазақ балалары медреселерден тағлым мен тәлім берудің негіздерін, еліміздің тарихын және қазақша өте жақсы өлең-жыр оқып әрі оны хатқа түсіре білу,

⁸⁹ 10 февральда шыққан.

сондай-ақ орысшаны да өте жақсы біліп шыққаны абзал. Ал қазіргі медреселерде оқытылып жүрген хисаб, химия, пәлсапа сияқты пәндердің де керегі бар шығар, бірақ халықтың оған деген сұранысы жоқтың қасы. Қазір Уфадағы «Ғалие»-де, Орынбордағы «Хұсайние»-де, Троицкідегі «Расулие» медреселерінде оқып жатқан шәкірттерге нендей кеңес айтамыз. «Тісі шыққан балаға шайнап берген ас болмайды» деген мақал бар емес пе олардың өздері де қазір бізге саяси хал-ахуалды парасатпен бағамдай білетін, білікті тәрбиеші, көсем басшы қажет болып тұрғанын жақсы білсе керек. Әйтпесе медреселерде оқытылатын «ақида» (діни сенім нанымдарды үйрететін пән), шарх мұлла, психология, шамсие, жамиғ әррумуз сияқты пәндердің елге де, өздеріңе де осы дүниеге де, ақиреттік өмірге де еш керегі жоқ. Осы айтылған кітаптарды оқимын деп өздеріңнің өмірлерінді босқа өткізбей өздеріңе әрі елге пайдасы тиетін оқу-білім оқысаңыз екен деген сарында жазылған. Әрине, бұл мақала авторының сол кездегі медреседе оқытылып жатқан пәндер күнделікті тұрмыс-тіршіліктегі халық сұранысын қанағаттандырмайтындықтан медресені бітіріп қайтқан балалар ешбір қызметке жарамай, ел арасында бала жиып білгенін үйретіп күн көргеннен басқаға жарамай жүргенін ашына жазады. Осылайша медреселерде оқытылып жатқан пәндерге өзгеріс енгізу мәселесіне көпшіліктің назарын аударады. Оқырманды ойлануға, заманға қарай білім алуға, ел-жұртқа пайдалы болуға шақырады.

«Қазақ» газеті, 1913 ж. №3-санында⁹⁰ Оқшау сөз айдарында берілген: «Дін таласы» атты мақаланың жалғасы беріледі. Бұл сандағы «Дін таласы» атты мақаланың қысқаша мазмұны: Қытай салмақпен сөз бастап: «Мырзалар! Менің пайымдауымша адамдарды дін жайында бір ынтымаққа келтірмейтін бір ғана нәрсе бар. Ол жалған намыс. Мен мұны сіздерге мысалмен түсіндірейін, мен Қытайдан осы жаққа ағылшынның дүниені айналған параходына мініп жолға шықтым. Жолда су үшін

⁹⁰ 17 февральда шыққан.

Суматра аралына кідіріс жасауға тура келді. Параход тоқтаған соң жағадағы кокос ағашының көлеңкесіне барып отырдық. Онда отырғандар әр жерден, әр елдің адамдары еді. Аралдағы тұрғын елдің ауылдары да бізден қашық емес еді. Біз отырған жерге бір соқыр адам келді. Сұрап білсек, күнге көп қарағандықтан соқыр болып қалыпты. Оның күнге көп қарауының да өзіндік себебі болыпты. Ол күнді зерттемек болып, ол не нәрсе деп қайта-қайта қарай беріп ақыр соңында көзі көрмейтін соқыр халге душар болған екен. Оның білгісі келгені күннің нұры не нәрсе егер ол сұйық зат болса, қотаруға көнер еді немесе ескен желден шайқалып толқыр еді. Күннің нұры от та емес, егер от болса, суға түссе сөнер еді. Күн нұры қатты да зат емес, егер қатты зат болса, онымен өзге нәрсені қозғауға болар еді. Күннің нұры рух та емес, егер рух болса, онда көрінбейтін еді ғой деп ойланып-ойланып ақыр соңында ол еш нәрсе емес, егер еш нәрсе болса онда ол жоқ нәрсе деген байламға келіпті. Осындай пікірге келгенше көп ойланып ақыл есінен адасады, күнге көп қарағандықтан көзі де көрмейтін соқыр болып күн жоқ дегенім рас деп жүрген жайы бар екен. Оның күн жоқ деген сөзіне сол жерде отырған балдақпен жүретін бір ақсақ, туғаннан соқыр жан екенсің ғой ә мен саған күннің не нәрсе екенін айтып берейін. Күн деген домалақ оттан жасалған, ол күнде теңізден шығады да, кешке біздің аралдың тауының арасына барып қонады. Біз мұны күнде көреміз дейді. Оның бұл сөзіне осында отырған бір балықшы аяғың ақсақ болған соң ұзаққа шықпағаның ғой ә айтқан сөзіңнен байқалып тұр. Мен күні бойы теңіз бетінде жүремін күн теңізден шығып, теңізге батады. Менің бұған ешбір күмәнім жоқ. Өйткені мен мұны күніге көремін дейді. Сонда үнділік біреу есі бар адамның ессіз сөз айтқанына таң қаламын. Күн өзі от болса, ол қалайша теңізге батқанда сөніп қалмай ма?! Күннің не екенін мен айтайын ол «Дива» деген құдай. Ол арбасына мініп, көктегі Аспаруа деген алтын тауды айналып жүреді. Рағу және Киту деген екі жылан кейде күнді жұтып жібереді. Соның аман сау

болуы үшін біздің абыздарымыз дұға жасап, Күннің ол екеуінен аман құтылуын тілейді. Күн біздің аралға ғана жарық болады деп осы аралдан асып ары бармаған надан адамдар айтады дей бергенде оның сөзін мысырлық бөліп, Күн деген Жапон елінің ар жағынан шығады, осылайша ағылшын аралдарының ар жағына барып батады мен мұның талай рет куәсі болғанмын дейді. Мұның сөзін кемедегі ағылшын матросы (кеме қызметкері) Күннің қалай жүретінін біздің ағылшындардан артық ешкім білмейді. Күн еш уақытта тұрмайды да, еш жерге барып жатпайды да. Ол тоқтаусыз жерді айналып жүреді. Қай жерге барсаң да таңертең күн көрініп, кешке қарай тасаға түседі деп оны жердегі құмға сызып түсіндірмек болды да, шамасы жетпейтін болған соң мынау менен гөрі білімі артық оқымысты жан. Сол айтып берсін дейді де кезекті сөзді оқымысты, көпті көрген, думаншыл ағылшын алады. Ол күннің жерді айналмайтынын, жердің күнді айналып жүретінін түсіндіріп, 24 сағат ішінде жердің Күнге қарамайтын жері болмайтындығын айтып кез келген ел, жер тәулігіне Күнге бір қарап өтеді. Күн жалпыға ортақ оның жарығы маған ғана, менің отаныма ғана түседі деу іштарлық болады. Егер сендер аяқтарыңның астына қарай бермей, жоғары күнге қарасаңдар, осы айтқанның бәрін де әрқайсысың оп-оңай түсірер едіңдер», – деген сарында аяқталады (жалғасы келесі санда).

Міне бұл сырт қарағанда күн жайындағы талас болғанымен негізі Құдай тағаланы тануға қатысты түрлі дін өкілдерінің пікірталасын ойға салады. Дін жайындағы алауыздықтың дұрыс еместігін, көкке, күнге қараған әрбір жан құдіреті күшті Иенің бір екендігін, Оның барша адамзат баласына ортақ екенін оңай түсінер еді деген тұжырым жасалады. Осылайша оқырманға ой салып, мейлінше таласты мәселеден бойды аулақ ұстауға шақырады.

«Қазақ» газеті, 1913 ж. №4-санында⁹¹ Оқшау сөз айдарында: «Дін таласы» атты мақаланың соңғы бөлігі беріледі. Осы санда жарияланған мақаланың қысқаша мазмұны: Мақаланың алғашқы жолдарында-ақ Күн жайындағы таным қаншалықты бұрыс әрі алдану, адасу болса, Құдай тағала жайында да дәл осындай адасу, алдану бар деп салыстырмалы түрде түсіндіріп, мұның себебі намыстан, мешелдіктен деп түйіндейді. Әркім Құдайды өзіне, өз отанына, халқына тән етіп, Күллі әлемге симайтын Құдайды әр халық өзінің ғибадатханасына қамағысы келеді. Құдайдың өзі жасаған ғибадатхана мына көзбен көріп отырған әлем емес пе. Ол үшін адам баласы салған ғибадатхана үлгісін осы Құдай жасаған дүниеден, табиғат әлемінен алмай қайдан ала алады? Егер ғибадатханаларға қарасақ, онда күмбездер, жарқыраған шамдары, су сауыттары, суреттер, жазылған мадақтар, шарифат кітаптары, оған арнап шалатын құрбандары, құрбан шалатын орындары бар. Бірақ көктей салынған көмбесі, күн, ай, жұлдыз тәрізді шамдары, теңіз тәрізді су сауыты, адамзат баласының жүрегіне жазып қойған Құдайдың өз кітабынан асқан шарифат кітабы бар ма? Жақын үшін жанын пида ететін, ерлікке жететін құрбандық бар ма? Құрбандық қабыл болуына ізгі адамның шын ықылас, көңілінен артық не бар? Міне, адам баласы неғұрлым Құдайды жоғары, биік, һәм ұлық деп ұқса, Оны соғырлым жақсырақ танымақ. Жақсырақ таныған сайын, Оған жақын бола бермек. Жақын болудың басты белгісі Құдайдың адамзат баласына деген мейірімін, рақметін көріп, мейірімді, рақымды бола түсу.

Кейде адамзат баласының көзі соқыр не көңілі соқыр болады. Көзі соқыр жарықты көрмейді, оны жоқ дейді. Күнді көзімен көре алмағандықтан қолына ұстаған шамын күн деп таниды. Ал көңілі соқыр жаратқан Құдайын танымайды, тіпті оны жоқ дейді. Ақиқатты айырып ала алмайды. Сондықтан ағашты Құдай деп таниды. Бұл екеуі де кемшілік. Бірақ бір кісі

⁹¹ 1 мартта шыққан.

соқыр болса оның бейнетін, машақатын өзі көреді. Оны мұқатып, сен соқырсың деу дұрыс па? Көңілің соқыр деп қорлау жөн бе? деп Конфуция дінін ұстанатын қытай кофеханада дін жайында таласқа түскен жұртқа осылайша тоқтау айтты. Бұл сөздер бүкіл адамзат баласын бауырластыққа шақырған орыстың ұлы ойшылы Толстой сөзінен алынды. Ал ол Бернарден Десан Пиер дегеннің сөзінен алған екен. Басқалар да Толстой көзімен қараса, осы күнгі діни араздықтан Балқанда судай ағып жатқан адам қанына орын болмас еді деп мақала өкінішпен аяқталады.

Бұл мақаланың бүгінгі оқырмандар үшін де тағылымы мол деуге болады. Өйткені әлемде діни ұстанымдарға байланысты туындаған қақтығыстар, келіспеушіліктер, ұрыс-керіс, қантөгіс әлі де толастамай отыр.

Діни фанаттық, өзге дін өкілін төмен санау сияқты көзқарастардың түбі жақсылыққа апармайтындығын мақала мазмұны аңғартады. Әр ұлттық діни ұстанымына түсіністікпен қарап, оған адам ретінде құрметпен қарау нағыз жоғары адамгершілік қасиет. Бұл мақала жалпы оқырманды осыған үндейді. Әр ұлттың, халықтың танымында құдай әртүрлі болғанымен түбінде бір. Оның рақымы, мейірімі барша адамзат баласына ортақ. Бұл айтылған ой-пікірлер Құран аяттарымен үндес. Бірақ мұндай мазмұндастық, үндестік жайындағы әңгіме өз алдына бөлек тақырып.

«Қазақ» газеті 1913 ж. №5-санында⁹² «Мұсылман фракциясының хаты» деген мақала бар. Бұл мақаланы С.Петербург қаласындағы Мұсылман фракциясының басшысы Мұхаммед Тевкелев жазған. Хатта біз мұсылман депутаттары ретінде үшінші Думада да қазақ бауырларымыздың мұң-мұқтажын баяндап, құқықтарын қорғап сөз сөйлеп келдік. Біздің қолымыздан келгені осы болып отыр. Негізі қазақтар өздері бізге көмектесіп нақты мағлұматтар берсе жөн болар еді. Әйтпесе,

⁹² 9 мартта шыққан.

Дума мінберіне шығып: «Қазақтарды қысып жатыр, жерлерін тартып алып жатыр...» деген бос сөзден пайда шықпайды. Нақты дәлел айғақтар қажет. Мысалы, жер жайында, тартып алынған жер қай облыста, қай орында, кімнің жері, қанша жер, оны кім қандай негізбен алды? деген сұрақтардың жауабы нақты болуы керек. Олай болмаса біздің тіліміз қысқа. Қазақтар жайында қолымызда аз да болса мағлұмат жоқ. Мұнан басқа тағы бір қиын іс қазақ жерлерін игеру және қазақтарды билеу тәртібін христиандық талаптарға сай етіп ауыстыру мәселесі бойынша екі заң жобасы бар. Мұны олар тез арада Дума талқысына салар, сол уақытта біз мұсылман депутаттары ретінде зор қиындыққа тап болғалы тұрмыз. Бұл заңдардың кейбірі қазақ халқының зиянына болмасын деп сөз сөйлеп қарсы тұру біздің міндетіміз болмақ. Бірақ бізге нақты деректер қажет. Онсыз біздің қолымыздан не келеді. Сіздерден нақты мәліметтер күтеміз деп хат соңында мұсылман фракциясының мекенжайы көрсетілген.

Бұл мақала астарында қазақ халқы мұсылман халық ретінде біз олардың құқықтарын Дума мінберінен айтып шамамыз келгенше қорғауға дайынбыз. Бірақ бізде қазақтардың қазіргі отарлау жайы, барысы жайында нақты айғақтар жоқ. Оның үстіне жақын арада қазақтарды христиандық дүниетаным аясындағы жасалған заңға бағындырмақшы. Мұның қазақ үшін зиянын жоққа шығармаймыз. Шамамыз келгенге оған қарсы тұрамыз. Бізге нақты айғақ-дәлелдер керек оны сіздерден күтеміз делінеді. Бұл да мұсылмандық бауырластық көңілден шыққан сөз деп білеміз.

«Қазақ» газеті, 1913 ж. №11-санында⁹³ «Қазақта муфтилік мәселесі» атты мақала жарияланған. Мақала 1730 жылдары Кіші жүздің ханы Әбілқайырдың Петерборға елші жіберіп, орыс өкіметіне бағынсам екен деп тіленді деген мәліметті еске салумен басталады. Сөйтіп осы оқиғадан арада тура елу жыл

⁹³ 21 апрельде шыққан.

өткен соң 1881 жылы II Екатерина тұсында Орта жүздің ханы Уәли Абылай баласы өзінің тілеуімен орысқа бағынып, Уфа қаласына барып, Құран сүйіп жан берді делінеді. Ол кездері орыстың қол астындағы мұсылмандарға «мүфтилік» беріліп, Уфа қаласында діни жиын болып, онда бірінші мүфтилікке Мұхаммеджан Хүсейнұғлы деген кісі қойылады. Сол кезде Бөкей хан мен Уәли хан біздің де рухани, діни істеріміз мүфтидің қарамағында болса екен деп арыз береді.

Қазақ мүфти қарамағында қалған соң Оренбург, Орск, Троицк, Қызылжар қалаларынан мұғалім-молдалар шығып қазаққа дін үйретуге ерік берілді. Жергілікті халықтың тұрмыс тіршілігіндегі неке қию, талақ (ерлі-зайыптылардың ажырасуы), мирас бөлуі, мәйіттерін жерлеу рәсімдері ислам шариғатына сай болу үшін указной молдалар сайланды. Олардың үстінен бақылап, қадағалап тұратын ахундар қойылды. Негізі қазақтың неке, талақ, мирас бөлу істері мүфтиге қарағанға дейін бұрынғы заң бойынша еді. Мәйітті жерлеу баяғы мәжүстік (отқа табынушылық) салт-санаға сай келуші еді. Қазақтың заң дегені Шыңғыс хан заманында, одан бұрын Момын хан тұсында қалыптасқан жол еді. Қазақ мүфтилікке қарағанда Шыңғыс ханның дүние салғанына 600 жыл, ал Момын ханның қайтқанына 1600 жыл болған екен. Бірақ қазақ осынша уақыт өтсе де заң айтарлықтай өзгермеген. Қазақ өзі бұрынғышыл жұрт. Бұрынғының жолы ғой деп, Момын хан тұсында талыптасқан заңды айтарлықтай өзгерте қоймаған еді. Осындай салт-санадағы қазақ мүфтилікке қараған соң енді бұрынғыны қойып, указной молдалар, ахундар ислам шариғатын енгізе бастады. Бұл шариғат заңдары мыңжылдық заңның жолымен үндесе бермейтін. Мысалы, күйеуі қайтыс болып жесір қалған әйел 4 ай 10 күн ғиддат сақтауы тиіс. Осы мерзім өткен соң әйелдің еркі өзінде бір жаққа барам дей ме, әлде біреуге тием дей ме өзі шешеді (Бұған Құрандағы «Бақара» сүресінің 234-аяты дәлел). Ал қазақтың ескі заңы бойынша жесірді күшпен әменгеріне қосады; Егер бір кісі қайтыс болып, оның артында ұрпағы болмаса, шариғат заңы

бойынша мал-мүлкінің төрттен бірі әйеліне тиесілі болады (Бұл жайында Құранда «Ниса» сүресінің 11-аятында баяндалған). Ал қазақтың ескі заңы бойынша қатынға мал беруші ме еді деп бар малын тартып алатын болған. Міне, осы сияқты қазақтың ескі заңы мен ислам шариғаты арасында көптеген алшақтықтар болды. Сондықтан да келіспеушіліктер орын алып, екі жақ даулы болып, указной молдаларға жүгінгенде олар исламның шариғат заңына салып үкім шығарып, нашарға теңдік, ал жесірге ерік береді. Бұған ескі заңды берік ұстанған жасы үлкендер шоши қараған. Мынауың сұмдық қой деп, бізге мүфтидің керегі жоқ деген пікірге де келеді. Өйткені көпшілік арасында үлкендердің, аға сұлтандардың ескі заңға сүйеніп айтқан патуалары жарамай көп жағдайда мүфтидің сөзі жүреді.

Қазақтың қал-жағдайы осылай болып тұрғанда жаңа закон (Степное положение) шығардың алдында Петербургтен экспедиционная комиссия шығып, Сібір қазағын аралаған. Олардан: «Не мұң, мұқтаждарың бар, Қалай болғанын қалайсыздар?» деп сұрағанда ауылнайлар, болыстар, аға сұлтандар үйретуімен «Мүфтиліктен шықсақ екен, бұрынғы ата-бабаларымыздың заңымен жүрсек екен, мұнан басқа мұқтажымыз жоқ» деп шулап қоя береді. Комиссия жарайды тілегендерің болар деп, қайтып кетеді де, 1868 жылдың 21 октябріне бекітілген жаңа закон-ды қолданысқа енгізеді. Бұл жаңа закон бойынша аға сұлтандық жойылып, оның орнына уезд шықты. Қазақтың рухани діни істерін мүфтиліктің қарамағынан алып, оны обласной правлению тапсырды. Міне, осылайша қазақ мүфтиліктен оп-оңай шығып алып, енді оған зар болып жүргенін көзі бар қазақ көріп отырған шығар. Бұрынғы замандағы қазақтың басшылары есік пен төрдей жерден арғыны болжай алмайтын болғанда, жалпақ жұртқа өкпе жүрер ме? деп мақала аяқталады.

Сондай-ақ газеттің осы санында⁹⁴ «Молдаларға» деген тақырыппен шағын мақала берілген. Бұл мақалада екі поптың

⁹⁴ «Қазақ» газеті, 1913 жылғы №11-санының соңғы 4-бетінде.

қайырымдылық мақсатта жасаған істері нақты санақтармен келтіріліп, қазақ молдаларына олар үлгі боларлық деген пікір айтылады. Сондықтан болар мақала соңы «Үлгі алсаң, қазақ молдалары, осылардан ал» деп аяқталған. Әрине, бұл өзге дін өкілінен болса да қажетті үлгі-өнегені алып, қашанда жақсылықтың жаршысы бола біл деген ізгі ниетпен айтылған сөз деп білеміз.

«Қазақ» газеті, 1913 ж. №14-санында⁹⁵ Ішкі хабарлар айдарында «Мұсылмандар хақында бұйрық» деген мақала бар. Мақалада Балқандағы соғысқа байланысты орыстың қол астындағы мұсылмандардың арасында қозғалу, наразылық байқалады. Осыған байланысты олардың осы мәселеге байланысты бас қосуын байқау керек. Бұл жағдай халық арасында талқыға түсіп отыр. Орыс өкіметі славяндарға көмек бергеніне қатты наразы көрінеді. Бұған қоса, егер Қытай мен орыс өкіметі арасында соғыс бола қалса, мұсылмандар малымен де, тілегімен де моңғолдарға болысуға бел буып қойыпты деген хабар жетті деген сарында ақпараттық мәліметтер жарияланған.

«Қазақ» газеті 1913 ж. №16-санында⁹⁶ оқшау сөз айдарында: «Хазірет Сұлтан» атты мақала жарияланған. Бұл мақаланың авторы – М.Д (Міржақып Дулатов). Мақаланың қысқаша мазмұны: Біздің қай жердің қазағы болса да хазіреті Сұлтанды есітумен біледі. Ол жаққа көбіне, тақуалар, сопылар жиі барады. Олар бастарына сәлде орап қайтып, жұрт оларды Меккеден келгендей қолдарын алып құрмет етеді. Бірақ жалпы халық ол хақында анық ешнәрсе біле бермейді дейді автор. Осы май айында Ташкентке бара жатқанда жолда Түркістанға түсіп, өзінің Хазірет Сұлтанды зиярат еткендігін айтып, алдымен Түркістан қаласының тарихы жайлы жазылуға тиіс деп оның тарихы жайлы айтып, XVII ғасырдан бастап, Түркістанды қазақ билеп, Түркістан шаһары қазақ хандарының астанасы болған

⁹⁵ 16 майда шыққан.

⁹⁶ 31 майда шыққан.

деген деректі ұсынады. Осылайша тарихи деректерді келтіріп, Түркістан шаһарын 1864 жылы 12 июньде соғыспен орыс полковнигі Веровкин алыпты. Сол жолы Түркістанды орысқа бермеске Абылайдың шөбересі, Кенесары ханның баласы Садық төре де соғысқан екен деп аяқталады (жалғасы келесі санда).

Бұл Түркістан шаһарының басынан өткерген тарихы жайлы жазылған оқырмандарға арналған танымдық бағыттағы мақала деуге болады.

«Қазақ» газеті, 1913 ж. №17-санында⁹⁷ оқшау сөз айдарында: «Хазірет Сұлтан» атты мақаланың жалғасы беріледі. Мұнда Хазірет Сұлтанға арнап салынған кесене мен мешіт құрылысы жайлы баяндалып, кесенеге бірнеше қазақ хандарының жерленгенін еске салады. Сөйте отырып, мешіттің құлағалы тұрған, жарылған қабырғаларын қайта қалпына келтіру мәселесін көтеріп, осыған жиналған қаржы орынды жұмсалмай көп жағдайда қожалардың жеке бас пайдаларына жарап кетіп жатқандығы сынға алынады. Тарихи ескерткішті сақтап қалу үшін оны археологиялық қауымдастықтардың (археологически обществолардың) біріне тапсырып, осы мекеме басшылығы арқылы түзету, қалпына келтіру жұмыстары жасалғаны жөн деген пікір айтылады. Әйтпесе, қирап бір обаға айналуы ғажап емес деп мақала аяқталады.

Міне, бұл – мақала авторының тарихи ескерткішті ұрпақтан-ұрпаққа сақтап қалу жайындағы жанашырлық пейілмен айтқан ой-пікірлері. Құдайға шүкір, қазір бұл кесене лайықты деңгейде мемлекеттік қорғауға алынған. Сондықтан автордың күллі түркі әлеміне ортақ Қожа Ахмед Ясауи кесенесін сақтап қалу жайындағы пікірі бүгінде толықтай қанағаттандырылған дей аламыз.

Мұнан басқа газеттің осы санында «Бөкейліктердің мүфтилікте қалуы» атты мақала берілген. Бұл мақалада Бөкей елінің қалайша мүфтилік қарамағында қалғандығы, Бөкейханұлы Жаһангер ханның дінге ықыласты, ғылымға ынталы болып ол

⁹⁷ 9 июньде шыққан.

бірінші мүфти Мұхаммедхан Хұсейінұлының қызы Фатиманы некелеп алады. Фатима ханым өте епшіл, парасаты мол, ақылы толық жан болған екен. Жарлының балаларына қаржы бөліп оқытса, бай баласын әкесінің ақшасына оқытып, осы күнгі Бөкей еліндегі атақты ғалымдар осы Фатима ханымның ыждағатымен тәрбиеленген кісілер деген мазмұнда мақала аяқталады.

Бұл мақалада Бөкей елі Қазан хандығына қарап жүрген заманнан-ақ ислам дінінің шариғат үкімдерін білетін, мүфти, қазыларға үйір халық екендігі баса айтылады.

«Қазақ» газеті, 1913 ж. №18-санында⁹⁸ «Шәкірттер жайында» атты мақала берілген. Бұл мақаның мазмұны Уфадағы «Ғалие» медресесін, Оренбургта «Хұсейние» медреселерін бітіріп шыққан шәкірттер қайда, олар неге қазаққа болыспайды, бізге қазір қолына қалам ұстайтын азаматтар қажет. Неге біздің тарихымызды, оқитын кітаптар-мызды басқалар жазып беруге тиіс. Қайда біздің жақсы оқыған білімді шәкірттеріміз. Олар неге атсалыспайды. Дүниеде қаламнан күшті не бар? Ойлап қараңдар, шырақтар,... деген сөздермен мақала аяқталады.

Және де осы санда өткен санда жарияланған «Бөкейліктердің мүфтилікте қалуы» атты мақаланың соңы жарияланған. Мақалада мүфтилікте қалудың Бөкей еліне көп пайдасы болғаны нақты дәлелдермен келтіріледі. Жаһангер ханның ислам шариғатына негізделген тоғыз жарғысы тізбектеп көрсетіледі. Осы жарғы бойынша ел-жұрт ең баста өз ісімен айналысып, біреудің шаруасына араласа бермеген. Сондықтан да ел тыныш болды. Бөкей қазағының ойында мүфтиліктен шығу жайы ойына кіріп те шықпады. Жаһангер хан дінге аса ықыласты басшы, ал халқы оның айтқанына көнген қосшы болғандықтан олар мүфтилік қарамағанда қалды делінеді.

«Қазақ» газеті, 1913 ж. №21-санында⁹⁹ «Уфадағы медресе «Ғалие» діниенің жарнамасы» атты мақала жарияланған. Бұл

⁹⁸ 16 июньде шыққан.

⁹⁹ 10 июльде шыққан.

мақалада медресеге оқуға келгісі келген талапкерлерге оқуға қашан келуге болатыны, қанша қаржы төлеу керектігі, қандай пәндерден емтихан тапсыратындығы сияқты аса қажетті мағлұматтар берілген.

«Қазақ» газеті, 1913 ж. №22-санында¹⁰⁰ «Шәкірттер жайынан» атты мақала газеттің алғашқы бетінде жарияланған. Бұл мақаланың қысқаша мазмұны: медреседен оқып шыққан шәкірттер елге оралған соң молда болып, шариғат айта шығады. Олардың міндеті қазақты дінге үндеу секілді. Біздің білуімізше қазақ бұрыннан әрі қазір де мұсылман, шариғаттың тыйған-бұйырған істерін біледі. Ал бірақ оны орнына келтірмесе, онда оның білмегендігінен емес. Біз осы кезде молданы мұғалім деп айтып жүрміз. Мұғалім үйретуші деген сөз. Ал молда имам, мешітте жұртқа намаз оқытады, уағыз айтады, неке қиып, балаларға ат қояды, қайтыс болған кісілердің жаназасын шығарады... Ал мұғалімнің міндеті тек баланы оқыту болуға тиіс. Сондықтан бұл екеуін ажырату білу қажет деген пікір айтылады. Діни пәтуа беру ісіне мұғалім араласпауы керек, ол оның абыройын көтермейді, оның міндетіне де жатпайды. Тіпті, бұл елге қажет те емес. Одан да халыққа пайдалы іспен айналысатын уақыт жетті. Шариғат айтудың орнына оқытудан қол босағанда, үлкен-кішіні жиып пайдалы кітап оқып, түсіндірсе, сол халық үшін көбірек пайдалы болар еді. Білімді халықтардың мұғалімдері осылай істейді. Сондықтан халыққа ең көп пайдалы адамдар мұғалімдер болады деген сарында мақала авторы ой түйеді. Бұл мақаланы М.Д (Міржақып Дулатов) жазған.

«Қазақ» газеті, 1913 ж. №23-санының¹⁰¹ алғашқы бетінде: «Қажы жолы» деген тақырыпта көлемді мақала басылған. Бұл мақалада қажылық сапарына шығатын кісілердің қандай заттарды жолға алады, жолда қажет нәрселер, пасторт алған соң қайда әрі қалай бару жайы түсіндіріліп жазылған.

¹⁰⁰ 16 июльде шыққан.

¹⁰¹ 23 июльде шыққан.

«Қазақ» газеті, 1913 ж. №26-санында¹⁰² «Троискіде «Мердесе Мұхаммадия» басқармасы тарапынан» атты мақала жарияланған. Бұл мақалада медресеге оқуға қабылданатын шәкірттерге қойылатын талаптар мен қандай пәндерден емтихан тапсыратындығы түсіндіріліп жазылған.

«Қазақ» газеті, 1913 ж. №28-санында¹⁰³ «Тіршілік жайынан» атты мақала жарияланған. Бұл мақалада осы заманда дінімізді, тілімізді халқымызды сақтау үшін қолымыздан келгенше білімімізді, дәулет күшімізді халықтың игілігіне арнап, мойнымыздағы міндетті атқарайық. Осылайша халыққа жағайық, халыққа жақсақ, Құдай тағалаға да жақпай қалмаспыз деген үндеу тасталады.

«Қазақ» газеті, 1913 ж. №32-санында¹⁰⁴ «Қажылар хаты» атты шағын мақала бар. Бұл Қостанайдан қажылыққа кеткен кісілердің қай жолмен қай жерге жеткендіктері жайындағы ақпараттық хаты.

«Қазақ» газеті, 1913 ж. №33-санында¹⁰⁵ да «Қажылар хаты», «Мәдина хаты» деген тақырыптарда қажылық сапарында жүрген кісілердің хабары жарияланған.

«Қазақ» газеті, 1913 ж. №35-санында¹⁰⁶ да «Қажылар хаты» атты шағын хабарламада Ақтөбе уезі Қарақопта болысынан биыл қажылыққа кеткен Ажығұл деген кісінің жолда қайтыс болғаны жазылған.

«Қазақ» газеті, 1913 ж. №36-санында¹⁰⁷ «Медресе «Ғалие» де қазақ шәкірттері» атты тақырыпта мақала бар. Бұл мақаланы сыни сарындағы мақала деуге болады. Өйткені мұнда қазақ ілгері күнді ойламайды, егер де ойласа партияға етектеп төккен ақшаға медресе салдырса, «Ғалие»-дей әлденеше медресе салып,

¹⁰² 15 августте шыққан.

¹⁰³ 30 августте шыққан.

¹⁰⁴ 29 сентябрьде шыққан.

¹⁰⁵ 9 октябрьде шыққан.

¹⁰⁶ 24 октябрьде шыққан.

¹⁰⁷ 31 октябрьде шыққан.

мұсылман әлемінде ең бірінші орын алар еді. Түрік тұқымының байлығы біздің қазақта, бірақ не керек, есіл мал есепсіз желге кетіп, «ұстағанның қолында, тістегеннің аузында» болып барады деген аянышты халі баяндалып сынға алынады.

«Қазақ» газеті, 1913 ж. №38-санында¹⁰⁸ «Мүфтилік» тақырыбы тағы да көтеріледі.

«Қазақ» газеті, 1913 ж. №43-санында¹⁰⁹ «Қазаққа бөлек мүфтилік керек пе?» деген тақырыпта газеттің №38-санында көтерілген жеке мүфтилік мәселесі талқыға түсіп, біздің қазақта мүфтилікке лайық болатын кім бар өзі? Мүфти, қазы болу үшін екі салаға да сай болу керек. Бізде ондай адам бар ма? Дінге, мұсылманшаға жүйрік болғандар орысшаға шорқақ, ал орысшаға жүйрік болғандар мұсылманшаға шорқақ. Сондықтан қазірше бөлек мүфтилікті іздемей-ақ мүфтилігі бар халыққа бірігіп жүре тұрғанымыз жөн болар деген мазмұндағы пікірлер айтылады.

«Қазақ» газеті, 1913 ж. №44-санының¹¹⁰ алғашқы бетінде «Мектеп-медреселер мәселесі» атты тақырыпта көлемді мақала жарияланған. Онда мектеп-медресе бағдарламасы, оқыталатын пәндердің аты көрсетіліп, мектеп-медреседегі оқытушылар кімдер? деген сұрақтарға жауап іздейді.

Бұған қоса осы санда «Медресе «Хұсайние»-де қазақ балалары» атты тақырыпта мақала жарияланған. Бұл мақала медреседе оқығысы келетін қазақтың жарлы балаларына қол ұшын беру, олардың оқып білім алуына демеу болуға үндейтін сарында жазылған деуге болады.

Міне, осылайша «Қазақ» газетінің 1913 жылы шыққан сандарындағы дінге қатысты мақалаларға талдау жасап, олардың мән-мазмұнын қысқаша баяндауға тырыстық. 1913 жылы жарық көрген 44-санның 22-санында Алаш зиялыларының діни руханиятқа қатысты ой-толғамдары көрініс табады. Олардың ішінде

¹⁰⁸ 16 ноябрьде шыққан.

¹⁰⁹ 22 декабрьде шыққан.

¹¹⁰ 31 декабрьде шыққан.

ең көп медреседе оқып жақтан шәкірттердің хал-жағдайы, олардың болашағы, оқып жатқан пәндері, оларға көмек беру сияқты мәселелер жарияланған. Бұл Алаш зиялыларының қазақ балаларының ең баста білім алуын көксегендігін, осы ғылым-білімге газет беті арқылы шақырғанына куә боламыз.

Біз сөзімізді «Қазақ» газеттің №7-санында жарияланған¹¹¹ «Қазақ жастарынан бір өтініш» деген айдармен берілген мақаладағы: «...Ғылым, өнер қазақ арасында тарамған... Өз халқыңның осы халін көре тұрып, оны қайғыртпаған, ол үшін жыламаған осы күнгі қазақ жастары не қадір, қатты жүрек боларға керек? Өз жұртыңның осынша төмен дәрежеге түскенін көре тұрсаң да, келешектен тап үміт үзе алмайсың, Һәркім дүниеде үмітпен тұра алады, соның арқасында көп іс істейсің. Хазірет Омар Мұхаммед ғалейһис сәлам өлген күні оның өлгенін біле тұрып, оны шын көңілімен сүйгендіктен: «Кімде-кім пайғамбар өлді деп хабар берсе, мойнын осы қылышпен шауып үзермін», – деп қолына қылыш ұстап отырған екен. Сол сияқты саған да біреу: «Қазақ бітеді, аты жойылады», – десе, сен де оның бұл сөзін жаратпайсың. Келешекте өз халқы үшін қайғырған қазақ жастары шығар, солардың ыждаһаты арқасында қазақтар да ұйқыдан бастарын көтеріп, оянар деп үміт етсек» деген жолдарын келтіре отырып қорытындылаймыз¹¹².

Аллаға шүкір, бүгінде қазақ халқы тәуелсіздіктің көк туын желбіретіп, егемен ел болды. Қазақ жастары ғылым-білімнің сан саласын игеруге, меңгеруге бет алды. Бұл кешегі Алаш зиялыларының арманының орындалғандығының бір белгісі іспеттес. Бірақ босаңсуға болмайды. Әрбіріміз егемен еліміздің рухани

¹¹¹ 1913 жылдың 22 наурызында.

¹¹² Бұл мақаланы әзірлеуде:

1) «Қазақ» газеті. 1913 жыл. Газеттің электронды түпнұсқасы. Ұлттық кітапхана, сирек қолжазба қоры.

2) Қазақ газеті. Құрастырған Ү.Субханбердина, С.Дәуітов, Қ.Сахов./ Бас редакторы Ә.Нысанбаев. – Алматы, Қазақ энциклопедиясы. 1998. – 560 бет.

3) «Қазақ» газеті. 1913 жыл. Алматы, «Арыс» баспасы, 2009 жылы жарық көрген басылымдар пайдаланылды.

һәм ұлттық құндылықтарын қастерлеп, тәуелсіздігіміздің тұғырын берік ете түсуге шама-шарқымызша үлес қосуға ниетті болуға тиіспіз.

ЕЛ ҚАМЫН ОЙЛАҒАН – ХАКІМ АБАЙ¹¹³

Адам баласы тарихи кезеңнің қай кезінде өмір сүрсе де ұжымдасып өмір сүрудің қажеттілігін сезінген. Бірігуге, ұжымдасып қоғам құруға қоршаған орта, өмір жалғастығы мен тіршілік ету қағидаттары негіз болады.

Адамдар көбінесе, бір-бірінен жынысына қарай емес, ақыл-ойына, сеніміне, күш-қуатына, көпшілік арасындағы беделіне қарай ерекшеленді. Негізінде, адамдарды нәпсі қалаулары, ішкі арман-қиялы, рақат өмір сүруге деген құштарлығы жетелейді.

Осыған байланысты адамдардың тәртіптерін бақылайтын, көпшіліктің игілігін құнттайтын, өзара ауызбірлік қағидаттарын сақтап, табиғат күштеріне қарсы тұруда жұмылдыратын немесе өздері сияқты шағын қоғам иелерімен араласқанда өз құқықтарын қорғайтын жетекшінің, басшының қажеттілігі туындайды.

Адамзат баласынан басқа жануарлар, құстар және жәндіктер әлемінде де бір басшының бары рас. Мысалы, құмырсқалар әлемі, аралар әлемі, көкте ұшып бара жатқан құстар және су түбіндегі балықтар – барлығы белгілі бір жүйемен тіршілік етеді.

Адамдар арасындағы алғашқы жүйе дінмен, сенім-наныммен тығыз байланысты болғандықтан басшылық қызметті көбінесе, дінбасылар атқарған-ды. Себебі «... алғашқы қауымдық дәуірдің өзінде-ақ әртүрлі анимистік, фетишизмдік, магиялық, тотемистік діни нанымдардың түрлері және политеистік мәндегі діндер өріс алған»¹¹⁴ болатын.

Адам баласының ішкі сенім-нанымы, дүниетанымы қашан да адамзатпен бірге өмір сүре бермек. Қатпарлы тарих беттерінің

¹¹³ Бұл мақала 2010 жыл «АЛШ» тарихи-этнологиялық ғылыми журналының № 6 (33). санында «Абайдың ел басқару қызметіндегі әділдік тұлғасы» деген тақырыпта 93-99-беттерде жарияланған. Мақаланы баспаға қайта әзірлеу кезінде түзетулер мен толықтырулар енгізілгендігін ескертеміз.

¹¹⁴ Есім Ф. Дінтану негіздері. – Алматы, 2003 (15-бетте).

кез келген дәуірінде құдайсыз, өз күшіне ғана сенген адамдар да тіршілік еткен де шығар, бірақ дінсіз, ортақ мүддесіз ұжымдасқан қоғам кездеспейді. Үлкенді-кішілі ұжымға, қоғамға тән діни түсінік, салт-сана біртіндеп қалыптасты. Мұндай тәртіп өз бетімен бағынбай шектен шығып кетушілерге тосқауыл болса, кейбіреулерге күш-жігер беретін, қоғам мүшелерін тәртіпке бағындыратын, жалғызбастылықтан құтқарып, қиыншылыққа төзім, болашаққа сенім беретін күшке айналды.

Мұндай зор мүмкіндікті кейбір тайпа, қоғам басшылары өз жеке мүдделері, нәпсі қалаулары үшін жақсы пайдалана білгеніне тарихтың өзі куә.

Қай қоғамда болмасын көрініс тапқан әділетсіздік, арсыздық, басып-жаншушылық қарапайым адамдар арасынан өресі биік тұлғалардың шығуына себеп болды.

Негізінде адам батыр, акын не басшы болып тумайды. Ол бойындағы дарыны мен тектілігіне, қоғамда болып жатқан іс-әрекеттерді қалай қабылдайтындығына, алған тәлім-тәрбиесіне қарай көрініс табады.

Қазақ халқы күні бүгінге дейін сан түрлі қиын-қыстау кезеңдерді басынан өткергені белгілі. Мұндай келеңсіз жайттар қазақтың көрнекті тұлғаларын қалыптастырып, шыңдай түсті. Қазақ даласында қоғамдық-әлеуметтік жағдай сан құбылып, сырттан келген жау іштегі өзара талас-тартысты уақытша тоқтатса, жау беті кері қайтқанда өзара бақталастық, рушылдық, жер дауы сияқты ішкі мәселелер қайта тұтанып, сын сағаты туып жатты.

XIX ғасырдың орта шегінде дүниеге келген Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының кезінде де қоғамдағы саяси-әлеуметтік, діни жағдай қарбаласып қайнап жатқан-ды.

«Абай ел басқару ісіне кезінде аға сұлтан болған әкесі Құнанбайдың ықпалымен өте жастай араласты. Ол ел басқару ісіне алғаш рет патша өкіметі 1822 жылы 22 шілдеде бекіткен «Устав о сибирских киргизах» атты заң-ережесінің іс-жүзінде қолданыста болған соңғы жылдарында араласа бастап, одан кейінгі 1868 жылы 21 қазанда бекітілген «Временное положение

об управлении в областях Уральской, Тургайской, Акмолинской и Семипалатинской» деген заң-ереженің қазақтар «Жаңа низам» деп атаған билік құрып тұрған жылдарында өзі туып-өскен Тобықты елінде ұзақ жылдар болыс, би болып қызмет атқарды»¹¹⁵.

Бірақ шынтуайтқа келгенде, Кеңес өкіметі тұсында Абайдың ел басқару қызметі жайында терең, жан-жақты зерттеу жұмысын жасау мүмкін бола қоймағаны айтпаса да түсінікті. Сондықтан Абайдың шығармашылығына, оның мәдени-ағартушылық саласындағы қызметіне басты назар аударылып, қалың көпшілікке осы қыры көбірек насихатталды.

Бұл туралы академик Ғарифулла Есім өзінің «Абай туралы философиялық трактат» атты кітапшасында: «...Мұхтар Әуезов Абайдың өмірбаянын толық өз қолымен жазып қалдырды, бұл біздер үшін баға жетпес мәдени мұра. Алайда, осындай жұмыстардың бәрі кеңестік тоталитарлық қоғам кезеңінде жүргізілді, сондықтан Абайдың ойшылдық табиғаты өз мәнінде ашылмады, зерттелмеді. Ол замандағы Абай туралы еңбектерде, Абай Құнанбаев – ағартушы деген мәдени-идеологиялық түсінік қалыптасты, оның философиялық ой-талғамдарға құрылған қара сөздерін «нақыл сөздер» деп түсіндірілді. Бұл заманның сол кездегі ойлау деңгейінің көрсеткіші болатын. Абайдың хакім екендігін айту, еркін ойлау дәуірінен, еліміздің егемендік алған 1991 жылынан бастау алды»,¹¹⁶ – деп жазады.

«Абай он жасынан молдадан дәріс алса, он үш жасында Семейдегі Ахмет-Ризаның медресесінен білім алды»¹¹⁷ дегенді ескерсек, оның алғашқы дүниетанымы ислам дінінің негіздерімен байланысып жатқандығы дау туғызбайды. Олай болса, хал-

¹¹⁵ Байғалиев Б. Абай өмірбаяны архив деректерінде. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2001 (23-бетте).

¹¹⁶ Есім Ғ. Абай туралы философиялық трактат. Алматы: «Қазақ университеті», 2004. – 83 бет (4-бетте).

¹¹⁷ Абай Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпак: Өлеңдер. Поэмалар. Аудармалар. Қара сөздер. – Алматы: «Білім», 2010. – 304 бет (7-бетте).

қының мүддесі үшін оның ел болып қалыптасуына ерінбей қызмет етіп, бар ғұмырын сарп еткен қазақ әдебиетінің бірегей классигі Абай Құнанбайұлының ел басқару кезіндегі қызметі ислам дініндегі билік талаптарымен ұштасуы тиіс деген жорамал жасаймыз. Әрине, отаршыл патша өкіметінің қазақтарды басқару үшін бекіткен заң-ережелері болыс, би болу қызметін мейлінше шектеді. Бұл іс қиыншылығы мен азабы, талас-тартысы көп мансап болды. Хакім Абай Құнанбайұлының өмірбаянын мұрағат деректері бойынша зерттеген, мәдениеттанушы, мұрағаттанушы марқұм Бейсенбай Байғалиевтың «...ұлы ақын саналы өмірінің 18 жылын ресми осы қызметке арнап, оның 12 жылында болыс, 6 жылында би болып, ғұмырын әрқилы айтыс-таласқа толы оқиғалар үстінде өткізді», - дегеніне сенсек, Абай қиындықтан, талас-тартыстан бас тартпаған, керісінше, оған қарсы тұра білген, ел басқарған тұлға деуге бірден бір негіз бар.

Ел басқарған адам халықтың игілігін, бақытты тұрмысын ойлайды. Ел-жұрттың ауызбіршілігі, өсіп өркендеуі үшін бүкіл күш-жігерін жұмсайды. Осы айтылғандар хакім Абайдың бойында болғаны ешбір дәлелді қажет етепейді. Ақынның қай шығармасы болсын, түптеп келгенде, ынтымаққа, бірлікке, жоғары адамгершілікке шақырып тұр.

Абайдың «Болыс болдым мінекей» өлеңінде:

«...Ояз барда қылықты

Ояз жоқта етпеймін.

Кәкір-шүкір, көр-жөрді

Пайда көріп, ептеймін.

«Мынау арам, тентек», -деп

Еш кісіні теппеймін.

«Өзімдік бол», -деп ел жиып,

Құрастырып, септеймін.

Бұзақының бүлігін,

«Жақсы ақыл» деп, «құп» деймін»,¹¹⁸ – деп отаршыл патша өкіметінің күшпен бағындыру, әділетсіз, құйтырқы саясатын іштей қолдамайтындығын аңғартады. Дейтұрғанмен, хакім Абай патша өкіметінің саясатына ашық қарсы шықпаған. Мұның басты себебін Абайдың діни дүниетанымдық түсінігімен, Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.): «*Кімде-кім бір жамандықты көрсе, оны қолымен өзгертуге шамасы келсе, онда өзгертсін. Ал егер оған шамасы келмесе, онда тілмен қайтар-сын. Егер оған да шамасы келмесе, онда іштей жүрегімен қайтарсын...*»»,¹¹⁹ - делінген хадисімен байланыстырған дұрыс сияқты.

Қазақ халқының кемеңгер ақыны Абай Құнанбайұлы өз дәуіріндегі жағдайды жіте түсініп, отаршыл патша өкіметінің мықтылығын мойындап, оған тікелей қарсы шығу сәтсіздікке, нәтижесіздікке алып баратындықтан пайғамбар хадисіндегі «...*ал егер оған шамасы келмесе, онда тілмен қайтарсын. Егер оған да шамасы келмесе, онда іштей жүрегімен қайтарсын...*» – деген насихатына құлақ асып, тілі арқылы сөзін астарлай жеткізіп, іштей қайтарғандай. Бұл ісі ақынның әлсіздігін емес, керісінше, діндарлығын, даналығын, даралығын көрсетеді. Абай ақын жоғарыда келтірілген өлең жолдарының алдында:

«...Антұрғанмын өзім де,

Бір мінезбен өтпеймін.

Момындық күшті екенін

Көрсем дағы, күтпеймін.

Сыяздан соң елімді

Қысып алып кетпеймін.

Әуелде көті бос кәпір,

Мықтыға не деп беттеймін?

Жуанды қойып, жуасты

Біраз ғана шеттеймін...», – дей отырып:

«...Ақыл айтар туғандар,

¹¹⁸ Абай. Қалың елім қазағым: Шығармалары. –Алматы: Жалын, 1995.-384 б. (63-бетте).

¹¹⁹ Бұл хадисті Әбу Сағид әл-Худриден имам әт-Тирмизи риуаят етіп жеткізген.

Бұл сөзімді ойлаңдар.

Кәтелечке көбейді,

Сөгіс естіп, тозды ажар.

Мынау елді ұстарлық

Кісі емеспін, кел құтқар!...»,¹²⁰ – деп жар салады.

Бұл да әрбір оқырманға аз да болса, бір ой салар деп үмітте-
неміз.

Абайдың осы сияқты кейбір өлеңдерін оқып отырғанда, оның болыс, би болуға жеке бас мүддесі үшін бармағандығын аңғаруға болады. Халқын, оның салт-санасын сақтау жолында әділдік үшін, яғни халық арасында әділдікті ұстану, адамдардың біреуі екінші біреуінің құқына қол сұққанда, оның ақысын алып беру, олардың арасына тең құқық негізінде үкім айтып, адамдардың қажеттіліктерін өтеуден жасқанбай әділдік жүргізу қағидаттарын ұстану үшін барды деп жорамалдаймыз.

«Абай алдына есерсоқ бес жігіттің масқаралауымен бір кісенге кісенделген Бипа мен Олжабай әкелініп, қыздан істің мән-жайын білгеннен кейін Абай төмендегідей билік шығарады: қыз бен жігітті орынсыз масқаралап, жеке бастарын қорлағаны үшін, бес жігітке қыздың бұрынғы айттырған күйеуі қалың малға төлеген 100 қойды қайтаруды кесім етеді, ал би алдына келуге жасқаншақтап, өз намысын қорғауға жарамаған Олжабайға бір түйе айып салады, Бипа қызға бас бостандығын береді. Міне, осы биліктің өзінен-ақ Абайдың турашыл, әділ болғандығын айқын аңғаруға болады»¹²¹.

Абай Құнанбайұлының отыз сегізінші қара сөзінде: *«Иннал-лаһа юхиббул-муқситин»*, яғни *«Шын мәнінде, Алла – әділетті болғандарды жақсы көреді»*¹²², сондай-ақ *«Уа ахсину, иннал-лаһа юхиббул-мухсинин»*, яғни *«Игі (жақсы) іс жасаңдар. Шын*

¹²⁰ Абай. Қалың елім қазағым: Шығармалары. –Алматы: Жалын, 1995.-384 б (64-бетте)

¹²¹ Байғалиев Б. Абай өмірбаяны архив деректерінде.–Алматы: «Арыс» баспасы, 2001 –40-б.

¹²² «Маида» сүресі, 42-аят.

*мәнінде, Алла игілік (жақсылық) жасаушыларды жақсы көреді»*¹²³ және *«Уа әммәл-ләзина әмәнәу уә амилус-салихати фә юәффһим ужүрахүм уаллаһу лә юхиббуз-залимин»*¹²⁴, яғни *«... және сондай иман келтіріп, игі (жақсы) амал істегендер, сондай олардың сыйлықтарын (сауаптарын) толық береді. Алла залымдарды жақсы көрмейді»*, – деген мағынадағы Құран аятын келтіре отырып, зұлымдық пен ізгі амалдың, Абайша айтқанда, «ғамалус-салих»-тың қандай болатындығын 38-қара сөзінде жан-жақты талдап түсіндіреді.

Міне, осындай тілінде Құран аяты, жүрегінде иманы бар, қазақтың бірегей тұлғасы, діннен де, болып жатқан саяси қал-ахуалдан да жан-жақты хабардар хакім Абай Құнанбайұлын ел басқарған кезінде әділ болмады деп кім айта алады?!

Бар өкініштісі ісінде әділ, ақылы озық, ғұлама Абайды өз халқы көзі тірісінде құрметтей де, түсіне де қадірлей де білмеді. Осы орайда, Шәкәрім Құдайбердіұлының: *«...Ибраһим тұрағы қазақ ішінде болғандықтан қадірі аз білінді. Олай болмағанда, данышпан, ғұлама философ кісі еді...»*,¹²⁵ – деп өкінішпен еске алғанын келтіре отырып, өз сөзімізді дәйектейміз.

Абай Құнанбайұлының көп жағдайда қадірін білмей, оның ел басқарған кезінде үстінен жазылған арыз-шағымдар өз халқы тарапынан көптеп түскені жасырын емес. «Бұл арыз-шағымдардың мерзімін хронологиялық жағынан жинақтай көрсетер болсақ, 1876-1901 жылдар аралығын, яғни оның Қоңыр Көкше елінде болыстық қызмет атқаруынан өмірінің соңғы жылдарына дейінгі кезеңді қамтиды»¹²⁶. Бұл өз елінің қамын ойлаған Абайдай бірегей тұлғаға оңайға соқпағаны түсінікті.

¹²³ «Бақара» сүресі, 195-аят.

¹²⁴ «Әли Ғимран» сүресі, 57-аят.

¹²⁵ Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. –Алматы, 1991 (46-бетте).

¹²⁶ Б. Байғалиев. Абай өмірбаяны архив деректерінде.–Алматы: «Арыс» баспасы, 2001 (44-бетте).

Абай өз халқының оны дұрыс түсінбегені салдарынан ішкі назын өлең жолдарына төгуден басқа амалы қалмағандай. Біз мұны ақын:

*«Өзгеге, көңілім, тоярсың,
Өлеңді қайтіп қоярсың?
Оны айтқанда толғанып,
Іштегі дертті жоярсың.
Сайра да зарла, қызыл тіл,
Қара көңілім оянсын.
Жыласын, көзден жас ақсын,
Омырауым боялсын.
Қара басқан, қаңғыған
Қас надан нені ұға алсын?!
Көкірегінде оты бар,
Құлағын ойлы ер салсын.
Тыңдамаса еш адам,
Өз жүрегім толғансын.
Әр сөзіне қарасын,
Іштегі дертім қозғалсын.
Әуелесін, қалқысын,
От-жалын боп шалқысын.
Жылай-жырлай өлгенде
Арттағыға сөз қалсын.
Мендей ғаріп кез болса,
Мойын салсын, ойлансын.
Қабыл көрсе сөзімді,
Кім таныса, сол алсын.
Не пайда бар – мың надан
Сыртын естіп, таңдансын?
Онан дағы бір есті,
Ішкі сырын аңғарсын!...»¹²⁷ – деген*

¹²⁷ Абай. Қалың елім қазағым: Шығармалары. – Алматы: Жалын, 1995. – 384 б (92-бетте).

өлең жолдарын оқығанда еріксіз осындай тұжырымға келеміз. Осы өлеңінде Абай атамыз бізге өзінің не айтқысы келетінін аңғаруға, айтқан әрбір сөзінің астарына үңіліп, оның ішкі сырын ұғынуға шақырып тұр.

Расында, бүгінде хакім Абайдың өлеңдеріне үңіле оқып отыратын уақыттың жоқтығы оның үстіне діни сауаттылығымыздың төмендігі салдарынан қанша оқысақ та толық ұғына алмай келе жатқанымыз өкінішті-ақ.

Абайдың данышпандығы туралы Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев бір баяндамасында сөз ете келе: «...Абай әлемі бізді жеті түнде адастырмас Темірқазық іспетті. Соған қарап тірлігіміздің дұрыс бұрысын сараптай аламыз. Өйткені жанды жегідей жеп жүрген көп сауалдың жауабын Абай әлдеқашан айтып кеткен. Абайды оқып отырып-ақ, көштің басын баяғыда-ақ жөнге салып алуға болатын еді. Сорлатқанда біреудің уақыты жетпейді, біреудің ұғымы жетпейді, біреудің аты мен зауқы жоқ...»,¹²⁸ – деген болатын.

Түйіндеп айтқанда, Абайдың ел басқарған тұсында Семей облыстық басқармасының қылмысты істерді тіркейтін арнайы дәптеріне оның аты-жөнінің жазылып қалуының басты себебі нақты анықталмай, тек жорамалдар негізінде қазірге дейін екі ұшты болып қалып отырған жайы бар. Әрине, бұл біз көтеріп отырған тақырып аясына кірмейді, дегенмен, бұл отаршыл патша өкіметінің жүргізген құйтырқы саясатын қолдай бермегендігінің дәлелі болады деген ойға жетелейді.

Біз осы шағын мақалада Абайдай хакім тұлғаның қалыптасуына орасан зор ықпал еткен әкесінің ерен еңбегін де еске сала кету орынды деп білеміз. Қазақта: «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер», – деген ұлағатты сөз бар емес пе?! Хакім Абайдың тұлға болуында – ел басқару қызметіне жастайынан араластырып, бейімдеген әкесінің де беделі мен

¹²⁸ Н.Ә. Назарбаев. Абай туралы сөз. – Алматы: Рауан, 1995. - 6-58-беттер.

орны және әкелік тәрбиесі бүгінде жан-жақты зерттеуді қажет ететін тақырып.

Көзі тірісінде қазақ халқының қамын жеген, оның болашағын ойлап зар салған Абайдың бізге жеткен асыл мұрасы үлкенді-кішілі ел басқарған көкірегі ояу азаматтарға әділдік тұрғысынан ақылын айтып, кеңесші болып тұра бермек. Сондай-ақ Абай менменсінген, «болдым, толдым» деп мақтанғандарға:

*«Адам – бір боқ көтерген боқтың қабы,
Боқтан сасық боласың өлсең тағы.
«Менімен сен тең бе!» -деп мақтанасың,
Білімсіздік белгісі ол баяғы.*

*Кеше бала ең, келдің зой талай жасқа,
Көз жетті бір қалыпты тұра алмасқа.
Адамды сүй, Алланың хикметін (сез) сүй,*

*Не қызық бар өмірде онан басқа?!»,*¹²⁹ – деп өмірдің шындығын тағы да адамдықпен, кішіпейілдік пен Алланың хикметімен ұштасып жатқандығын еске салады.

Ибраһим (Абай) Құнанбайұлының шығармашылығын жан-жақты зерттеп, халық арасында кеңінен насихатталуына орасан зор үлес қосқан академик-ғалым, классик-жазушы М.Әуезов өзінің «Қазақ халқының ұлы ақыны» атты мақаласында: «...Абай бірсыпыра өлеңдерінде, әсіресе, «Қара сөздерінде» дінді жақтады. Дидактикалық өлеңдеріндегі насихаттың бірқатарын Абай ислам заңдарымен дәлелдеді», – деп жазады. Кемеңгер Абайдың гуманистік идеясын, әсіресе, толық адам жайлы іргелі танымын және тағы басқа түрлі тақырыптарды көтеріп, өзгелерден ерекшеленіп тұруының бір себебі де, оның ел басқару қызметінде болып, болыс-билермен де, қарапайым халықпен де қоян-қолтық араласып, олардың тұрмыс-тіршілігіндегі жағымды-жағым-

¹²⁹ Абай. Қалың елім қазағым: Шығармалары. – Алматы: Жалын, 1995.-384 б (169-бетте).

сыз жайттардың барлығын өз көзімен көріп, куә болуымен байланыстыру орынды болар деген пікірдеміз.

Хакім Абай бірінші қара сөзінде: *«Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық – әурешілікті көре-көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал, енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай өзім де қайранмын»,* – деп қиналады. Билікке қараса, отаршыл патша өкіметінің құйтырқы саясаты, замандастарына қараса мән-жайды әлі жіте түсіне қоймаған, басым көпшілігі күнделікті тұрмыстық санадан аса қоймаған, ой-өрісі шектеулі жандар. Өзі түгілі мәпелеп өсірген балаларына ақыл-кеңес айта алмай *«...қай елге қосайын, қай hareketке қосайын? Балаларымның өзіне ілгері өмірінің, білімінің пайдасын тыныштықпенен көрерлік орын тапқаным жоқ, қайда бар, не қыл дерімді біле алмай отырмын»,* – деп қынжылады.

Абай өзінің саналы ғұмырын туған халқына арнады. Халықты ең баста дінді дұрыс түсінуге шақырып, жастарды заманына қарай ғылым-білім алуға насихаттады. Абай әрқашан әділдіктің жаршысы болды.

Негізі осы әділдік туралы академик Ғ.Есім: *«...әділеттілік туралы сөз де, теория да, утопия да көп. Адамзат баласы әділеттілік туралы айта-айта жалыққан да сияқты. Қандай қоғамдық, әлеуметтік қозғалыс болмасын айтатындары әділеттілік туралы ұран. Кешегі күні өткен социализмді жер бетіндегі ең әділетті қоғам деп даурықтық. Онымызбен не іс бітті, қарапайым тілге салсақ, босқа арам тер болдық, алдандық, алдадық, адам айтқысыз жапа шектік. Неге және неліктен? Мұның бәрі дәлелдері және қисындары көп, ол жөнінде бүгінде алуан түрлі көзқарастар да бар. Социализм жағдайында әділеттілік неге мүмкін болмады дегенге келсек, менің айтарым, (Ғ.Есім.) біз әділеттілікті Абай дәстүрінде түсінген жоқпыз. Коммунистер*

әділеттілікті діннен тыс қарастырды. Дін әділетсіздікке бастайды деп түсіндірілді. Дінсіз әділеттілік бола ма? Абай ұғымында дінсіз әділеттілік жоқ, ол әділеттілікті Хақ жолы деп нақты айтып отыр. Біз осы идеяны қабыл аламыз ба, жоқ па?...»,¹³⁰ – деп мәселені төтесінен нақты қояды. Шынында да, хакім Абай:

*«Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және хақ жолы осы деп әділетті...»*,¹³¹ – деген болатын.

Әрине, бұл біз ойланатын мәселе. Бүгінде біз әділетті қоғам орнатуға бет алып отырған тәуелсіз ел ретінде, өзіміздің мұсылмандық дүниетанымымызды айналып өтпеуге тиіспіз. Керісінше, мүмкіндігінше оны қолдап, қорғауға міндеттіміз.

¹³⁰ Есім Ғ. Абай туралы философиялық трактат. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 83 б. (17-бетте).

¹³¹ Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы. 1986. – 302 б (247-бетте).

ИМАНДЫЛЫҚ ТАҚЫРЫБЫ АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА¹³²

Қазақ тіліндегі *иман* сөзі араб тіліндегі «*иман*» (الإيمان) сөзінен алынған. Қазақша «сену, нану, сенімді болу, сенім арту» деген мағыналарға келеді. Бұл сөз тілдік тұрғыда, қандай да бір сөзді қуаттауда немесе айтылған ой-пікірді ешбір күмәнсіз қабыл ету, оған шын ықыласпен, жүрекпен сену дегенді білдіреді.

Ал діни терминдік мағынасы Мұхаммед пайғамбарға (с.ғ.с) Құдай тағала тарапынан жеткен үкімдерді растап, оған шын сеніп қабыл ету болып табылады. Діни саладағы кітаптардың бірінде: «...иман етудің негізгі қағидасы жүрекпен бекітіп, тілмен айту. Себебі бір адамның толық мұсылман болуы үшін иман негіздерін жүрегімен қуаттап, тілімен сенгендігін айтуы тиіс...»,¹³³ – делінеді. Қазақ тілді сөздіктерде көбіне, бұл сөз осы діни терминдік мағынасында қолданылылады.

Нақтырақ айтсақ, сөздікте «иман – сенім, мұсылман дінінің құрамдас бөлігі. Иман ұғымы – исламдағы ең қасиетті нанымдардың бірі...»¹³⁴ делінсе, тағы бірінде иман «ислам дініндегі бес парыздың бірі, Алла тағаланың жалғыз, біреу екеніне, Алладан басқа құдайдың жоқтығына, Мұхаммед пайғамбар оның елшісі екендігіне сену, мұсылмандықтың негізгі шарты...»¹³⁵ деп түсіндіріледі. Осы иман жайында Абай

¹³² Бұл мақала әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршы. Шығыстану сериясы, №3 (60) 2012 жылғы санында жарияланған (94-98-беттер). Мақаланы баспаға қайта әзірлеуде азана түзетулер мен толықтырулар енгізілгенін ескертеміз.

¹³³ С.Сейтбеков. Иман негіздері.-Алматы, Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры, 2011.- 376 б (66-бетте).

¹³⁴ Энциклопедия «Ислам» / Бас редактор Р.Нұрғалиев.-Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995. - 286 б (64-бетте).

¹³⁵ Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 7-том. - Алматы: Арыс, 2007. - 752 б (235-бетте).

Құнанбайұлы да сөз қозғап: «...иман деген – Алла табарака уа тагаланың шәриксіз, ғайыпсыз бірлігіне, барлығына уа әртүрлі бізге пайғамбарымыз саллалаһу ғалайһи уәссәлләм арқылы жіберген жарлығына, білдіргеніне мойын-сұнып, инанмақ», – деп түсіндіреді.

Негізі иман – көзбен көріп, қолмен ұстап көретін тек теориялық түрде расталатын мәлімет емес, керісінше, көзге көрінбейтін, қолмен ұсталмайтын бірақ бар екендігін адам ақылы жоққа шығармайтын көмескіге сену, оны шын ықыласпен қабылдап, күмәнсіз жүрекпен бекіту деген ұғымды білдіреді. Осы «иман» жайында сөз еткенде міндетті түрде «жүрек» концептісі тілге оралады. Өйткені Құран мәтінінде иманның шынайылығы жүрекпен байланыстырылады. Мысалы, Құранда:

«...Ей, Пайғамбар! Саған тек ауыздарымен: «Сендік», - деп айтып, бірақ жүректері сенбегендермен күпірлікте жарысқандар сені кейітпесін»,¹³⁶ – делінсе, тағы бірде: «Бәдеуилер: «Біз иман келтірдік!», – деді. (Ей, Мұхаммед!) Сен оларға айт: «Сендер иман келтірмедіңдер», тек «Біз мойынсұндық деңдер». Өйткені иман әлі жүректеріңе кірмеді де...»,¹³⁷ – деген мағынадағы аят кездеседі.

Осылайша шынайы иман тікелей жүрекпен байланыстырылып: «Міне, солардың жүректеріне Алла иман жазған әрі оларды Өз жағынан бір нұрмен қолдаған. Және оларды астарынан өзендер ағатын әрі онда мәңгі қалатын бейіштерге кіргізеді. Алла, олардан разы, олар да Алладан разы...»,¹³⁸ – деген мағынада дәріптеледі.

Осы сияқты пайғамбар хадистері де иманды жүрекпен байланыстырады. Бір мысал келтірсек, хадисте: «Кісінің тілі мен

¹³⁶ Құран Кәрім қазақша мағына және түсінігі. Ауд. Халифа Алтай. - Алматы, 2000. – 476 б. («Маида» сүресі, 41-аят).

¹³⁷ «Хужурат» сүресі, 14-аят.

¹³⁸ «Мужадала» сүресі, 22-аят.

жүрегі тең болмайынша ол иман келтірген болмайды...»,¹³⁹ – делінеді.

Исламда иман мәселесі өте өзекті тақырып. Статистикалық дерекке сүйенсек, «Құран мәтінінде «иман» (الإيمان) сөзі түрлі үлгілерімен қоса есептегенде 811 рет»¹⁴⁰ кездеседі екен. Дегенмен «...шешуші мәнге ие иман мәселесінің Құранда айқын тұжырымдалмауы кейін мұсылмандар арасында көзқарастар қайшылығының пайда болуына әкеп соқты. Ислам діні алғаш пайда болған кезеңде дін мен құқық ережелердің ажыратылмауына байланысты «иман» ұғымы әртүрлі діни және діни-құқықтық мектептер арасында айтыс-тартыстар мен жікке бөлінудің себебіне айналды»¹⁴¹.

Қысқаша айтсақ, ислам тарихында бір топ иман дегеніміз – жүрекпен бекіту деп қабылдап, өз пікіріне діни мәтіндерден дәлелдер келтірсе, енді бір топ иман – сенілуі қажет діни тұжырымдарды жүрекпен білу деген көзқарасты алға тартқан, ал енді бір топ иман – тілмен айтудан тұрады деген пікірді ұстанса, келесі бір топ иман – өз сенімін жүрекпен бекітіп, оны тілімен айту деген. Ал енді бірі иман – адам өз сенімін жүрекпен бекітіп, оны тілімен айтып әрі осыған орай амал етуден тұрады деген қатаң көзқарасты ұстануда. Осы айтылғандардың ішінде біздің ұстанымымыз – өз сенімімізді жүрекке бекітіп, оны тілмен айту жолы. Осындағы тілмен айту иманның негізі емес, оның шарты ретінде есептеледі. Осылайша біздің «...ханафи мазһабы бойынша амал ету иманның бір бөлігі болып саналмайды... Бір адам иман негіздерін жүрегімен қуаттап, тілімен сенімін айтатын болса, ондай кісіні мумин деп есептеп, мұсылманша қарым-қатынас жасап, артында тұрып намаз оқиды... Керісінше, иман негіздерін жүрегімен қуаттап, тілімен

¹³⁹ M.Esed Erbil. Kenzül-irfan. 1001 Hadis İbadet ve Ahlak ile ilgili. İstanbul-1989. 244s (18-бетте).

¹⁴⁰ <http://ejabat.google.com/ejabat/thread/tid=27417c785bacfc32>

¹⁴¹ Энциклопедия «Ислам» / Бас редактор Р.Нұрғалиев. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясы, 1995. - 286 б (64-бетте).

сенімін айтпаса, жоғарыда келтірілген әрекеттер жасалынбайды»¹⁴². Соңғы кездері қоғамымызда жастар арасында белең алып отырған сырттан келген ұстанымдардың бірі – әрбір адамның өз сенімін алдымен жүрекпен бекітіп, тілімен айтып әрі осы айтқанына сай амал етуді оның шарты деп білуі. Бұл ұстаным бойынша «...осы үш негіздің біреуі кем болса, пенде иман еткен болып саналмайды. Мәселен амалды жасамаған яки тәрк еткен кісі *мумин* деген атқа ие бола алмайды.

Хариджиттер бойынша, бір адам иман етсе, бірақ амал етпесе, ол мумин емес, керісінше, кәпір болады. Себебі иман етудегі үш негіздің бірі болып саналған амал етуді тәрк еткендігі үшін иманы жарамсыз болып табылады.

Ал Муғтазила мен Зәйдия мазһабтарының діни түсінігі бойынша, бір кісі иман негіздеріне жүрегімен сеніп, тілімен сенімін айтып, амал етпесе, ондай кісі иман мен кәпір арасындағы фасық (күнәкар) деген дәрежеде болады. Ондай кісіні кәпір де емес мумин де емес фасық деп атайды... Егер де фасық деп аталған кісі істеген күнәсі үшін тәубе етпестен өлетін болса, о дүниеде мәңгілік тозақта қалады. Тәубе етсе, мумин болып дүниеден өтеді деген пәтуә береді...»¹⁴³.

Міне, осы айтылғандардан-ақ исламдағы иман концептісінің өте күрделі тақырып екендігін аңғаруға болады. Байқағанымыздай, ИМАН концептісімен қоса ұдайы ЖҮРЕК концептісі қатар аталады. Бұған қоса осы тақырып аясында «мумин (мұсылман), кәпір (ислами ұстанымдарды мойындамай, жоққа шығарушы), фасық (пасық, күнәкар), мұнафық (екіжүзді), аси (діни жоралғыларға қарсы шығушы), мушрик (Аллаға серік қосушы), муртад (ислам дінін қабылдап, кейіннен өз райынан қайтып, басқа дінге өтуші), жұмақ, тозақ барзақ, қабір, күнә, тәубе,

¹⁴² С.Сейтбеков. Иман негіздері.-Алматы: Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры, 2011.-376 б (81-82-беттерде).

¹⁴³ С.Сейтбеков. Иман негіздері.-Алматы: Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры, 2011.-376 б (82-бетте).

сауап, амал, мағрифат, (білу, тану)» деген сияқты тағы басқа діни концептілер кездеседі.

Адам сенімінің жалпыламалығы мен оның жалқылығына (жеке-жеке сенуге) қарай иман екіге бөлінеді. Олар:

- 1) *Ижмали иман* (жалпы иман);
- 2) *Тафсили иман* (жалқы, жеке-жеке иман).

Ижмали иманға (жалпы иманға) – *кәлимәи таухид* (Жаратқанды бірлеу сөзі) және *кәлимәи шәһада* (Куәлік келтіру сөзі) жатады. *Кәлимәи таухид*, яғни Жаратқанды бірлеу сөзіне: «*Лә иләһә иллаллаһ, Мухаммадур расуулуллаһ*» (қазақшасы: Алладан басқа ешбір тәңір жоқ, Мұхаммед (с.ғ.с.) Алланың елшісі) деген мағынадағы сөздерді қамтыса, *кәлимәи шәһада*, яғни куәлік келтіру сөзі: «*Әшһәду әл ләә иләһә иллаллаһу уә әшһәду әннә Мухаммадән абдуһу уә расулуһу*» (қазақшасы: Мен Алладан басқа ешбір тәңір жоқтығына куәлік беремін. Сондай-ақ мен Мұхаммед (с.ғ.с.) Алланың құлы әрі елшісі екендігіне куәлік беремін) деген мағынадағы сөздер жиынтығын құрайды. Осылайша хазіреті Мұхаммедті (с.ғ.с.) Алланың құлы әрі Оның елшісі деп шын жүректен қабылдаған әрбір пенде пайғамбар насихаттаған, түсіндірген ислам дінінің бүкіл негіздерін қабылдадым дегенге саяды. Сондай-ақ осы сөздерге шын жүрегімен сеніп, оны тілімен айтқан әрбір адам тегіне, жынысына, ұлтына қарамай мұсылман санатына кіреді. Бірақ мұнымен шектеліп қалуына болмайды. Себебі нендей нәрселерге қандай жолмен сенгендігін таратып, жеке-жеке түсініп иман келтіруі тиіс. Мұны *тафсили иман* деп атайды. Кейде бұған «иманның шарттары» деген атау беріледі. Иманның алты шарты бар. Оларды атап айтсақ, Алланың бар және бір екендігіне, Оның періштелеріне, кітаптарына, пайғамбарларына, ақирет күніне, тағдырға иман келтіру. Иманның осы шарттары «*Әмәнту*» –де жинақталады. Әрбір «мен мұсылманмын» деген адам «*Әмәнту*»-дің мағынасын дұрыс түсініп білуі маңызды. Хакім Абай өз өлеңдерінің бірінде:

«...*Әмәнту оқымаған кісі бар ма?* /

Уә кутубиһи дегенмен ісі бар ма?», - деп өз замандастарының көбі «әмәнту»-дің мән-мағынасын жіті түсінбей жай тілімен айта салатындарды сынға алып, бұл тақырыптың аса өзекті екендігін меңзейді.

Егер байыптап қарасақ, біз сөз етіп отырған *тафсили иман* иманның кешенді қарастырылатын ең ауқымды түрі екендігі түсінікті болады. Мұның үш мәртебесі болатындығы айтылады. Нақтырақ айтсақ, «...бірінші мәртебесі – Аллаға, хазіреті Мұхаммедтің (с.а.у.) Алланың пайғамбары екендігіне және ақирет күніне нақты сену. Тафсили иманның бірінші мәртебесі ижмали иманға қарағанда, ақиретке сенуді қосып айтуымен ерекшеленеді. Екінші мәртебесі – Әмәнту билләһ. Яғни Аллаға, Алланың періштелеріне, кітаптарына, пайғамбарларына, ақирет күніне, өлгеннен кейін қайта тірілуге, жаннат пен жаһаннамның бар екендігіне, тағдырға, жақсылық пен жамандықтың Алладан екендігіне сену. Үшінші мәртебесі – Құран және мутауатир хадистермен бекітілген барлық итиқади, амали және ахлақи үкімдердің бәріне жеке-жеке тоқталып, Аллаһ пен Оның елшісінің бұйырған әмір мен тыйымдарына сену. Мысалы, намаз, ораза, зекет, хаж секілді парыз амалдарға, халал мен харам амалдарға шын жүреппен сену... », ¹⁴⁴ – деп түсіндіріледі.

Нығыздап айтқанда, исламдағы иман концептісі – ең баста жүректе қалыптасатын әрі онда орнығып сезілетін нәрсе. Сондықтан имандағы ең басты нәрсе – жүректің мақұлдауы. Құранда айтылған жүрек ұғымы, ақыл ұғымымен мазмұндас болып келеді. Нақтырақ айтсақ, «Жүрек сөзі Құранда 132 рет қайталанса, оның бәрі де ақыл мағынасында» ¹⁴⁵ беріледі. Ақыл – иман үшін қажетті бір шарт. Ақыл болмай шынайы иманға жету мүмкін емес. Ақли дәлелдерге сүйеніп жеткен объективтік нақты мәліметтер арқылы иманға жету, зерттеуге әрі ізденіске негізделген иманның (*тахқиқи иман*) талабы. Ислам дүниетаны-

¹⁴⁴ С.Сейтбеков. Иман негіздері.-Алматы, Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры, 2011.-376 б (72-73-беттерде).

¹⁴⁵ <http://www.odabasham.net/show.php sid=31078>

мында мақұлданып, құпталатын иман осы – тақлиды иман. Ал ізденіске, нақты бір білімге негізделмеген иман (*тақлиди иман*) аса құпталмайды. Себебі бұл отбасынан, өмір сүріп жатқан ортасынан естіп, біліп көптің бірі болып нақты білімге, дәйекке негізделмеген иман саналады. Десек те, «...Әбу Ханифа, Суфяны Сәури, Малик ибн Әнәс, Әузай және барлық фикһ ғалымдары мен хадис ғалымдары иманның бұл түрінің дұрыстығын айтады. Бірақ нақли (аят-хадис) әрі ақли дәлелдерді қолданып, сол иманын қуаттамайынша, ондай кісі күнәкар болады дейтін де пікірлер бар. Ақиқатына келгенде бұқара халықтың иманы көбіне, осы тақлиди иманға жатады. Ғалымдар тақлиди иманның үнемі күмәнға ұшырауға (нақты дәлелдермен қуатталмағандықтан), миссионерлердің жетегінде кетуге бейімділігі басымырақ екендігін айтады...» ¹⁴⁶.

Абай Құнанбайұлы біз сөз етіп отырған «*тахқиқи иман*»-ды 13-қарасөзінде «*яқини иман*» деп береді. Негізі бұл екі сөз діни терминдік мағынасында бір-біріне синоним деуге болады. Абай тахқиқи иманның синонимін қолданған. Осылайша «...иманның яқини және тақлиди деген екі түрі болатынын айтып, «*иман*» деген діни ұғымға ғылыми және моральдық мән, мазмұн беруге ұмтылады. *Яқини иман* – шын иман, шын нану, сену. Бұл иман ақылдан, дәлелден, ғылымнан туады. Бір нәрсеге сенгенде, «...соның хақтығына ақылы бірлән дәлел жүргізерлік болып...» ақыл дәлелімен нану керек. Бұл иман білімге, ғылымға, ақыл дәлеліне негізделуге тиісті. Демек, Абайдың түсіндіруінше шын иман танымнан шығуы, тууы керек. Неге сенсең де, соның сырын, ішкі мәнін біліп сен, тіпті, құдайға сенгенде де, оған ақыл дәлелі арқылы сенуге шақырады. Абайдың иманға беріп отырған бұл түсінігі – көптеген философтарға тән парасатты түсінік. *Тақлиди иман* – еліктеуден шыққан иман, наным, сенім. Бұл иман ақылдан, ғылымнан, дәлелден тумаған, тек дін иелері-

¹⁴⁶ С.Сейтбеков. Иман негіздері. - Алматы, Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры, 2011.-376 б (73-бетте).

нің айтқанына иланудан, соларға еліктеуден туған. Абай сөзімен айтқанда тақлиди иман – «...кітаптан оқу бірлән яки молдалардан есту бірлән...» болатын иман. Бұл иман – өзі ештемені білмей, еш нәрсе туралы ойламай, дін иелерінің сөзіне еріп, «ел қалай көшсе, мен де солай көштім» деген надандықтан шыққан соқыр сезім, үстірт наным. Абайдың аңғаруынша, дінге сенушілердің иман туралы ұғымы осы екінші түсінік, олар шын иманның не екенін білмейді, өйткені шын иман ғылымға, танымға байланысты, ал дінге сенушілердің «яқини иманы бар деуге ғылымы жоқ...». Иманның осы екі түрін талдай келіп, Абай біріншіден, шын иман – таныммен барабар дегенді аңғартады. Екіншіден, иманды этикалық, адамгершілік мәселесімен ұштастырып, оны ар, ұят деңгейіне көтереді»¹⁴⁷.

Абай Құнанбайұлы 38-қарасөзінде Құдай тағаланы танып білу жайлы сөз қозғап, «...құдай табарака уа тағала кітаптарда сегіз субутия сипаттары бірлән, уә тоқсан тоғыз Әсмаи хұсналар бірлән білдірген. Бұлардың һәммасы Алла тағаланың затия субутия уә фиғлия сипаттары дүр. Мен мұнда сіздерге төртеуін білдіремін. Оның екеуі – ғылым, құдірет. Сегіз сипаттан қалған алтауы – бұларға шарх. Ол алтауының бірі – хаят, яғни тірлік...», – дейді. Осы айтылғандарды түсініктірек айтсақ, «...біз Алланы заты тұрғысынан емес, тек есімдері мен сипаттары тұрғысынан ғана танимыз және солай иман етеміз. Біздің шектеулі ақылымыз шексіз құдіреті күшті Алланы толық меңгере алмайды, тек сипаттарымен ғана танығандықтан, иман етумен шектелеміз»¹⁴⁸.

Құдай тағала ең кәміл сипаттардың Иесі екендігін Құран және хадис мәтіндері аясында танып білеміз. Біз Оны осы сипаттары мен көркем есімдері арқылы ғана танып білеміз. Алла тағаланың сипаттары затия және субутия болып екіге бөлінеді.

¹⁴⁷ Бұл сілтеме сайттан алынған. http://kk.wikipedia.org/wiki/Абай_Құнанбайұлының_дінге_көзқарасы.

¹⁴⁸ С.Сейтбеков. Иман негіздері.-Алматы, Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры, 2011.-376 б (137-бетте).

Жоғарыдағы Абай қарасөзінде осы жайында сөз болады. Затия, яғни тек Алла тағаланың затына тән сипаттарға:

- 1) الوجود «Уужуд» (кез келген мекеннен, бағыттан, уақыттан тыс бар болу);
- 2) القَدَم «әл-Қидам» (бар болуының әуелі, ешбір бастауы жоқ);
- 3) البقاء «әл-Бәқаа» (бар болуының ешбір соңы жоқ, Мәңгі);
- 4) الوحدانية «әл-Уахдания» (Құдай тағала затында, барлық сипаттары мен істерінде ешбір серігі, теңі жоқ Біреу-ақ);
- 5) المخالفة للحوادث «әл-мухалафәту лил-хауадис» (Кейіннен жаратқан, пайда еткен махлұқаттарының ешбіріне ұқсамау);
- 6) القيام بنفسه «әл-қияму би нәфсиһи» (Өздігінен бар болу, Бар болуы ешкімге, ешнәрсеге тәуелді емес) жатады.

Ал субутия, яғни Құдай тағаланың ісіне қарасты сипаттары. Олар:

- 1) الحياة «әл-Хаят» (тірі болу, Тірілік);
- 2) العلم «әл-Илм» (ғылым, кез келген нәрсені Білуші);
- 3) السَّمْع «әс-Сәмиъ» (кез келген нәрсені Естуші);
- 4) البصر «әл-Басир» (кез келген нәрсені Көруші);
- 5) الإرادة «әл-Ирада» (Қалаушы, кез келген нәрсені тек Өз қалауы бойынша Жасаушы);
- 6) الكلام «әл-Қаләм» (Сөйлейді, бірақ дыбыс әріп, сөздерді құрастыруға мұқтаж емес);
- 7) القدرة «әл-Қудра» (шексіз күш-құдірет Иесі);
- 8) التكوين «әт-Тәкуин» (жоқтан бар ету).

Негізі «субути сипаттар Алланың зати болмысы болмағанымен, затымен, болмысымен бірге болатын сипаттар. Бірақ, ол сипаттар жаратушының зати сипаттарынан бөлек қарастырылмайды. Матуридилер бойынша субути сипаттардың саны 8, әшғарилер бойынша 7. 1. Хаят; 2. Ілім; 3. Сәмиғ; 4. Басар; 5. Ирада; 6. Құдірет; 7. Калам; 8. Тәкуин. Әшғарилер 8-Тәкуин

сипатын Құдірет сипатына жатқызып, субути сипаттарды жетеу деп есептейді»¹⁴⁹.

Міне, осы айтылғандардан кейін Абайдың 38-қарасөзіне қайта оралып, «...Мен мұнда сіздерге төртеуін білдіремін. Оның екеуі – ғылым, құдірет. Сегіз сипаттан қалған алтауы – бұларға шарх», – деген сөздерін еске алсақ, хакім Абайдың ислам дінінің сенім тұрғысынан Матуридия бағытын ұстанғандығын аңғарамыз. Бұл пікірді ғалым Ш.Керім де қуаттайды. Нақтырақ айтсақ, «...Абайдың ақидалық сенімге қатысты көзқарасы Орта Азия елдерінде орныққан дәстүрлі Матуридия мектебінің ықпалымен қалыптасқан. Егер сәләфилік бағыт тек нақылға ғана табан тіресе, муғтазалиттер таза ақылға тым ерік берсе, ал Матуридия кәләм ілімі ақыл мен нақылдың екеуін де бір-бірінен дәрежесін кемсітпей қатар қолдануымен, орта жолдан ауытқымауымен ерекшеленеді. Абай да біржақты кетпей, керісінше, осы екеуін қатар, тең деңгейде ұстау керек деп есептеген...»¹⁵⁰ дейді.

Осы тұста бұл мәселе жайында айту өте маңызды. Қазақ халқы ғасырлар бойы исламның сенім тұрғысынан Матуридия бағытын, ал тағат-құлшылықта Әбу Ханифа мазһабын ұстанған. Қазіргі таңда Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасы да осы бағытты ұстануда. Бұл бағыт соңғы кездері жиі айтылып жүрген дәстүрлі ислам деген ұғымды қамтиды. Міне, сондықтан осы бағытты жастар арасында кеңінен насихаттау әрбірміздің міндетіміз. Себебі бұл еліміздегі мұсылмандық діни идеологияның біртұтастығын қалыптастырумен қоса, терроршылдық, экстремистік ой-сана, пиғылдың исламдық сенім-нанымдармен ұштауының алдын алады. Сондай-ақ бұл бағыт еліміздегі ынтымақ-

¹⁴⁹ С.Сейтбеков. Иман негіздері.-Алматы: Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры, 2011.-376 б (141-бетте).

¹⁵⁰ Ш.Керім. Абай қара сөздеріндегі ақыл мен нақыл түсінігі. Тәуелсіздік және Абайтану: Хал. ғыл. теор.конф. материалдары. – Алматы: Print Express, 2010. -272 б. (77-бетте).

бірлікті, ұлтаралық татулықты, діни түсіністік пен сұхбаттастықтың нығая беруіне өзіндік ықпалын тигізері даусыз.

Қорыта айтқанда, дінге, сенімге, иманға қатысты мәселелерде діни сауаттылықтың, білімнің маңыздылығы өте зор. Өйткені білім жүректі сендіруге, орнықтыруға, ал діни сауатсыздық пен білімсіздік көбінесе, адамды адасуға, дінді дұрыс түсінбеуге алып барады. Сондықтан әрбіріміз жан-жақты сауатты болуға талпынуымыз керек.

ҚҰРАН АЯТТАРЫНДА КЕЗДЕСЕТІН «ЖҮРЕК» ҰҒЫМЫНДАҒЫ ЛЕКСЕМАЛАР¹⁵¹

Біз сөз еткелі отырған жүрек концептісі араб тілінде «Қалб» (القلب) деп аталады. Бұл сөздің тілдік мағынасы «ауытқу, ауыспалы» дегенді білдіреді. Осы жүрек концептісін татар тіліндегі әлемнің тілдік бейнесі (ӨТБ) тұрғысынан қарастырған зерттеуші Данилова Р.Р. «...қай тілде болмасын «тірек» концептілерінің қатарына адамның биологиялық сондай-ақ рухани әрі психологиялық орталығы болып табылатын «Жүрек» концептісі жатқызылады. Бұл концептінің әлемнің тілдік бейнесінде қалыптасуы адам табиғатының дуалистігін көрсетеді. Оған қоса дәл осы «Жүрек» концептісі көп жағдайда тілдің антропоцентризмін бейнелейді [Цримова 2003], Осы тұрғыдан алғанда адам өзін-өзі және өзінің әлемдегі қызметін тану арқылы әлеммен танысады. «Йөрәк» (Жүрек) концептісіне көңіл бөлу оның адам өміріндегі барлық саласына қатысты болуына негізделген. Мысалы, эмоционалды-сезімдік, рухани, діни және тағы басқа салалар...»,¹⁵² – деп тақырыптың маңыздылығын айқындай түседі.

¹⁵¹ Бұл мақала 2012 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршы. Шығыстану сериясы, №4 (61) - санында 93-99-беттерінде жарияланған. Мақаланы баспаға қайта әзірлеуде аздаған түзетулер мен толықтырулар енгізілгендігін есерттеміз.

¹⁵² Данилова Р.Р. Концепт «Йөрәк» («Сердце») в татарской языковой картине мира. Автореферат. диссертации на соискание ученой степени кандидата филологических наук. Казань-2009., 25 стр. Түпнұсқа мәтін: «...к «ключевым» концептам любого языка относится концепт «сердце», символизирующий центр человека – как биологический, так и духовный, и психологический. Функционирование этого концепта в ЯКМ отражает дуалистичность природы человека. Более того, именно концепт «сердце» в наибольшей мере выражает антропоцентризм языка [Цримова 2003], с позиции которого человек познает мир через осознание себя, своей деятельности в нем. Обращение к концепту «йөрәк» обусловлено тем, что он участвует практически во всех сферах человеческой жизни: эмоционально-чувственной, духовной, религиозной и др...»

Біз осы шағын мақалада жүректің Құран мәтініндегі ұғымдарына тоқталуды мақсат етеміз.

Құран мәтінінде имандылық тақырыбы сөз болғанда жүрек концептісі иман ұғымымен астарласып бірге беріледі. Бұған қоса жүрек ақыл мен ұжданды¹⁵³ да қамтып жатқан жан-жақты терең ұғым ретінде қарастырылады. Енді бірде Құран мәтінінде жүректің ойланатын ағза екендігін меңзейтін аяттар кездеседі. Мысалы, «Хаж» сүресінің 46-аятында айтылған жүрек ақылдың ісіне негізделген. Осыларға қарағанда жүрек – терең ойлану, оқиғалардың бас-аяғын болжай білу; олардың себебі мен хикметін түйсінудің объектісі бола алады.¹⁵⁴ Міне, сондықтан Құрандағы жүрек ұғымындағы лексемалар тартымды тақырып болумен қатар діни жоралғыларды түсінуде, имандылық мәселесінде өте маңызды рөл атқарады.

Адамның ойлану үдерісі оның ақылы арқылы іске асатыны белгілі. Бірақ біз ақылмен бірге сезім мүшелерінің де ойлануға ықпалы болатынын жоққа шығара алмаймыз. Адам баласының дұрыс ой жүгірте алуы үшін мимен қоса басқа да сезім мүшелерінің де сау болуы қажет.

Құран мәтінінде «ақыл» ұғымы тура мағынасында қолданылмаған, ол көбіне «...ақыл жұмсап ойланбайсыңдар ма?» деген сияқты үлгілерде оның қызметін түсіндіретін аяттарда кездеседі. Статистикаға жүгінсек: «Ақыл» лексемасы Құранда түбір сөз ретінде кездеспесе де етістік түріндегі «يعقل» (яқилу), «يعقلون» (яқилуун) үлгісінде 49 рет кездеседі.¹⁵⁵

Құран мәтініндегі ақылды – функциональды ақыл деуге болады. Осы тұста біздің айтпағымыз – жүрек ұғымы ақылды, ақыл жүгіртуді, ойлану мен түсінуді қамтитын ұғым болуымен қатар, мидың өзге де жүйелерін қамтитын адамның биология-

¹⁵³ Мұхаммед Али. Мәһумул-Акл уәл-Калб фил-Куран уәс-Сүнна. Бәйрут, 1983. (17-бетте).

¹⁵⁴ Мұхаммед Али. Мәһумул-Акл уәл-Калб фил-Куран уәс-Сүнна. Бәйрут, 1983. (118-бетте).

¹⁵⁵ <http://ejabat.google.com/ejabat/threadid=07b14121f7518149>.

лық, физиологиялық, психологиялық, моралдық және зиялылық жағын да білдіретін ұғым ретінде қабылдана алатындығы. Басқаша айтсақ, адам сенімінің, иманының орнығатын оның орталығы саналатын жүрек – ақылмен қоса адамның ішкі әлемінің барлығын қамтитын ұғым.

Осылайша жүрек ұғымы – көбіне, ойлану, білу, ақыл жүгірту сияқты саналы әрекеттердің орталығы ретінде танылады. Ақыл жүгіртудің кез келген түрі жүрекпен байланыстырылады әрі аталмыш қызметтер, ақылдың қызметі болғандығына қарағанда, иманның орталығы деп саналған жүректің ақылмен өте тығыз қарым-қатынасы бар екендігі аңғарылады. Осыдан кейін Құран аясындағы жүрек концептісі кез келген саналы іс-әрекеттердің орталығы болған теориялық ақыл деп тұжырымдауға болады.

Жүректің дәлел шығаратын әрі ақыл жүгіртетін әрекеттерді жүзеге асыратын теориялық ақыл екендігін Құрандағы: «...Олардың жүректері бар, алайда, олар онымен түсінбейді»¹⁵⁶; «...Олар жер жүзінде кезіп жүрмеді ме? Сонда олардың түсінер жүректері, естер құлақтары болса еді»¹⁵⁷; «...Олар Құранды түсінбей ме? Әлде олардың жүректері құлыптаулы ма?»¹⁵⁸ – деген сияқты мағынадағы аяттардан иманның жүрек арқылы жүзеге асатын әрі растаудың мекені саналатын жүрек ақылға синоним сөз ретінде қолданылғандығын түсінеміз.

Құран мәтінінде әлем және әлемде болып жатқан құбылыстар жайлы ойланып-толғану, осылайша Жаратқан Иенің бар және Оның бір екендігін жіті түсіну сөзсіз адам ақылына тәуелді болып келеді. Мұндай ақыл Құранда көбіне, *жүрек* ұғымымен түсіндіріледі.

¹⁵⁶ Құран Кәрім қазақша мағына және түсінігі. Ауд. Халифа Алтай. - Алматы, 2000. – 476 б. (7:179)

¹⁵⁷ Құран Кәрім қазақша мағына және түсінігі. Ауд. Халифа Алтай. - Алматы, 2000. – 476 б. (22:46)

¹⁵⁸ Құран Кәрім қазақша мағына және түсінігі. Ауд. Халифа Алтай. - Алматы, 2000. – 476 б. (47:24)

Негізі ислам дүниетанымында ақылы жоқтың діні де жоқ. Сондықтан ақыл-есінен айрылған, ойлана алмайтын деңгейге жеткен адам діни жоралғыларды орындауға жауапты емес. Діндегі жауапкершілік балиғат жасына жету мен ақыл-естің дұрыс әрі азат (ерікті, бостандықта) болуымен басталады.

Ислам дінінде иманға қатысты мәселелер әу баста діни мәтіндерге (нақли) және ақли дәлелдерге сүйенетін мәліметтер. Иман ақылға, ақыл иесіне тән ұғым. Дінде иман мәселелерін ақыл арқылы анықтап, танып, дінге саналы тұрғыдан келу құпталады. Өйткені жаратқан Иенің бар әрі бір екендігін, бүкіл әлемнің жаратылуындағы әрі елші-пайғамбардың қажеттігі сияқты иманға байланысты тақырыптар, әу баста ақылға, ақыл жұмсауға негізделген нақты дәлелдер арқылы білдіріледі. Міне, сондықтан ақыл иман үшін қажетті шарт болып табылады. Егер ақыл болмаса, дұрыс иманның қалыптасуы мүмкін емес. Адамның болмысы да осыны талап етеді. Өйткені адамға күпірлік пен иман әу баста берілмеген. Құдай тағала адам баласына ақыл бергеннен кейін ғана жауапкершілік міндетін жүктейді. Адамдар өздеріне берілген ақыл арқылы Жаратқанын танып, оған иман келтіреді, сол иманды жүрегіне бекітеді. Осылайша иман мәселесінде ақыл өте маңызды қызметке ие.

Араб тіліндегі «қалб» (القلب) сөзін кейде Құран мәтінінде «Фуад» лексемасы алмастырады. «Фуад» сөзі тілдік тұрғыда «бір нәрсенің ортасы, мәйегі» деген мағынаны білдіреді. Ол Құран мәтінінде жүрек сөзіне синоним ретінде беріліп, ақыл, түсінік мағынасында кездеседі. Дәлірек айтсақ, «Құран мәтінінде фуад лексемасы 16 рет кездесіп, бәрі де ақыл мен түсінік мағынасында қолданылған».¹⁵⁹

Мұнан басқа Құранда «Садр» сөзі де жүрек мағынасында кездеседі. Құран мәтінінде садрдың (көкіректің) өзіне тән ерекшеліктері баяндалады. Олар мыналар: Садрда (көкіректе) кеңею не тарылып, қысылу, тұтығу үдерісі жүреді; Онда қорқу

¹⁵⁹ <http://www.odabasham.net/show.phpsid=31078>.

сезімдері пайда болады; Менмендік сезімдері де орын алады; Көкірек ызаланады. Әрі онда жек көру, ыза болу, кек сақтау қасиеттері бар; Көкірек сезімдерінің қатарына аса үлкейту мен ұлық ету сезімдері де жатады; Нәпсінің қажеттіліктері көкіректің де қажеттіліктері ретінде саналады; Шайтанның жасаған уәсуәсасы көкірек сезімдеріне жетеді; Адамның өз еркімен орындайтын іс-амалдарының бастауы садырда (көкіректе); Нәпсі дерттері мен ауруларының сезімдері көкіректерде орын алады.

Құран мәтіні аясында адамзат баласының *нәпсісі* мен *көкірегі* (садр), *жүрегі* мен *фуады* (көкейі) бір-бірімен астарласып жатады. Бұл төртеуі адамзат баласын қоршап тұратын негізгі төрт шеңбер тәрізді. Бұл шеңберлердің ең үлкені – нәпсі. Ал оның ішіндегі одан кіші шеңбер – көкірек. Ал екінші шеңберден кішісі оның ішінде болатын шеңбер – жүрек. Міне, осы жүректе қалау ақылы орын алады. Үшінші шеңбердің ішінде орналасқан төртінші шеңбер – фуад (көкей).

Кейде *нәпсі* сөзі айтылғанда немесе оны сипаттағанда әлде оған бір нәрсені қосып айтқанда нәпсі жалпылама түрде қарастырылып, шеңберлерінің барлығы қамтылады. Ал кейде көкірек, жүрек, пікір, сана шеңберлері қарастырылуы мүмкін.

Сондай-ақ кейде көкірек сөзі айтылғанда немесе ол қандай да бір сипатпен сипатталғанда әлде оған бір нәрсені қосып айтқанда көкірек жалпылама мағынасында қарастырылып, оның ішіне *жүрек* пен *фуад* ұғымы да кіреді. Бірақ Құран мәтінінде кейде тек қана жүрек шеңбері, *фуад* шеңбері немесе көкірек аясына кіретін, бірақ жүрек шеңберінің артында тұратын шеңберлердің бірі ғана мақсат етілуі мүмкін. Сондықтан да Құран мәтініндегі жүрек концептісі өте күрделі ұғым. Өйткені кейде жүрек сөзі айтылғанда немесе ол қандай да бір сипатпен сипатталғанда не оған бір нәрсені қосып айтқанда жалпы «*жүрек*» мақсат етіліп, оның ішіне фуад ұғымы да кіріп кетуі мүмкін. Ал кейде «*жүрек*» деп айтылғанымен діттегені фуад ұғымына қатысты нәрсе болуы да ықтимал. Міне, сондықтан

Құран мәтінін тәпсірлеуші (түсіндіруші, интерпретациялаушы) адам мәнмәтін аясында жүрек сөзінің діттеген мағынасын ашып, оны сана, ғылыми ақыл деп орнына қарай нақты көрсеткені абзал. Себебі пікір ұғымында да жүрек бар, бұл – ғылыми жүрек; көкірек ұғымында да жүрек бар, бұл – адамның қалау ақылы.

Құран аяттары адам баласын ой жүгіртуге шақырғанда мәселе сана шеңберіндегі ақылдың қол жеткізген нәтижелерін бекіту және ғылыми ақыл мен санада орныққан танып-білу мен һидаят (туралық) сияқты нәрселерді орындауға жол көрсететін жалпы пікір шеңберінің іске түсуін мақсат ететіндігі аңғарылады. Құран мәтінінде бір нәрсенің кейбір түрлері айтылса, онда ол қалған барлық түрлерін де қамтитындығын жадымыздан ұстағанымыз жөн.

Жалпы айтқанда, жүрек шеңбері *нәпсі* шеңбері кіндігінің төңірегінде орналасқандықтан нәпсідегі қатты, күшті сырттан алған әсерлер оның тұңғығына жетіп, жүрек шеңберін жаулап алады. Егер сырттан алған әсерлер әлсіз болса, онда олар нәпсі тараптарында қалып қояды. Ал енді сырттан алған әсерлер орташа деңгейде болатын болса, онда олар көкірек шеңберіне жетуі мүмкін. Егер сырттан алған әсерлер өте жеңіл болса, онда олар *нәпсі* шеңберінің сыртында қалады.

Негізінде жүрек шеңберіне жетіп, оны жаулап алған нәрселердің әрқашан дұрыс, ешбір күдік-күмәні жоқ ақиқат болуы шарт емес. Кейде жүрек шеңберіне жеткен нәрсе шындықтан ұзақ, бұзақы дерт немесе шағылысқан жалған болуы мүмкін. Өйткені жүрек (өзіне жеткен қандай да бір) сезімдер мен айғақтар және ой-пікірлерді өзіне көркемдеп, әсемдеп беретіндерден әсерленеді де, оларды қабылдау үшін өз есігін айқара ашады.

Егер саналы қисын (ойлау) шындықтардың бірін дұрыс деп тапса, жүрек дереу оны қабылдап, өз шеңберінің аясына алады. Яғни жүрек оған сенеді. Бірақ жүрек оған толық сеніп, түбегейлі тыныштықта бола алмайды. Саналы қисын көру, есту, ұстау

сияқты сезімдер арқылы оның шындық екендігін дәлелдеген жағдайда ғана жүрек оған кәміл сеніп, өз ділінің ортасынан орын алуына рұқсат етеді. Егер жүрекке жеткен шындықты саналы қисын сезімдер арқылы оның ақиқаттығын толық айқындап бере алмаса, онда жүрек оған күмәнмен қарап, дұрыс-бұрыстығына көз жеткізе алмай, сенімсіздік таныта бастайды. Бұның себебі – болмыстық жағдайынан емес, науқастық салдарынан болған өз жанарының қандай да бір кемшілігінен болуы ықтимал.

Кейде жүректің басқа *нәпсінің* шеңберлерінен келетін ғақтық, шаһуат, қорқақтық, сараңдық, асығыстық сияқты сырт-қы дерттік әсерлер себебінен шындықтан ұзап кетуі де бек мүмкін. Нәтижеде жүрек дертке шалдығады. Мұндай жағдайда жүректің көз жеткізетін жанарын қалың не жұқа перде басады. Осылайша жүрек жанарын перде басып оны тұтқындап тұрғанда жаман іс-әрекеттері арта түседі де күнәлары мен Алла тағала-ның әмірлеріне бойсұнбаушылықтары көбейе түседі. Бұл бірте-бірте жүректі жаулап, оны толығымен орап алады. Сөйтіп, жүректі, темірге түсетін тат тәрізді, тат басады. Бұл пікірді Құран мәтініндегі: *«Жоқ, бәлкім олардың жүректерін істеген қылықтарының таты басты»*,¹⁶⁰ – деген аят қуаттай түседі.

Жүректі тат басу салдарынан ол құлыптаулы тұрған үй іспеттес болып, ізгі амалдар мен һидаят (ақиқат) жолына кілтсіз ашылмайтындай кейіпке енеді. Кейде бұл жағдай насырға шауып, құлыптары мөрленіп, жүрек жанары ешнәрсе көрмейтін толық соқыр болып қалады. Мұндай жағдайда жүрек өз бойындағы жақсылық рухын жоғалтып, өлі, қатып жатқан тастай қатыгез болып шығады. Жүрек осындай жағдайға жеткенде оны қайта тірілтіп, жөнге салу мүмкін болмайтындығы Құран мәтінінде айтылады. Өйткені ол қабірде жатқан естімейтін, көрмейтін мәйіт кейпіне енген деп теңеледі. Дәлірек айтсақ, Құранда: «(Ей,

¹⁶⁰ Құран Кәрім қазақша мағына және түсінігі. Ауд. Халифа Алтай. - Алматы, 2000. - 476 б. (83:14).

Мұхаммед!) *Шынында сен өліктерге естірте алмайсың. Әрі бұрылып, қашқан саңырауларға да дауыс естірте алмайсың»*,¹⁶¹ – деген аят кездеседі.

Құран мәтінінде «Қалб, Фуад және Садр» деген лексемалармен берілген жүрек мағынасындағы үш сөздің Құран мәтініндегі қай сүрелердің нешінші аяттарында кездесетіндігін білу үшін төмендегі кестені ұсынамыз.

№	Сүренің атауы	Жүрек ұғымында		
		Қалб	Фуад	Садыр
1	«Бақара» сүресі	7-аятта: 10-аятта: 74-аятта: 88-аятта: 93-аятта: 97-аятта: 204-аятта: 225-аятта: 260-аятта: 283-аятта:	Кездеспейді	Кездеспейді
2	«Әли Имран» сүресі	7-аятта: 8-аятта: 126-аятта: 151-аятта: 154-аятта: 159-аятта: 167-аятта:	Кездеспейді	29-аятта: 119-аятта: 104-аятта:
3	«Ниса» сүресі	63-аятта: 155-аятта:	Кездеспейді	90-аятта:
4	«Мәида» сүресі	13-аятта: 41-аятта: 52-аятта:	Кездеспейді	7-аятта:

¹⁶¹ Құран Кәрім қазақша мағына және түсінігі. Ауд. Халифа Алтай. - Алматы, 2000. - 476 б. (27:80).

5	«Әнғам» сүресі	43-аятта: 46-аятта:	110-аятта: 113-аятта:	125-аятта:
6	«Ағраф» сүресі	100-аятта: 101-аятта: 179-аятта:	Кездеспейді	2-аятта: 43-аятта:
7	«Әнфал» сүресі	10-аятта: 24-аятта: 49-аятта: 63-аятта: 70-аятта:	Кездеспейді	43-аятта:
8	«Тәуба» сүресі	8-аятта: 15-аятта: 45-аятта: 60-аятта: 77-аятта: 93-аятта: 87-аятта: 110-аятта: 117-аятта: 125-аятта: 127-аятта:	Кездеспейді	14-аятта:
9	«Юнус» сүресі	74-аятта: 88-аятта:	Кездеспейді	57-аятта:
10	«Һуд» сүресі	«Кездеспейді	120-аятта:	5-аятта:
11	«Рағад» сүресі	28-аятта:	Кездеспейді	Кездеспейді
12	«Ибраһим» сүресі	Кездеспейді	37-аятта: 43-аятта:	Кездеспейді
13	«Хижр» сүресі	12-аятта:	Кездеспейді	47-аятта: 97-аятта:
14	«Нахыл» сүресі	22-аятта: 105-аятта: 108-аятта:	78-аятта:	105-аятта:
15	«Исра» сүресі	46-аятта:	36-аятта:	51-аятта:
16	«Кәһф» сүресі	14-аятта: 28-аятта:	Кездеспейді	Кездеспейді

		57-аятта:		
17	«Таһа» сүресі	Кездеспейді	Кездеспейді	25-аятта:
18	«Әнбия» сүресі	3-аятта:	Кездеспейді	Кездеспейді
19	«Хаж» сүресі	32-аятта: 46-аятта: 53-аятта:	Кездеспейді	46-аятта:
20	«Мүминун» сүресі	61-аятта: 63-аятта:	78-аятта:	Кездеспейді
21	«Нұр» сүресі	37-аятта: 50-аятта:	Кездеспейді	Кездеспейді
22	«Фурқан» сүресі	Кездеспейді	32-аятта:	Кездеспейді
23	«Шуғара» сүресі	89-аятта: 194-аятта: 200-аятта:	Кездеспейді	13-аятта:
24	«Нәміл» сүресі	Кездеспейді	Кездеспейді	74-аятта:
25	«Қасас» сүресі	10-аятта:	Кездеспейді	69-аятта:
26	«Ғанкабут» сүресі	Кездеспейді	Кездеспейді	10-аятта: 49-аятта:
27	«Рум» сүресі	59-аятта:	Кездеспейді	Кездеспейді
28	«Лүкман» сүресі	Кездеспейді	Кездеспейді	26-аятта:
29	«Сәждә» сүресі	Кездеспейді	9-аятта:	Кездеспейді
30	«Ахзаб» сүресі	4-аятта: 10-аятта: 26-аятта: 32-аятта: 53-аятта: 60-аятта:	Кездеспейді	Кездеспейді
31	«Сәбә» сүресі	23-аятта:	Кездеспейді	Кездеспейді
32	«Фатыр» сүресі			38-аятта:
33	«Саффат» сүресі	84-аятта:	Кездеспейді	Кездеспейді

34	«Зумәр» сүресі	22-аятта: 23-аятта: 45-аятта:	Кездеспейді	7-аятта: 22-аятта:
35	«Ғафыр» сүресі	18-аятта: 35-аятта:	Кездеспейді	56-аятта:
36	«Фуссилат» сүресі	5-аятта:	Кездеспейді	80-аятта:
37	«Шура» сүресі	24-аятта:	Кездеспейді	24-аятта:
38	«Жәсия» сүресі	23-аятта:	Кездеспейді	Кездеспейді
39	«Ахқаф» сүресі	Кездеспейді	26-аятта:	Кездеспейді
40	«Мухаммад» сүресі	16-аятта:	Кездеспейді	Кездеспейді
41	«Фатих» сүресі	16-аятта:	Кездеспейді	Кездеспейді
42	«Хужурат» сүресі	3-аятта: 7-аятта: 14-аятта:	Кездеспейді	Кездеспейді
43	«Қаф» сүресі	33-аятта: 37-аятта:	Кездеспейді	Кездеспейді
44	«Нәжім» сүресі	Кездеспейді	11-аятта:	Кездеспейді
45	«Хадид» сүресі	16-аятта: 27-аятта:	Кездеспейді	6-аятта:
46	«Мужәдала» сүресі	22-аятта:	Кездеспейді	Кездеспейді
47	«Хашыр» сүресі	2-аятта: 10-аятта:	Кездеспейді	9-аятта:
48	«Саф» сүресі	5-аятта:	Кездеспейді	Кездеспейді
49	«Мунафиқун» сүресі	3-аятта:	Кездеспейді	Кездеспейді
50	«Тағабун» сүресі	11-аятта:	Кездеспейді	3-аятта:
51	«Тахрим» сүресі	4-аятта:	Кездеспейді	Кездеспейді
52	«Мүлік» сүресі	Кездеспейді	23-аятта:	Кездеспейді
53	«Хаққа» сүресі	46-аятта:	Кездеспейді	Кездеспейді
54	«Муддәссир»	31-аятта:	Кездеспейді	Кездеспейді

	сүресі			
55	«Нәзіғат» сүресі	8-аятта:	Кездеспейді	Кездеспейді
56	«Мутаффифин» сүресі	14-аятта:	Кездеспейді	Кездеспейді
57	«Шарх» сүресі	Кездеспейді	Кездеспейді	1-аятта:
58	«Ғадият» сүресі	Кездеспейді	Кездеспейді	10-аятта:
59	«Һумаза» сүресі	Кездеспейді	7-аятта:	Кездеспейді
60	«Нас» сүресі	Кездеспейді	Кездеспейді	5-аятта:

Қорыта айтқанда, Құран мәтінінде жүрек ұғымы «Қалб», «Фуад» және «Садр» деген лексемалармен беріледі әрі «жүрек» концептісі:

«әл-қалб әл-мутмаин» (орныққан жүрек); Құран Кәрім (13:28)
«әл-қалб әс-сәлим» (сау жүрек). (26:89; 37:84);
«әл-қалб әл-муниб» (бейім жүрек). (50:33; 10:75);
«әл-қалб әл-уәжжил» (дүпілдеген жүрек). (22:35; 23:60);
«әл-қалб әт-тақуа» (тақуалық еткен жүрек). (22:32; 49:3);
«әл-қалб әл-марбутан» (байланған жүрек). (18:14);
«әл-қалб әл-мухбатан» (берілген жүрек). (22:54; 79:8);
«әл-қалб әл-муәллафа» (қосылған жүрек). (8:63), сияқты тіркестермен вербалданады. Сондай-ақ Құран мәтінінде «Қара жүрек» мағынасында:

«әл-қалб әл-загһаһ» (қыңыр жүрек, 4, 3:7);
«әл-қалб әл-ғәфилә» (қаперсіз жүрек, 4, 18:28);
«әл-қалб әл-қасий» (қатайған жүрек, 4, 22:53);
«әл-қалб әл-муғлафә» (перделі жүрек, 4, 2:88; 4:155);
«әл-қалб әл-марид» (дертті жүрек, 4, 2:10; 9:12);
«әл-қалб әл-мутакаббир» (менмен жүрек, 4, 16:22; 9:8);
«әл-қалб әл-мунафиқан» (екіжүзді жүрек, 48:11; 59:14);
«әл-қалб әл-әгмаһ» (соқыр, көр жүрек, 22: 46);
«әл-қулуб әл-махтумаһ» (мөрленген, бекітілген жүрек, 2:7);
«әл-қулуб әл-матбуға» (бітелген жүрек, 4, 47:16; 63:3);
«әл-қулуб әл-макнунан» (перделі жүрек, 4, 41:5);

«*әл-қулуб әл-муқфәләһ*» (құлыпталулы жүрек, 4, 47:24);

«*әл-қулуб әл-ләһия*» (лаққан жүрек, 4, 21:3).

Құранда имансыздардың жүректері:

«*әл-марад*» (дертті жүрек, 4, 2:10);

«*әл-хатым*» (бітеу жүрек, 4, 2:7);

«*әт-табъ*» (бітелген жүрек, 4, 63:3);

«*әд-диқ*» (тар жүрек, 4, 6:125);

«*әл-хамия*» (надан жүрек, 4, 48:26);

«*мункара*» (қарсы шыққан жүрек, 4, 16:22);

«*әл-инсираф*» (теріс айналған жүрек, 4, 9:127);

«*әл-қасуа*» (қатайған, қатты жүрек, 4, 2:74);

«*әр-рин*» (тат басқан жүрек, 4, 83:14) деген сияқты үлгілерде сипатталады.

Бір сөзбен айтқанда, мұның бәрі Құран мәтініндегі жүрек концептісінің имандылықпен тікелей байланыста болатындығына көңіл аудартады. Егер біз адам өмірінде жүректің қаншалықты маңызға ие екендігін еске түсірсек, онда сол жүректегі имандылық мәселесінің де біздің өмірімізде өте маңызды екендігін де аңғаруға, жақсы түсінуге тиіспіз.

«МЫҢ БІР ТҮН» ЖИНАҒЫНДАҒЫ МҰСЫЛМАНДЫҚ ДҮНИЕТАНЫМҒА НЕГІЗДЕЛГЕН ОЙ-ТОЛҒАМДАР¹⁶²

«Мың бір түн» жинағында мұсылмандық дүниетанымға негізделген қисса-әңгімелер көптеп кездеседі. Бірақ ол көбіне, мазмұндық сарында, астарлы түрде беріліп жатады. Сондықтан ол бір қарағанда көрініс таппайды.

Жалпы қазақ даласында ХХ ғасырдың басына дейін «Мың бір түн» жинағындағы әңгімелермен сарындас келетін ертегі, қиссалардың халық арасында жақсы қабылданып, кеңінен тарағаны мәлім. Осы «Мың бір түн» жинағындағы қисса-әңгімелердің қазақ тіліндегі алғаш аудармалары «Дала уалаятының газетінде» жарық көре бастады. Нақтырақ айтсақ, «...газеттің 1895 жылғы 41-49-сандарында араб ертегісі «Мың бір түннен» тұңғыш рет қазақ тілінде аудармалар жарияланған»¹⁶³.

Біз осы шағын мақала барысында «Мың бір түн» жинағындағы қисса-әңгімелерді мұсылмандық дүниетанымға негізделген ой-толғамдар аясында қысқаша талдау жасауға тырысатын боламыз. Реті келгенде, қасиетті Құран аяттарымен, сондай-ақ Құран мәтіне негізделген «Қисасул әнбия»-мен (пайғамбарлар жайлы қиссалар) байланыстырып, мұсылмандық дүниетаныммен үндестігін алға тартамыз.

«Мың бір түн» жинағындағы алғашқы түні айтылған әңгіме «Саудагер мен Жын» жайлы оқиғамен басталатыны белгілі.

¹⁶² Бұл мақала 2014 жылы 3 сәуірде өткен «Профессор Ө.Күмісбаевтың шығармашылығы және шығыстану мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға ««Мың бір түн» жинағындағы Құран мәтініне негізделген кейбір сарындар» атты тақырыпта ұсынылған. Осы конференция материалдар жинағының 149-153-беттерде жарық көрген.

¹⁶³ «Дала уалаятының газеті». Құраст. Ү. Субханбердина. – Алматы: Ғылым, 1994. – 816. (9-бетте).

Әңгіме барысында саудагер жігіттің мал-мүлкінің көптігі, оның адалдығы, берген уәдесіне беріктігі баяндалады. Уәдесіне беріктігі қарапайым пенде мен пенде арасындағы уәделестік емес, әлемі мен жаратылысы бөлек адам баласы мен жын атаулының арасындағы уәдеге тіреп, оқиғаны шиеленістіре отырып, оқырманды өзіне тартып, баурап алады. Әрбір оқырманды әрі қарай не болады екен деген ойға жетелейді. Осы орайда тағы бір көңіл аударатын жайт, оқиға желісі өмір сүру уақыты ұзартылып, қиямет күніне дейін жалғаса беретін жын атаулы мен осы жалған дүниедегі уақыты шектелуі, қас-қағым сәтте о дүниелік болып, туған-туыс, бала-шағасын, сүйген жарын әп-сәтте еріксіз тастап кететін адамзат баласының арасында жүреді. Айтылған әңгіме барысында саудагер жігіт еріксіз өлімге келісім беріп, бірақ жыннан мұрсат сұрауының себебі осы жал-ғанда өзі сияқты Құдай тағаланың пенделерінен алған қарызда-рын иелеріне қайтарып, отбасы, бала-шағасымен қоштасып, әкешеше, ерлі-зайыпты, бала мен әке арасындағы ризашылықты алуға негіздейді. Саудагер жігітті өлтіргелі тұрған жынның бұл айтылғанға қарсы уәжі болмай, келісімге келгені оқырманға ой салуға тиіс. Яғни жын атаулы Алла тағаланың пенделері арасындағы алыс-беріске, туыстық қарым- қатынасқа араласпайды. Әрбір пенде осы дүниедегі жасаған жақсы-жаман әрбір ісіне өзі жауапты. Тағдырына налып, яки дүниеге беріліп тәубесін ұмыт қалдыруына әсте болмайтындығын меңзейді. Осы айтылғандардың барлығы дерлік түбінде Құран аяттарымен үндесіп, оның мән-мағынасымен астарласып жатыр дей аламыз. Енді оқиғаның келесі бөлігі саудагер жігітті өлімнен аман алып қалу үшін араға түскен үш қарияның арасында өрбиді. Біз осы әңгімеден ең алдымен кей жерлерді жын-перілер мекендейтіндігін алғашқы ақсақалдың аузына салып, оның сөзімен айтылғандығын аңғарамыз. Ол әңгімедегі жалғыз бәйтеректің түбі. Екіншіден, саудагер жігіттің басына түскен қайғылы жағдайын жігіт жасырмай келген қарияға баяндап, ақыл сұрауы, ол қария өзі қатарлас өзінен кейін ағаш түбіне келген ақсақалдарға айтып,

әрбірі шамасынша көмектесуге, жігіттің өмірін сақтап қалуға араша түскенін көреміз. Бұдан үйренетініміз – мына жер бетін біз ғана мекен етпейміз, бізден басқа да жын атаулы өмір сүреді. Бірақ адамзат баласы оларды көзімен көре бермейді. Көзге көрінбегеннің бәрі жоқ деген сөз емес...

Осы орайда әңгімеде адамзат баласының еркінен тыс орындалатын сиқыр атаулының да бар екендігі, адам баласының кейпін өзгертіп, басқа бір мақұлыққа айналдырып жіберуі ағаш түбіне келген қариялардың тілімен әрбірінің басындағы ауыртпалығы баяндалады. Сондай әлекпен, ем іздеп ел кезіп жүрген халде үш қарияны саудагер жігітке кездестіреді. Яғни бұл дүниеде әрбір пенде әртүрлі жағдаймен сынаққа түсетіндігін меңзейді. Құран мәтіндегі «Мүлік» сүресінің 2-аятында: *«...Ол сондай Алла сендердің қайсыларыңның істеріңіз ізгі екенін сынау үшін өлім мен өмірді (тіршілікті) жаратты»*, – деп баяндалады. Адам баласының бұл жалғандағы өмірі құнды. Адамзат баласының бұл дүниедегі тіршілігі – о дүниелік өмірі үшін азық жияр алаңы. Сондықтан адам баласының өміріне араша түсіп, оны аман алып қалу өте сауапты іс. Құран мәтінінде: *«...Кім кісі өлтірмеген немесе жер жүзінде бұзақылық қылмаған біреуді өлтірсе, сонда шынайы түрде барлық адамды өлтіргенмен және кім оны тірілтсе (өлімнен құтқарса), барша адамды тірілткенмен тең деп жаздық...»*¹⁶⁴, – деген мағынадағы аят кездеседі. Ал енді адам баласының өз-өзіне қол жұмсап, өлімге баруы мұсылмандық дінде мүлде қабылдандайды. Күнәлі істер санатына жатады.

«Мың бір түн» жинағындағы алғашқы түні айтылған әңгімеден үш қарияның саудагер жігіттің өмірін сақтап қалуға шын ықыласымен кірісіп, әрбірінің өзіндік үлес қосқанын аңғарамыз. Саудагер жігіт пен жын арасындағы әңгіме «Мың бір түннің» үшінші түніне дейін жалғасып, оқиға соңында саудагер жігіт аман қалады. «Өзін ажалдан құтқарған қарияларға рақме-

¹⁶⁴ «Маида» сүресі, 32-аят (Құран Кәрім. Қазақша мағына және түсінік. Ауд. Х.Алтай).

тін жаудырып, төс қағысып қоштасып, әрқайсысы өз елдеріне аттанған екен»,¹⁶⁵ – деп аяқталады. Бірақ жын атаулы мен адамзат баласы арасындағы шытырман оқиға үшінші түні «Балықшы жайлы хикая» атты тақырыпта қайта жалғасады. Осы түнгі әңгімеде «Қисасул әнбиядан» нақтырақ айтқанда, Сүлеймен пайғамбардың қиссасынан үзінділер қылаң береді. Бұл түнгі әңгімеде кедейлікпен күн кешкен, отбасын, бала-шағасын балық аулап, асырап келе жатқан балықшы шалдың қиын тағдырына көңіл аудартады. Осылайша «Мың бір түннің» алғашқы түні айтылған саудагер жігіттің хал-жағдайына керағар кейіпкер оқиғасы баяндалады. Яғни күш-жігері бойында, тұрмыс жағдайы жақсы кісінің сипатындағы саудагер жігіт пен хал-жағдайы нашар, бойынан күш-қуаты кеткен балықшы шалдың осы жалған дүниеде өлімнен басын аман алып қалу жолындағы қарекеті қатар қойылады. Әңгімеде бұл екі кейіпкердің де өміріне қауіп төндірген кейіпкер жын бейнесінде сомдалады. Балықшы шал жаратқан Иеге тәуекел етіп, теңізге ауын салған сайын жолы болмады, бірақ балықшы бұған қанша налыса да тағдырға мойынсұнып, Алланың мейірімінен күдер үзбегендігі аңғарылады. Бұл жайлы шалдың шығыстық сарынмен:

«Осы сенің сыбағаң зой: жазмышыңнан әрі аспа;

Білімің де, күшің де әлсіз оған бола таласпа;

Бақыт, нәсіп, күні бұрын пешенеге жазылған,

Әр жерлерде әр қилы боп бұйырғаны шашылған...»,¹⁶⁶ – деп өлеңдетіп, өз нәпсісіне өзі басу айтып, екі қолын көкке көтеріп, Аллаға жалбарынғанынан анық көрінеді.

Өрине бұл айтылғандар Құран аяттарының мән-мағынасымен толық үндесіп жатыр деуге болады. Себебі қасиетті Құранда: «...Алланың мархаметінен күдер үзбеңдер. Өйткені,

¹⁶⁵ Мың бір түн. Таңдамалы ертегі. Ауд. Қ.Мұхамеджан (өлеңдері: С. Оспан). – Астана: Аударма, 2008. -1-том (31-бет).

¹⁶⁶ Мың бір түн. Таңдамалы ертегі. Ауд. Қ.Мұхамеджан (өлеңдері: С. Оспан). – Астана: Аударма, 2008. -1-том (33-бет).

Алланың рахметінен, қарсы болған қауым ғана күдер үзеді...»,¹⁶⁷ – деген мағынадағы аят кездеседі.

«Мың бір түн» жинағындағы осы тұсқа дейінгі әңгіме мазмұнында адам баласының ажалына байланысты мәселе өзек етіп алынады. Түсініктірек айтқанда, ажал адам баласының жасына қарамайды. Кейбір пенде ерте жас шағында, ал енді бірі қартайған шағында ажалға тап болады. Бұл жалғанда ешбір пенденің өміріне кепілдік жоқ. Ажал аяқ астында жатады деген түсінік беріледі. Сондай-ақ адам баласының басына келетін әрбір қуаныш пен ауыртпалықтың өзіндік даналық сыры бар. Біз оны көп жағдайда дұрыс түсінбей, әлде дұрыс шешімге байлай алмай жатамыз. «Мың бір түннің» үшінші түнінде баяндалған балықшы шал жайлы әңгімеде жын балықшы шалға: «... Қой әңгімені, бәрібір сенің ажалың жетіп тұр. Онан да иманыңды үйір»,¹⁶⁸ – деп өлтірмек болғанда әлгі шал ақылға салып, тапқырлық танытады. Яғни шал өзінің жер бетіндегі құрметті жаратылыс иесі екендігін, сонау Адаматаның ұрпағынан тарайтындығын, жаратқан Иенің адамзат баласын ең көркем бейнеде, басқа жаратылыстардан ерекше етіп жаратқандығын, оған ақыл силағанын есіне түсіреді. Ал өзіне дөрекі сөйлеп жанын алмақ болып тұрған жын атаулының ұрпағы екендігін ескеріп, оны ақылмен жеңуге болатындығын түсінеді де соған қарай қарекет етеді.

Қасиетті Құранда Сүлеймен пайғамбар жындарға мешіт салғызып жатқанда; бойынан жаны шығып, о дүниелік болып кеткендігі, бірақ ол таяғына сүйеніп тұрғандықтан бірақ таяғын құрт жеп, оның мәйіті жерге құлап түскенге дейін жындар бейхабар болып, ауыр, машақатты құрылысты жалғастыра береді. Егер жындар көместі білсе, Сүлеймен пайғамбар жан тапсырған

¹⁶⁷ «Жүсіп» сүресі, 87-аят.

¹⁶⁸ Мың бір түн. Таңдамалы ертегі. Ауд. Қ.Мұхамеджан (өлеңдері: С. Оспан). – Астана: Аударма, 2008. 1-том. (37-бет).

сәтте құрылысты тоқтатып қоюы тиіс еді ғой деп жындардың көместі білмейтіндігі баяндалады¹⁶⁹.

Әңгіме желісінде балықшы шал алдымен Алланың атын атап, Сүлеймен пайғамбардың атын ауызға алғанда өзіне күш көрсетіп тұрған жынның дірілдеп қорыққан кейпі де айтылады. Мұны байқаған балықшы шал Алланың атын атап, рухани қуаттанып жынға қарап: «сен мына кішкене көзеге қайдан сидың? Талай жыл бойы оның ішінде жаттым дейсің», – деп жынның сөзіне күдікпен қараған сыңай танытып, кішкене ғана көзеге сиып кететіндігін іс жүзінде дәлелдеуін талап етеді. Жын сөзінің растығын дәлелдемек болып кішкене көзеге кіргенде әлгі шал дереу Сүлеймен пайғамбардың мөрі басылған қорғасын тығынды көзенің аузына қайта тығындап жауып қояды. Осылайша балықшы шалдың әп-сәтте басына төнген қатерден құтылып кеткенін байқаймыз. Енді әңгіме барысында балықшы шалдың сөзі қуатты әрі жарқын айтыла бастаса, көзе ішіне кірген жынның жалынышты халі баяндалады. Бұл бізге ең баста адам баласы әрбір ісін ақыл таразысына салып, қарекет етсе, нәтижеге жетеді дегенді ұқтырса керек.

«Мың бір түннің» үшінші түнінде айтылған «Балықшы жайлы хикая»-ның бас жағына қайта оралсақ, әңгімеде жағымсыз кейіпкер бейнесіндегі теңіз түбіндегі кішкене көзеден шыққан жынның көзеден шыға сала: «Бір Алладан басқа ешбір тәңір жоқ, Сүлеймен Алланың елшісі», – деп тілін кәлимасына келтіріп, тәубесіне келуі көңіл аудартарлық мәселе. Жын атаулыны былай қойып, адам баласының тіршілігін алып қарасақ, хал-жағдайы, денсаулығы, көңіл-күйі жақсы кезде пенделігін ұмытып, Аллаға шүкірлік айтып, тағат-құлшылық етуді ұмытыңқырап қалатұғыны, ал егер қиындыққа, ауыртпашылыққа тап бола қалса, дереу тәубесіне келіп, жаратқан Иеге қол жайып жарылқау тілей кететіні жасырын емес. Әрине бұл – біздің пенделік қасиетіміз. Дегенмен бұған ақыл төрелік етеді.

¹⁶⁹ Толығырақ мағлұмат үшін Құрандағы «Сәба» сүресінің 12-14-аяттарына қараңыз.

Соған қарай әркім о дүниеде жаратқан Иенің құзырында есеп-кисап береді. Осы дүниеде жасаған іс-әрекетіне қарай кейде сыйға не жазаға лайық болады. Мұны кейде пенде Алланың қалауымен осы дүниеде де көруі мүмкін. Әрбір қиындықтың соңында көп жақсылық бар. Бұл туралы Құранда: «...*Расында әрбір ауырлықпен бірге бір жеңілдік бар. Шын мәнінде, қиыншылықпен бірге бір оңайлық бар. Ендеше босай қалсаң қайта тырыс. Раббыңа ғана бел байла*»¹⁷⁰, – деген мағынада аят кездеседі.

Осы орайда, жынның теңіз түбінде талай жыл бойы көзде жатуына басты себеп жынның Сүлеймен пайғамбардың айтқанына көнбей, әміріне қарсы шығуы салдарынан болғандығы «Мың бір түн» әңгімесінде жынның өз сөзі ретінде: «...шынымды айтсам, Сүлейменге мен о баста қарсы едім. Сүлейменнің алдына келген соң ол маған: – Сен қайтсең де менің дініме кіресің, Алла тағаланың әмірі солай. Бұдан былай менің қол астымда болып, айтқанымды орындайсың, – демесі бар ма? Мен қарысып көнбедім. Содан кейін Сүлеймен пайғамбар мына көзені алдырды да мені дұға оқып оның ішіне ензігіп, шығар ауызына қорғасын құйып бекітті. Мөрін басып, Аллаға жалынып, өмір бойы теңіз астында өтсін деді. Өзінің мұсылман перілеріне: «Теңіз түбіне тастандар!» деп әмір етті», – деген үлгіде беріледі. Біз осы айтылғаннан ең алдымен, жын атаулының әрқашан шындықты айта бермейтіндігін, өтірікті шындай етіп айта беретінін, тек жаны қиналғанда ғана шындықты айтатындығын аңғаруымызға болады. Екіншіден, жындардың да мұсылман және мұсылман емес топтарының болуы көңіл аудартады. Бұл жайлы Құран мәтініндегі «Жын» сүресінде баяндалады.

«Мың бір түннің» үшінші түнінде баяндалған «Балықшы жайлы хикая» желісінде Сүлеймен пайғамбардың да аты аталады. Бұл әңгіме желісінің бір ұшы Құран қиссаларына негіздел-

¹⁷⁰ «Шарх» сүресі, 5-8-аяттар.

гендігіне дәлел бола алады. Себебі Құран аяттарында Сүлеймен пайғамбардың аты 17 рет аталады. Бір ғана мысалмен қысқаша тоқталсақ, Құран Кәрімде: «...Сүлейменге (ғ.с.) де ерте кетуі бір айлық, кешке қайтуы бір айлық (жол алатын) желдерді бағындырдық. Ол үшін еріген мыстан бұлақ ағыздық. Раббының бұйрығымен оның алдында жұмыс істейтін жындарды да бағындырдық. Олардан кім әмірімізден тайса, оған жсалындаған азаптан таттырамыз. Олар, Сүлейменнің (ғ.с.) қалауынша, құрылыстар, мүсіндер, көлдей ыдыстар және орнатылған қазандар жасайтын еді»¹⁷¹, – деп баяндалады.

Осылайша «Мың бір түннің» үшінші түнінде айтылған әңгіме адамзат баласының жындармен қарым-қатынасының негізін, бастауын Сүлеймен пайғамбардың өмірімен байланыстыра отырып, әңгімедегі оқиғаның желісін шиеленістіре түседі...

«Мың бір түн» жинағындағы әңгіме төрт жүз жетпіс сегізінші түнінде «Пайғамбарлардың бірі жайлы хикая» атты тақырыпта, Құран аяттарына негізделген «Қисасул әнбияға» (пайғамбарлар жайлы қиссаларға) қайта оралғанын байқаймыз. Бірақ мұнда алғашқыдағыдай адамзат баласы мен жын атаулы арасындағы өмір мен өлім жайлы оқиға емес, бұл жолы қарапайым пенделер арасында болған оқиға желісі, пайғамбар ретінде таңдалған елшінің талқысына түсіп, кісі өлімінің себепсалдарын өзінше топшылауымен байланыстыралады. Қысқаша айтсақ, «...тау басында отырған пайғамбар: «Уа, Жасаған! Ол мың динарды алып кеткен біреу, сол үшін бейкүнә біреу қаза тапты», – дейді. Осы сәтте Жаратқаннан: Сен өзіңнің ісіңмен бол, жер бетінде не болып жатқандығында сенің жұмысың болмасын. Әлгі атты адамның әкесі мың динарлы дорбаны әлгі жігіттің әкесінен тартып алған, бүгін соны баласына қайтардым. Ана өліп жатқан отыншы болса, кезінде әлгі атты жігіттің әкесін өлтіріп кеткен, соның кегін бүгін баласы қайтарды...», – деген хабар келеді, сол жерде пайғамбар: *«لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ»* (Алладан

¹⁷¹ «Сабә» сүресі, 12-14 аяттар.

басқа ешбір тәңір жоқ) деп тілін кәлимаға келтіріп, тәубесіне келіп, бәрі де тек өзіне ғана аян», – деген сөздермен баяндалады. Бұл әңгіме Құрандағы бір пайғамбардың оқиғамен мәндес келеді. Дәлірек айтсақ, Құранда Мұса пайғамбардың Алланың ізгі жақсы пендесіне жолығып: «Мұса, (ғ.с.) о кісіге: «Саған үйретілген даналықтан маған да үйретуің үшін саған ерейін бе?», – деді. Сонда ол: «Расында сен менімен бірге болуға шыдай алмайсың» деді. «Ішкі сырын толық білмейтін нәрсеге қалай сабыр ете аласың?», – (деді.) (Мұса пайғамбар): «Алла қаласа, мені сабырлы табарсың. Сондай-ақ саған ешбір істе қарсы келмеймін», – деді. «Ал онда маған ілессең, саған айтпайынша, менен еш нәрсе сұрама», – деді. Сөйтіп, екеуі жолға шықты да кемеге түсіп, оны тесе бастады. (Мұса ғ.с.): «Кемедегілерді суға батыру үшін тестің бе? Рас орынсыз істедің» деді. (Әлгі кісі): «Мен саған менімен бірге әсте сабыр ете алмайсың демедім бе?», – деді. (Мұса ғ.с.): «Ұмытқан нәрсемді есепке алма. Маған ісімде қолайсыздық тудырма» деді. Екеуі тағы жолға шықты. Бір ұл бала кездесіп еді, (әлгі кісі) оны өлтірді. (Мұса ғ.с.): «Кісі өлтірмеген жазықсыз біреуді өлтірдің бе? Рас жаман іс істедің» деді. «Сен менімен бірге жүруге әсте шыдай алмайсың демедім бе?», – деді. «Егер бұдан кейін бір нәрсе сұрасам, тіпті, мені жолдас қылма. Рас менен саған сылтау табылды» деді. Сонда екеуі тағы жүріп, бір Кент халқына барып, тұрғындарынан тамақ сұрады. Олар екеуін қонақ қылудан бас тартты. Сонда екеуі, ол жердегі жығылғалы тұрған үйді көріп; оны жөндеді. (Мұса ғ.с.): «Егер қаласаң, бұған ақы алар едің» деді. Сонда әлгі кісі: «Міне, осы, мені мен сен екеуіміздің арамыздың айрылуы. Ал енді саған сабыр ете алмаған нәрселеріңнің сырын айтайын», – деді. «Кеме теңізде кәсіп істеген кембағалдардікі еді. Оны ақаулы еткім келді. Өйкені, ар жақтарында, әр (мықты) кемені тартып алатын патша бар еді». «Ал баланың мүмін әке-шешесі бар еді. Оның, әке-шешесін бас тарттыруға, қарсылыққа зорлауынан қорықтық». «Раббылары, оның орнына өздеріне

одан тағы таза әрі мейірімді бір бала беруін қаладық». Ал енді үй: осы кенттегі екі жетім баланікі болып, оның астында ол екеуіне тән қазына бар еді. Олардың дүние салған әке-шешелері ізгі жақсы пенде болғандықтан Раббың, ол екеуі ержестіп, (өздеріне тиесілі) қазыналарын шығарып алуын қалады. Бұл Раббыңнан бір мәрхамет еді. Сондай-ақ мұны мен өздігімнен істемедім. Міне, осы, сенің сабыр ете алмаған істерің»¹⁷², – деген мағынадағы аяттар кездеседі.

Енді осы аяттардағы Мұса пайғамбардың басынан өткен оқиғасы «Мың бір түннің» төрт жүз жетпіс сегізінші түнінде айтылған «Пайғамбарлардың бірі жайлы хикая» атты әңгіме желісімен қаншалықты мәндесетіндігі әрбір оқырманның өз еркіне қалдырып, енді пайғамбарлардың ең соңғысы саналған, сүйікті Мұхаммед пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) «Мың бір түн» жинағындағы әңгімелерде аты аталғандығына назар аударайық. Пайғамбарымыздың аты «Мың бір түннің» төрт жүз сексен алтыншы, төрт жүз сексен жетінші түндері айтылған әңгімеде атала бастайды. Әңгімеге қысқаша шолу жасасақ, «Ысрайыл әулетіне жататын Бұлукия деген кісі Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) атын кітаптан оқып, оның сипаттарымен танысады да Мұхаммед пайғамбарға (с.ғ.с.) деген ынта-ықыласы артады. Пайғамбармен дидарласпақ болып дүние кезіп жүргенде тамұқ (тозақ) тұрғындарымен, жыландармен арадағы әңгімесі баяндалады. Жыландар: «*Лә иләһа иллаллаһ* (Алладан басқа ешбір тәңір жоқ) деп шулап, бәрі де бір ауыздан: «Мұхаммедке бас иеміз, оны құрмет тұтамыз» деуі Бұлукияны таңғалдырады деп оқиға желісін діни түсініктермен ұштастырып, басты кейіпкерді Мұхаммед пайғамбармен (с.ғ.с.) дидарласу үшін оны іздеп жүріп басынан өткендерін әсерлі түрде баяндайды. Осылайша «Мың бір түннің» төрт жүз тоқсан бірінші түнінде Бұлукия жайлы оқиға жалғасып, бір күні бір алма ағашының қасына келіп, ондағы алмалардың бірін үзіп алмақ болғанда: «Тарт

¹⁷² «Кәһф» сүресі, 66-82-аяттар.

қолыңды, осыдан бір алма алып жесең, беліңді үземін» деген айқай шығады. Оған қарсы уәж айтып, Құдай тағаланың тегін жемісін маған неге жеуге болмайды? Бұл қай қылығың дегенде оған жауап ретінде болмайды, себебі сен адамзаттың баласысың. Адаматаның өзі нәпсіге еріп, бір алма үшін пейіштен қуылғанын білмейсің бе? – делінеді. Осылайша әңгіме арасында сонау Адаматаның жұмақтан қуылуының себебі еске түсіріледі.

Адаматаның жер бетіне түскеннен кейін, оның ұрпақтары өсіп-өніп жатқандығы, адамзат баласының игілігіне жарап отырған бар жақсылық Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) құрметі үшін екендігі айтылады. Бұл «Мың бір түн» әңгімесінде тамұқ жыландарының тілімен: «Есінде болсын, жігіт! Мұхаммедтің аты пейіштің бар қақпаларында жазулы тұр. Егер оның аты болмаса, Алла тағала жан-жануарларды да, пейішті де отты да, суды да, аспанды да, жерді де жаратпаған болар еді. Осы дүниелердің бәрін Мұхаммед үшін жаратқан. Алла тағала оның атын өз атымен қатар қойған...»¹⁷³ деген сөздермен жеткізеді. Міне, осылайша әлемнің, жан-жануардың жаратылу себебін діни сана түсініктермен байланыстырады. Сондай-ақ «Мың бір түннің» төрт жүз тоқсан үшінші түні айтылған әңгіме арасында тозақтың жеті қабаты олардың аттары: «*Жаһаннам, Саур, Сақар, Жахим, Хутама, Лази, Хауийә*» екендігі айтылып, оларға кімдер тасталып, азап шегетіндігі жайлы да мағлұматтар беріледі.

Ал «Мың бір түннің» төрт жүз тоқсан төртінші түні айтылған әңгімеде Алла тағала Адаматаны жаратып, оған жан бергеннен кейін, Ібіліске: «Сен оған барып сәжде ет, құрмет көрсет», – дейді. Бірақ ол оған көнбейді. Алла тағала оны пейіштен қуып шығады. Ібілістің әулеті көбейеді. Шайтандар содан тарайды деген мазмұнда түсіндіріледі. Міне, бұл оқиға да Құран аяттарымен үндесіп, астарласып жатыр деуге болады. Дәлірек айтсақ, қасиетті Құран Кәрімде: «...*Раббың періштелерге: «Әрине мен*

¹⁷³ Мың бір түн. Тандамалы ертегі. Ауд. Қ.Мұхамеджан (өлеңдері: С. Оспан). – Астана: Аударма, 2008.

жерде бір орынбасар жаратамын!», – деген еді. (Періштелер): «Онда бұзақылық істеп, қан төгетін біреу жаратасың ба? Негізінен біз Сені дәріптеп, мақтау мен пәктаудамыз» деді. Алла: «Мен сендердің білмегендеріңді жақсы білемін!», – деді. (Алла Адамды топырақтан жаратып оған жан салды). Алла Адамға (ғ.с.) біртұтас атауларды үйретті де сонан соң оларды періштелерге көрсетіп: «айтқандарың рас болса, Маған осы нәрселердің аттарын айтып беріңдер» деді. Періштелер: «Сен пәксің! Біздің Сенің үйреткеніңнен басқа біліріміз жоқ. Әрине, Сен толық білуші, өте данасың», – деді. (Алла тағала): «Әй, Адам! Оларға, мыналардың аттарын баян ет», – деді. Сонда (Адам ғ.с.) оларға ол заттардың аттарын айтқан сәтте, Алла: «Мен сендерге көктер мен жердің құпиясын, сендердің де көрнеу, көмес істегендеріңді білемін деп айтпадым ба?», – деді. Сол уақытта періштелерге: «Адамға сәжде қылыңдар» дедік. Сонда олар дереу сәжде қылды. Бірақ Ібіліс бас тартып, дандайсып қарсы келушілерден болды»,¹⁷⁴ – деген мағынадағы аяттар кездеседі. Осылайша адамзат баласы мен Ібіліс, шайтандар арасындағы теке-тірестің бастауы баян етіледі.

Қорыта айтқанда, «Мың бір түн» жинағындағы әңгімелер желісінде мұсылмандық дүниетаным сабақтастығы тереңнен тартады. Мақала барысында оқырманға оның бәрін ашып, талдап көрсету мүмкін болмады. Біз көбіне, Құран аяттарында баян-далған пайғамбарлар тарихымен ұштасқан тұстарына көңіл аударып, оны қысқаша түсіндіп беруге тырыстық. Әлі де айтылмай қалған тұстары көп-ақ. Қалай болғанда да әрбір қисса-әңгіменің оқырманға ұсынатын тағылымдық, тәрбиелік мәні болатыны белгілі. Осы «Мың бір түн» жинағында қаншама ғибаратты, тағылымы мол рухани қазына жатыр. Осы мақала бүгінгі жастарды «Мың бір түн» жинағындағы әңгімелерді тереңірек түсінуге, оны қайта оқуға ынталандырса екен деген ниеттеміз. Себебі оқу адамға көп пайда береді. Жастар өз еркі-

¹⁷⁴«Бақара» сүресі, 30-34-аяттар.

мен кітапты көбірек оқуға дағдыланса, нұр үстіне нұр болары хақ.

Кезінде хакім Абай атамыз жастарға: «...Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл, терең білуге. Артық білім кітапта, Ерінбей оқып көруге», - деген болатын.

Бүгінгі жаһандану заманында өзіміздің төл мәдениетіміз бен рухани құндылықтарымызды, ұлттық дүниетанымызды сақтап қалу әрі бүгінгі жастарды өзге мәдениеттің жетегіне еркін жібермей, мүмкіндігінше оларға ұлттық тәлім-тәрбиені, мұсылмандық дүниетанымды бүгінгі ғылыми жетістіктермен ұштастырып ұсыну мәселесі күн тәртібінде тұр.

МӘДЕНИЕТТЕР ТОҒЫСЫНДАҒЫ ҚҰРАН ҰСТАНЫМЫ¹⁷⁵

«Құран» – араб сөзі, араб тіліндегі «қара'ә» (оқыды) деген етістіктің түбірінен жасалған. Басқаша айтқанда, «Құран» сөзі араб тіліндегі ырықсыз етіс мағынасында тұрып көп оқылған, өте көп тилауат етілген деген мағынаны білдіреді. Әрине, бұл «Құран» сөзінің тілдік мағынасы, ал діни терминдік мағынасына тоқталар болсақ, әйгілі әл-Әзһар университетінің шейхы М. Тантауи: «Қасиетті Құран – адамзат баласын күпірлік қараңғылығынан нұрға шығарып, надандықтан құтқару үшін Алла тағала Өзінің соңғы пайғамбары Мұхаммедтің (с.ғ.с) жүрегіне түсірілген Алланың кітабы», – деп түсіндіреді¹⁷⁶. Ал Құранды қазақ тіліне аударма жасаған Х. Алтай: «Құран Кәрім – Алла тағаланың сөзі. Хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.)-ға Жәбірейіл (ғ.с.) арқылы бүкіл адам баласына тура жол көрсету үшін араб тілінде бөлім-бөлім болып жиырма үш жылда түскен»¹⁷⁷, – дейді.

Дәл осы мағынадағы түсініктемені қуаттай келе Ахмад Сакр: «Коран – Священная Книга мусульман. Аллах открыл Коран Пророку Мухаммаду за 23 года, Откровения, главным образом, были ниспосланы в Мекке и Медине, расположенных на Аравийском полуострове. Пророк запоминал их, жил, обучая им, передавая их близким людям и всему миру. Коран предназначен для всех людей мира, в том числе и для христиан, иудеев, неверующих, агностиков, буддистов и представителей

¹⁷⁵ Бұл мақала 2007 жылы *әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Шығыстану сериясы*, №2 (39), 62-67 беттерінде жарияланған. Мақаланы баспаға қайта әзірлеу кезінде кейбір сөйлемдерге аздаған редакциялау жұмысы жасалғандығын еске саламыз.

¹⁷⁶ Аль-Мунтахаб (Священный Коран). - Бишкек. Третье издание - 2002. -916 с (предисловие).

¹⁷⁷ Х. Алтай. Құран Кәрім қазақша мағына және түсінігі. Алматы., 2000. - 476 бет (3-бетте).

всех других конфессий. Коран для всех поколений до Дня Суда. Поэтому Коран обобщенная, очшпенная и конечная форма всех предыдущих посланий, откровений и священных писаний»¹⁷⁸, – деп қосады.

Міне, осылайша біз «Құран» сөзінің тілдік және терминдік мағынасына қысқаша шолу жасадық. Қазақ тіл біліміне «Құран» сөзінің енуі ислам дінінің қазақ даласына келуімен тығыз байланысты. Яғни қазақ тілінде «Құран» сөзінің тілдік мағынасына қарағанда діни терминдік мағынасы басым. Бірақ араб халқының санасында Құран – тілді, дінді, мәдениет пен әдебиетті, тарих пен салт-сананы, әдет- ғұрыпты қамтып жатқан асыл мұра. «Құран – Ислам дінінің ең негізгі, басты кітабы. Ол діннің ғана емес, араб әдебиетінің классикалық үлгісі. Араб әдебиеті тарихында кітап болып басылып, жарық көрген тұңғыш көркем шығарма»¹⁷⁹.

Олай болса, Құранға тек діни кітап ретінде бір жақты көзқараспен ғана қарамай, оның араб әдебиетінен алған аса салмақты орнын ескере отырып, оған мәдени-әдеби жәдігер ретінде қарау дұрыс болмақ. Өйткені Құранның ислам мәдениетінің негізгі қайнар көзі екендігіне еш дау жоқ. Ал ислам мәдениетінің қазақ мәдениетінің қалыптасуындағы алар орны ерекше екені даусыз. Осы орайда профессор Дәулетбек Садуақасұлы Раевтың: «Қазақ мәдениеті исламдық мәдениет аясында қарастырылатын құбылыс. Ислам қазақ мәдениеті үшін рухани бастау көздерінің – бірі, бірегейі. Сондықтан ислам мәдениеті дегенде мен өз мәдениетімізді көремін. Қазақ халқының мәдениетінде ислам дінінің алар орны орасан зор. Демек, мәдени сұхбат үрдісі қазақ мәдениеті үшін, оның жаңаруы, кемелденуі үшін ислам мәдениеті әзірлеген рухани жәдігерлерді сіңіре білу қабілетіне барып тіреледі. Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алған кезеңнен бастап-ақ рухани бастау жәдігерлерін анықтап, бар-жоғын

¹⁷⁸ Ahmad H. Sakr, Ph.D. Themes of the Quran (Темы Корана). Пер. С англ. – СПб: Издательство «ДИЛЯ», 2007. – 384 с (12-бетте).

¹⁷⁹ Құран хикаялары. - Алматы: Жалын, 1991. -224 бет (3-бетте).

түгендеп, бүгінгі өркениет талабына сай рухани жаңаруды, толығысуды телеологиялық нысана етіп отыр. Мұның бәрін де құнды жәдігерлерімізден көруге болады. Қашан да мәдениеттің ең негізгі факторлары-ның бірі саналатын дін қай қоғамда болса да маңызды рөл атқарады. Егер халқымыздың тарихына үңілер болсақ, ислам дінінің қазақ философтарының қалыптасуына, олардың тұлға ретінде жетілуіне ықпалы зор болған. Сондай-ақ ислам дінінің құндылықтары қазақ халқының салт-санасымен біте қайнасып, тіпті, көп жағдайда ұлттық сипатқа ие болған деуге де болады. Сондықтан ислам діні қазақ мәдениетін қалыптастырушы негізгі күш екеніне талас жоқ...»¹⁸⁰, – деген пікірін келтіру арқылы өз сөзімізді қуаттай түсеміз.

Қазақ мәдениеті мен Құран ұсынған ислам мәдениеті өзара түсінісе алады. Өйткені бұл екеуінің арасына ортақ құндылықтар бар. Мұндай құндылықтарды жалпы мәдениеттің негізі мен іргетасы саналатын тіл саласынан да, дін саласынан да көруге болады.

Ал бас қатырар негізгі мәселе – бүгінгі коммуникация құралдарының қас-қағым сәтте өршіп жылдам дамуы түрлі үлкенді-кішілі, ұлттық-этникалық мәдениеттердің тоғысуына алып келуде. Жаһандану үрдісі осы әлемдік мәдениеттердің басын бір арнаға тоғыстырып, бірін-бірі байытып, толықтыра ма әлде қарама-қайшылыққа, қақтығысқа апарып соқтыра ма деген сұрақ кімді болса да бейжай қалдырмайды. Олай болса, ұлттық-этникалық мәдениеттердің өзара сұхбаттастығы қаншалықты маңызды екендігін айтып жатудың өзі артық.

Мәдениеттердің бір арнада тоғысуы жаһандану идеясымен тығыз байланысты. «...Аты айтып тұрғандай, жаһандану қандай да болмасын процестің, іс-әрекет барысының немесе мәдени-әлеуметтік феноменнің, құбылыстың бір ғана ұлт, халық, мемлекет, өркениет немесе континент шеңберімен шектелмей, бүкіл планеталық – жұмыр жерлік, бүкіл жаһандық деңгейде

¹⁸⁰ Рифағи М.Ф. Ислам мәдениеті. - Алматы: 2007. - 240 бет (Алғы сөз, 3-бетте).

көрініс тауып, маңызға ие болуын танытатын ұғым».¹⁸¹ Міне, осы тұста Құран Кәрімнің бүкіл адамзат баласына ұсынған ұстанымдары мен жаһандану идеясы арасында тоғысу бар. Бұлай дейтініміз қасиетті Құран Кәрімге дейін жаратушы Ие тарапынан түсірілген Таурат, Зәбүр. Інжіл кітаптары белгілі бір ұлтқа, қоғамға, кезеңге ғана лайықталып жіберілген болса, Құран үкімдері мен тыйымдары қарастырған мәселелері бүкіл жер бетіндегі жандар мен адамзат баласына арналып, оның күші қияметтің күніне дейін жарамды болуымен ерекшеленеді. Ислам дініндегі құндылықтардың барлығы ең алдымен, Құранға негізделеді. Ал ислам діні Алла тағала тарапынан жіберілген ең соңғы дін болуына байланысты кәмілдікке ие. Яғни жер өз кіндігінде айнала отырып, күн жүйесін айналу ырғағы бұзылып, қиямет қайым орнағанға дейін жер бетінде өмір сүретін бүкіл адамзаттың әлеуметтік, рухани, ғылыми, құқықтық және этикалық және т.б. қажеттіліктерін толығымен қамтамасыз ете, әр кезеңнің, әр ғасырдың басты, өзекті мәселелеріне шешім таба алатындығымен ерекшеленеді. Қазіргі жаһандану заманында өкінішке орай, құндылықтары Құранға негізделген ислам діні жайында неше түрлі қате түсініктер бар...

Құранның ең алғашқы адам баласына жолданған аяты «Жаратқан Рабыңның атымен оқы»¹⁸² деп басталғанына қарамастан өзін мұсылман санаған жандардың көпшілігі өзі ұстанып жүрген ислам дінінің құндылықтарын жетік біле бермейді. Тіпті, Құранды түсіну былай тұрсын, оны түпнұсқа мәтіннен оқи да алмайтындардың саны қаншама. Ислам дінін, мәдениетін жан-жақты меңгеріп басқаларға ұсыну, мұсылман еместерді ислам дініне шақыру міндеті жүктелген мұсылмандардың халі осыншалықты мүшкіл күйде болғанда өзге дін өкілдерінің Құран жайында, ислам діні, мәдениеті жайындағы түсініктерінің деңгейі қандай екендігі айтпаса да белгілі. Өкінішке орай,

¹⁸¹ Құлсариева А. Аударма және өркениет. Монография. Ғылыми басылым. - Алматы: Нұрлы Бейне, 2006. - 184 бет (145-бетте).

¹⁸² Қасиетті Құран аяты. «Алақ» сүресі, 1-аят.

мұндай факторлар діндер мен мәдениеттер сұхбаттастығына кері әсерін тигізері анық.

Осы орайда, біз бір нәрсенің аражігін ажыратып, анықтап алғанымыз жөн сияқты. Бүгінгі жаһандану үрдісін шығыс мәдениеті мен батыс, Еуропа мәдениетінің тоғысуы деп түсіну керек. Осындағы шығыс мәдениеті деп отырғанымыз араб-мұсылман мәдениеті. Басқаша айтқанда, бір-біріне қарсы, кері-қарсы түсініктегі материалистік көзқарас пен идеалистік көзқарастың бір нүктеде кездесуі деп ұғынуға болады. Осылай ұғыну бізге мәдениеттер сұхбаттастығын қалыптастыруға бір-ден-бір тірек бола алады деген пікірдеміз. Өйткені Еуропа мәдениетінің барлық ғылымдары, бағыты мен мақсаттары көп жағдайда материалдық құндылықтарға негізделеді. Сондай-ақ оның барлық құрама элементтері жеке бастың пайдасы мен тек материалдық игіліктерді ғана көздейді. Діни таным мен өмірдің бағалы құндылықтарына ой жүгіртуді ескере бермейді. Ал араб-мұсылман мәдениеті адам өмірінің тек материалдық жағын ғана ойламай, рухани құндылықтарын да дамытып, жалған дүниенің таршылығынан о дүниенің, ақиреттің кеңдігі мен мәңгілігіне қарай ұмтылуын көздейді. Сондықтан адамзат баласының дәрежесі тек Құран Кәрім ұсынған тақуалықпен ғана өлшенеді. Құран мәтінінде: *«Расында, сендердің Алланың құзырында ең ардақтыларың – ең тақуа болғандарың»*,¹⁸³ – деген мағынадағы аят кездеседі. Осы аяттағы «тақуа» сөзі Алланы әрдайым есіне алып, Оған бойсұнатын, жаны мен ары таза адам дегенді білдіреді.

Ислам түсінігіндегі барлық көркем мінездер мен адамгершілік, этика қағидалары осы аятта айтылған тақуалыққа ғана негізделеді.

Жалпы жер бетіндегі мұсылмандар бүкіл әлемнің жаратушысы – Алла екеніне сенеді. Ол адамды және басқа да мақлұқтарды жаратты, оның барлығы адамзат игілігіне бағындыры-

¹⁸³ Қасиетті Құран аяты. «Хужурат» сүресі, 13-аят.

лып, өз қызметтерін атқаруда деп біледі. Ислам мәдениеті ең бірінші орында иманға, басқаша айтқанда, Аллаға, ақирет күніне, періштелеріне, елшілеріне, кітаптарына, тағдырға, жаратқанның жақсылығы мен жамандығына сенуге негізделеді. Ал материалистер болса, тек көзге көрінетін, қолмен ұсталатын нәрселерге ғана арқа сүйейді. Міне, келіспеушіліктің, түсініспеушіліктің, жеккөрушіліктің басы осында жатыр. Қазіргі таңда жұмыр жердің тұс-тұсында болып жатқан түрлі саяси, діни, мәдени көзқарастар қақтығысын әркім әртүрлі бағытпен түсіндіріп бағуда...

Кім не десе де, қаласақ та, қаламасақ та біз бәріміз жаһанданудың шытырманшына, ой-шұңқырына, белес-қырына заман ағысымен бірге жүріп барамыз.

XXI ғасырдың парадигмалық идеясын жаһандану деп мойындайтын болсақ, дөңгелеген дүние, Жер шары тарылып, бүкіл адамзат баласының қуанышы мен қайғысы ортақ болып келе жатыр. Тіпті, мұны тұңғығы терең, жиегі көрінбейтін ұшы-қиыры жоқ мұхит ортасында тұрған жалғыз кемеге ұқсатуға болады. Кеме ішіндегі жандардың өзара түсіністікпен жалпыға ортақ етіп тағайындалған басшылар арқылы кемені басқаруға емес, әлімжеттілікке, мен білемдікке салыну нәтижесінде көпшіліктің наразылығына ілігіп, соның салдарынан қаншама бейкүнә жандардың жапа шегіп, орынсыз адам қанының төгіліп жатқанына баршамыз да куәміз.

Қалт етсе, бүкіл құндылықтары Құранға негізделген ислам діні терроршылықпен байланыстырылады.

Негізінде, ислам сөзі «бейбітшілік, тыныштық» деген мағынаны білдіреді. Олай болса, әлемдік бейбітшілікке, тыныштыққа шақыратын дін қалайша экстремизм, терроризм ұғымдарымен үндесе алады. «Исламның басты мұраты – адамдар арасында бейбітшіліктің болғаны. Сондықтан экстремист, террорист деп алған топтардан діннен басқа себептерді, мақсаттарды іздеу керек. Олардың саяси, экономикалық, әскери, т.т. мақсаттары, ойлары болғанын тексеру керек. Екінші мәселе, сондай

саяси-экономикалық топтар туралы айтқанда не жазғанда міндетті түрде «исламдық террористер» деген тіркеуді қосатындардың ойы бөтен...»¹⁸⁴

Ислам діні терроризмді қолдамайтындығын, исламда экстремистік пиғылдың жоқ екендігін кезінде баспасөз өкілдеріне берген сұхбатында Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев та баса айтқан болатын. Дәлірек айтсақ, Елбасымыз: «Исламның ішіндегі экстремистер деп айтылып жатқан сөз жөн емес. Ислам деген дүние жүзілік дін. Екі миллиардқа жақын халық мұсылман дініне бағынады. Сондықтан әлгі бандиттер мен экстремистер әр дінде болып жататын жағдай. Ол екеуін біз ажыратып айтуымыз керек. Ал енді, Мұхаммед пайғамбары-мыздан (с.ғ.с.) қалған, діннен қалған мәселелер ондай емес, еш уақытта мұсылманның діні соғыспен, қолына қару-жарақ алып біреуді өлтіріп, заңсыздыққа барып, мемлекетке қарсы жүру деген мәселелер болмайды мұсылманда. Сондықтан осындай нағыз таза мұсылманның, Құранның жолыменен халық жүретін болса, ол елге жақсылық әкеледі, әр адамның өзіне де жақсылық әкеледі деген сөз»,¹⁸⁵ – деп нақтылап айтқан болатын. Олай болса, мәселе исламда не оның негізі, қайнар бұлағы саналатын Құранда емес. Бар мәселе, адамзат баласында. Дінді, Құранды қалай түсінуінде. Әйтпесе, материалдық және рухани құндылықтарды қатар ұстайтын исламда тұрған еш кемшілік жоқ. Кезінде Бартольд: «Исламның басты артықшылығы, мұсылман әлемінің сол дәуірдегі білімді халықтардың алдында болуы, әрине, материалдық және рухани мәдениет жағынан бірдей мәдени біріншілікті ұстауында...»¹⁸⁶, – деген екен.

Құран – құдайсыздарды, имансыздарды жаратқан Иенің барлығына әрі Оның ешбір серігі жоқ жалғыз, біреу-ақ

¹⁸⁴ Бұлұтай М. Мұсылман қазақ еліміз.- Алматы: Арыс, 2001. -180 бет (153-бетте).

¹⁸⁵ Елбасымыздың Астана орталық мешітіне 16.03.2000 күні Құрбан Айт мерекесіне байланысты барғанында баспасөз өкілдеріне берген сұхбатынан үзінді.

¹⁸⁶ Бартольд В.В. Тюрки. Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии.- Алматы: Жалын, 1993 (54-бетте).

екендігіне шақырып, ақли дәлелдер келтіреді. Мысалы, бір ғана жердің жаратылуы, оның адамзат баласының өмір сүруіне қолайлы етілгендігі жайында: «Әнғам» 101, «Ағраф» 54, «Юнус» 3, «Һуд» 7, «Рағад» 3, «Хижыр» 19, 85, «Нахыл» 3, «Әнбия» 30, «Фурқан» 59, «Сәжде» 4, «Фуссилат» 9-11, «Қаф» 38, «Зәрият» 20, «Хадид» 4, «Талақ» 12, «Нәбә» сияқты сүрелердің аяттарында баяндалады. Сондай-ақ (әһлі) кітап иелерін (христандар мен яһудилерді) «Әли Имран» сүресінің 64-аятында бірлікке шақыра отырып, бүкіл адамзат баласын жұмыр жер бетінде береке-бірлік құруға «Бақара» 178, «Әли Имран» 103-105, «Әнфал» 46, 61-63 аяттарында шақырады.

Мұның бәрі де – Құранның Жер бетіндегі тыныштықты, өзара түсіністікті насихаттайтындығының айғағы. Сондай-ақ Құран ұсынған ислам мәдениеті өзге мәдениеттерге қамқорлықпен қарайтындығын, өзге мәдениеттерден оқ бойы озып тұрса да, олармен сұхбаттаса алатындығын тарихи құжаттар, жағрапиялық атаулар, т.б. құнды әрі шынайы деректер дәлелдеп бере алады.

Бірақ осы маңызды мәселе қазіргі халықаралық қатынас, байланыс пен мағлұмат алмасу кезеңіндегі адамзат санасына сіндіріп, барлық рухани құндылықтарға құрметпен қарауға, осының негізінде тоғысқан мәдениеттер сұхбаттастығын құру бүгінде өте өзекті. Бұл ізгі ниеттің іске асуы үшін, қандай шаралар атқарылуы тиіс деген сұраққа жауап ретінде талай-талай ой-пікірлер, ұсыныстар айтылуда.

Жалпы Жер бетіндегі адамзат баласының бір-біріне деген құрметі, мәдениеттер сұхбаттастығы іске асуы үшін біздің пікірімізше мына төмендегі маңызды қадамдарға бару керек сияқты.

Ең алдымен, бір-бірімізді, сосын пікірді, көзқарасты, салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты, діни сенім-нанымды жалпы айтқанда, қандай да болмасын ұлттың, этностың, халықтың, қоғамның мәдени болмысын, тұрмыс-тіршілігін дұрыс танып-білуіміз керек.

Негізінде бүкіл адамзат баласының түр-әлпеті, мінез-құлқы әртүрлі болғанымен шыққан тегі бір. Бәрі де сонау Адамата мен Хауаанаға барып тіреледі. Бұл шындықты киелі кітаптың, сондай-ақ қасиетті Құран Кәрімнің мәтіні де қуаттай түседі. Мысалы, қасиетті Құран мәтінінде: «...тілдеріңнің, түстеріңнің, қарама-қарсылығы да Оның (Алланың) белгілерінен. Күмәнсіз бұларда білгендер үшін аят-белгілер бар»,¹⁸⁷ – деген мағынадағы аят кездеседі. Біз алға тартып отырған бір-бірімізді танып-білудің қажеттілігі де Құран аятына негізделеді. Нақтырақ айтсақ, Құранда Алла тағала: «Ей, адамдар! Расында Біз сендерді бір ер мен әйелден (Адам, Хауадан) жараттық. Сондай-ақ бір-біріңді тануларың (дос-туысқан болуларың) үшін сендерді (әртүрлі) халықтар мен ру-тайпалар қылдық»,¹⁸⁸ – дейді.

Осы аятта Құранның, ислам дінінің адамзатқа деген көзқарасы паш етілетінін аңғаруға болады. Біріншіден, барлық адамзат баласы бір ата-ананың перзенті. Екіншіден, адамдардың әртүрлі халықтарға, ұлттар мен ұлыстарға, ел-руларға бөліну себебі олардың бір-бірлерімен жер үшін, мал-мүлік үшін не қазба байлықтар, мұнай мен газ үшін таласып ұрыс-керіске, келіспеушілікте өмір өткізулері үшін емес, керісінше, бір-бірлерімен танысып, достық келісімшарттар негізінде бірлесіп жұмыс атқаруға, сондай-ақ өздері билік құрып отырған жер бетін көркейтіп, гүлдендіру, келер ұрпаққа аманат етіп қалдыру үшін екендігін аңғарамыз.

Аятта айтылған «танып-білу» тек бір жақты ғана емес, екі жақтан болатындығына баса назар аудартады. Олай болса, біз ұсынып отырған бір-бірімізді танып-білу екі түрлі халықтың, ұлттың, ру-тайпаның, мәдениеттің өкілдері бірін-бірі танып білуге ұмтылуында.

Екіншіден, мұндай бірін-бірі танып-білу кез келген ұлт не

¹⁸⁷ Қасиетті Құран аяты. «Рум» сүресі, 22-аят.

¹⁸⁸ Қасиетті Құран аяты. «Хужурат» сүресі, 13-аят.

мәдениет өкілінің түр-әлпетіне, жынысына, тегіне қарай ажыратпай, алдында тұрған адамды адам ретінде адамшылдығына қарай бағалауға толыққанды түрде дайын болмайынша көздеген мақсатқа қол жеткізу мүмкін болмайды. Егер біз Құран аяттарына жүгінсек, Алла тағала адам баласын ең көркем бейнеде жаратып,¹⁸⁹ оған адамға ғана тән құрметін сыйлады. Бұл құрмет бүкіл адамзат баласына ортақ. Міне, осы мағынаны адамзат баласы толық түсінбейінше түрлі қақтығыстар мен келіспеушілікке, қантөгіске, зорлық көрсетуге, күш қолдануға бейім тұратын қасиетінен арылуы екі талай.

Әлбетте, адамға адами құрметпен қарап, оның ұлттық, этностық, мәдени ерекшеліктерін танып білуге талпыну арқылы ғана мәдени сұхбаттастыққа қол жеткізуге болады. Біз халықаралық дипломатиялық қарым-қатынаспен қоса мәселеге осы жоғары адамгершілік, рухани құндылықтар тұрғысынан да қарасақ игі болар еді.

Үшіншіден, біз алдымыздағы адамды құрмет ету үшін алдымен өзімізді-өзіміз құрмет етуіміз керек. Өзгенің салт-санасын, әдет-ғұрпын, мәдениетін танып-білу үшін ең алдымен әрбір адам өз мәдениетін, салт-дәстүрін жақсы біліп, оған құрметпен қарауға міндетті. Міне, сонда ғана адам өзгенің мәдениетіне де құрметпен қарай алады. Осы орайда адамдар арасындағы теңдік мәселесі, құқықтарының ортақтығы және осы теңдікті мойындау адам санасына сіңеді. Бұл адамзаттың бір-біріне деген құрмет пен мәдени сұхбаттастық кірпішінің қалануына негіз болады.

Қорыта айтқанда, Құран – бүкіл адамзат баласының игілігін, ынтымағын, татулығын көздейді. Құран адамзат баласының өткені мен бүгіні және алдағы жақын әрі болашақтағы жағдайынан хабар береді. Ол адамға осы дүниедегі тіршілігімен қоса, о дүниедегі хал-ахуалын да ыңғайластыруды ұсынады. Сондықтан Құранда «сауап-күнә», «адал-арам», «пайда-зиян»

¹⁸⁹ Қасиетті Құран аяты. «Тин» сүресі, 4-аят.

сияқты тағы басқа көптеген ұғымдар бар.

Мұсылмандар ұғымында Алла тағала бүкіл адамзат баласына өзінің аса мейірімділігімен қасиетті Құран аяттарын түсіріп, барша адамзат баласына екі дүниелік бақытқа қол жеткізудің жолдарын баян етті. Сондықтан да қазіргі әлемдік жаһандану заманындағы мәдениеттер сұхбаттастығын қалыптастыруда қасиетті Құран аяттарының берері мол деп білеміз.

Сөз соңында, ешбір ұлтты жат көрмей бәрін де бауырына басқан Қазақ елі – ынтымақ-бірліктің, бейбітшілік пен татулықтың алтын бесігі болып, мәңгілік жасай берсін демекпіз.

ҚАСИЕТТІ ҚҰРАН АЯТТАРЫН ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІ¹⁹⁰

Құран кітабы жер бетіндегі өзін мұсылман санаған әрбір адам үшін ең қасиетті кітап. Құран – әрбір мұсылман үшін өмірінің, сенімінің, діни құлшылықтарының, тұрмыс-тіршілігінің бағдаршамы іспеттес.

Құран туралы араб тілді деректердің бірінде «...ол (Құран) – Алла тағаланың Мұхаммед пайғамбарға көркем сөз әрі мәңгілік мұғжиза етіп түсірген, оқылуымен құлшылық етілетін, бізге ешбір күмәнсіз үзілмей ұрпақтан ұрпаққа жалғасып (мутәуәтир жолымен) толық жеткен сөзі», ¹⁹¹ – деген анықтама беріледі. Ал қазақ әдеби тілінің сөздігінде: «Құран – ислам дінінің негізгі қағидалары көрсетілген, Мұхаммед пайғамбардың 610-632 жылдар аралығында Мекке мен Мәдинада пайғамбарлық аяндар түрінде айтылған мәтіні, 114 сүреден тұратын мұсылмандардың ең басты қасиетті кітабы, адамзат баласына Алла тағаладан көктен түскен қасиетті төрт кітаптың бірі», ¹⁹² – деп түсіндіріледі. Құран аяттарын алғашқылардың қатарында қазақ тіліне аударғандардың бірі – Халифа Алтай атамыз: «Құран Кәрім – Алла тағаланың сөзі. Хазірет Мұхаммедке (с.ғ.с.) Жәбірейіл (ғ.с.) арқылы бүкіл адам баласына тура жол көрсету үшін араб

¹⁹⁰ Бұл мақала 2014 жылдың 24 маусымында Астана қаласында, Қазақстан Республикасының Дін Істері Агенттігі «Дінтану сараптамасын жүргізудің мәселелері мен міндеттері» тақырыбындағы дөңгелек үстелде талқыға ұсынылған (Бұл мақаланың жарияланымы туралы бізде мәлімет жоқ).

¹⁹¹ (16) مباحث في علوم القرآن. المؤلف مناع القطان مكتبة وهبة القاهرة الطبعة الحادية عشرة – 2000م، ص 384.

¹⁹² Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 10-том / Құраст.: М.Малбақов, Н.Оңғарбаева, А.Үдербаев және т.б. – Алматы: Арыс, 2009. – 752 б (385 бетте),

тілінде бөлім-бөлім жиырма үш жылда түскен болатын»,¹⁹³ – деп жазып қалдырған еді.

Осы соңғы анықтамадағы «араб тілінде» деген сөзге көңіл аудару қажет. Жалпы Құран аяттарының араб тілінде түсуіне қатысты көптеген тұжырымдар айтылады. Біз оларға кеңінен тоқталмасақ та Құрандағы сөз бен сөйлем құрылысының ерекшелігі, өлең не қара сөзге жатпайтын, әдеби түрлерден бөлек болуы, аяттардың теңдессіз үйлесімділігі, мағына мен сөздің байланысы, бір сөздің көп мағыналылығы, мазмұнының байлығы, шешен әрі көрем сөз үлгісінде болуы сияқты тағы басқа Құранның өзіне тән ерекшелігін айта кету керек.

Негізі Құран мәтініндегі көптеген аяттарда Құранның араб тілінде түсірілгендігі «түсіну» сөзімен байланыстырылады. Мысалы, «Жүсіп» сүресінің 2-аятында: *«Расында біз мұны арабша Құран түрінде түсірдік, әрине ақылға саларсыңдар (яғни түсінерсіңдер)»*, – делінсе, «Рағад» сүресінде: *«Осылайша, оны (Құранды) арабша үкім түрінде түсірдік»*, – делінеді. Ал «Фуссилат» сүресінің 44-аятында: *«...Егерде біз оны бөгде тілде бір Құран қылсақ, әлбетте, олар: «Аяттары неге ашық (түсінікті тілмен) баян етілмеген? Арабтарға бөгде тілде айтыла ма?»,- дер еді...»*, – делінеді. Осылайша Құранның *«Ап-ашық (бәрі де түсінікті) бір араб тілінде»* [Құран: 26:195] екендігі баяндалады.

Демек, Құранның араб тілінде түсуі Құранның алғашқы тыңдармандары үшін көп жағдайда түсінікті болды. Десек те, сол дәуірдің өзінде арабтардың арасында Құран аяттарының кейбірін дұрыс түсінбегендер де болған. Мысалы, Құрандағы ораза айында ауыз бекітуге байланысты айтылған: *«Және таңнан, қара жіптен ақ жіп айрылғанға дейін ішіндер, жеңдер де соңсоң оразаны кешке дейін толық орындаңдар»*, – деген «Бақара» сүресінің 187-аятын бір араб тура мағынасында

¹⁹³Алтай Х. Құран Кәрім қазақша мағына және түсінігі. Алматы, 2000.– 476 б (3-бетте).

түсініп, алдына «қара жіп пен ақ жіп»-ті қойып, соған қарай ауыз бекітпек болады. Бірақ оның ебін таппай, ақыр соңында пайғамбардың өзінен барып сұрайды. Сонда Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) мұның бір теңеу сөз екендігін айтып, негізі «қараңғылықтан сәуле айрылғанға дейін ішіндер» деген мағынада айтылғандығын түсіндіреді. Міне, осы сияқты жағдайлар пайғамбардың тірі кезінде аз болмаған. Бұған көптеген мысалды келтіруге болады.

Қысқаша айтқанда, Құранды түсіну мәселесі Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) көзі тірісінде айтарлықтай қиындық тудырмады. Себебі түсінбеген кез келген аятты пайғамбардан сұрап алуға болушы еді. Ал Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) дүниеден өткеннен кейін, Құранды сақтап қалу мақсатында оны қағаз бетіне түсіру, яғни ауызша мәтіннен жазбаша мәтінге айналуы, хатқа түсуі, бұған қоса араб тілді емес халықтардың ислам дінін қабылдауы күн тәртібіне көптеген шешімі қиын мәселелерді алып келді. Бүгінгі түрлі мазһабтардың шығу себептері, олардың өзара келіспеушілігі сияқты ішкі мәселелер сол кездерден бастап-ақ қылаң бере бастаған-ды.

Уақыт өткен сайын Құранды түсіну мәселесі және оны басқа тілде, араб емес бір мәдени-тілдік ортада түсіндірілуіне деген қажеттілік туындады. Осылайша алғашқыда араб-парсы тілдерінде қатар түсіндірілсе, біртіндеп түрік, үнді сияқты шығыс тілдерінде сондай-ақ 1143 жылдары латын тіліне, кейіннен француз тіліне Құранның аударылғандығын зерттеуші ғалымдар айтуда.

Алғашқыда Құранды өзге тілдерге аудару мүмкін емес деген ұстаным болса да бүгінде қажеттілікке орай, Құран мәтінін Еуропа халықтарының тіліне әсіресе, ағылшын тіліне арабтардың өзі аударып, түсіндіріп ұсынуда. Ал Құранды орыс тіліне аударуды алғашқылардың қатарында Г.Саблуков, И.Ю.Крачковский сияқты т.б. орыс шығыстанушыларының үлесіне тисе, соңғы кездері Э.Кулиев, Ш.Р.Аляутдинов сияқты исламтанушы

ғалымдардың Құран аудармалары орыс тілді оқырмандар ортасында кеңінен танылып отыр.

Ал енді қазақ тіліндегі Құранның аудармаларына келсек, тәуелсіздікке дейін Құран аудармалары көбіне, қолжазба нұсқада, оның үстіне араб қарпімен жазылған төте жазу түрінде болғандықтан олар кең тарай қоймады деуге болады. Мысалы, «Мұса Бегейұлы 1912 жылы Құранды қазақ тіліне аударды, бірақ ол жарыққа шықпай қолжазба күйінде қалды»,¹⁹⁴ – деген мәлімет бар. Бұған қоса, орта ғасырларда біздің зиялы қауым, дін ғұламалары өз шығармаларын араб тілінде немесе Орта Азиядағы түркі тектес халықтардың бәріне ортақ тілде жазғандығын да айту керек. Бұл сөзімізге бір ғана дәлел ретінде Тараз қаласының тумасы – Махмуд бин әс-Сәйд Назир ат-Таразидың Түркістан тілінде жазылған Құран аудармасын келтіруге болады. Мұнан басқа бізге белгілісі Сәдуақас Ғылманидың Құранның алғашқы үш тарауын қазақ тіліне аударғанын, бірақ ол қолжазба түрінде бүгінде Алматыдағы Сәдуақас Ғылманидың жеке қорында сақтаулы тұрғандығы айтылады¹⁹⁵.

Біздің пайымдауымызша қазақ тіліндегі ең кеңінен тараған Құран аудармасы:

1) Халифа Алтай Ғақыпұлының «Құран Кәрім қазақша мағына және түсінігі» атты еңбегі. Бұл аударма алғашқыда араб қарпімен, төте жазумен 1989 жылы жарық көрсе, 1991 жылы оны бүгінгі қолданыстағы кирилл әріптеріне қайта түсіріп, Сауд Арабиясында Фахд патша Абдулазиз ұлы Сауд отбасының сыйлығы ретінде мол тиражбен жарық көрді. Оны елімізге жеткізіп, тегін таратты. Қазірде Құранның осы аударма нұсқасын Сауд Арабиясындағы әл-Харам мешітінен, Мәдинадағы пайғамбар мешітінен де кездестіруге болады.

¹⁹⁴ Құрманбаев Қ. Құран ілімдеріне кіріспе – Алматы: «Нұр-Мұбарак» баспасы, 2013. – 392 б (265-бетте).

¹⁹⁵ Құрманбаев Қ. Құран ілімдеріне кіріспе – Алматы: «Нұр-Мұбарак» баспасы, 2013. – 392 б (267-бетте).

2) Ғазез Ақытұлы мен Мақаш Ақытұлының «Құран Кәрім қазақша мағынасы және түсінігі» атты Құран аудармасы. Бұл аударма алғашқыда 1990 жылы Бейжиң қаласындағы «Ұлттар баспасынан» араб қарпімен, төте жазумен жарық көрсе, көп ұзамай қазіргі қолданыстағы кирилл әріптеріне түсіріліп қайта басылды.

3) Нұралы Өсерұлы, Серкімбайұлы ат-Түркістани, Жұмабай Мақашұлы, Ізтайұлы ат-Тарази «Құран және оның қазақша мағынасы» деген атпен 1990 жылы Мәскеуден бірінші томын шығарады. Бес томнан тұратын аударманың соңғы томы Нұралы Өсерұлының атынан 2002 жылы Алматыда жарық көрді.

4) Рәтбек қажы Нысанбайұлы мен Уаһап қажы Қыдырханұлы 1991 жылы Алматыдағы «Жазушы» баспасынан «Құран Кәрім қазақша» деген атпен 50 000 данамен жарық көреді.

5) Уаһап қажы Қыдырханұлының «Құран Кәрім қазақша мағына және түсінігі» деген атпен әзірлеген Құран аудармасы Қазақстан Республикасының мәртебелі президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың халыққа сыйы ретінде жарық көреді.

6) Алауддин Мансурдың араб тіліне аударған және түсініктерін жасаған өзбек тіліндегі нұсқасынан Абсаттар қажы Сманов қазақ тіліне аударып, оны «Құрани Кәрім қазақша мағына және түсінігі» деген атпен 2006 жылы Бішкектен басып шықты.

7) Зәріпбай Жұманұлы Оразбайдың «Құран Кәрім және оның қазақша мағыналарының қазақша аудармасы мен тәпсірі» деген атпен көп томдық аудармасының алғашқы томы 2006 жылы 1000 данамен жарық көрген. Ал 2010 жылы 5-томы басылып шыққан.

8) Құрманғазы Садыбаев және Жадыра Сариеваның Алматыдағы «Ғибрат» баспа үйінен «Құран Кәрім қазақша аудармасы мен тәпсірі» деген атпен соңғы жағынан бастап бөлім-бөлім етіп шығарып жатыр. Негізі бұл «әл-Мунтахаб» деген тәпсірдің қазақ тіліндегі аудармасы деуге болады.

9) 2013 жылы «Құран Кәрім мағыналар және түсіндірмелерінің (тәпсірінің) аудармасы» деген атпен А.Ахмет, С.Андарбай,

Қ.Қыдырәлі, Б.Амандық, Қ.Әбдіғаффар сияқты бір топ аудармашылардың әзірлеген аудармасы Алматы қаласында 5000 данамен басылып шықты.

10) Райымбек қайырымдылық ислам бірлестігі атынан «Құран Кәрім 1-ден 30-ға дейінгі паралар. Арабша транскрипциясы және қазақша мағынасы» деген атпен Сәуле қажы Бекенқызының жинақтауымен Алматы қаласынан 2012 жылы 1-басылымы, ал 2014 жылы 2-басылымы жарық көрді.

11) Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, бас мүфти Ержан қажы Малғажыұлының тікелей бастамасымен «Құран Кәрім қазақ тілінде сөзбе-сөз мағынасы» деген атпен Мұхаммед Шыңғыс қажы мен Ермек Мұхаммедқалидың аудармасы жарық көрді.

12) Қасиетті Құранның тағы бір аудармасы қазір баспада. Оны Ибадуллаев Сәбит әзірлеп ұсынып отыр.

Мұнан басқа да аудармашыларының аты-жөні бізге белгісіз азаматтар тарапынан Құран аудармасы жасалып жатқан болуы да мүмкін.

Осылайша қазақ тіліндегі Құран аудармаларының ең негізгілерін келтіре отырып, олардың аудармаларына сын тағудан аулақпыз. Бірақ осы тұста айтылуы тиіс бір мәселе бар. Біз Құран аудармаларына қатысты бағыт-бағдарымызды нақтылап алуымыз қажет. Себебі Құрандағы сөздердің көп мағыналылығы, сөйлемдердегі теңеулер, сөздің астарлы мағынасы, нақты (*мухкам*) және ұсқас (*муташабиһ*) аяттардың аудармалары әртүрлі бола алады. Мысалы, бір ғана мысал, бір сөздің дәл сол күйінде Құран мәтінінде бірнеше рет кездесіп, олардың түрлі мағынада берілетіндігі араб тілінде «*әл-вужуһ*» (*الوجه*) делінсе, тұрпаты әртүрлі сөздердің бір мағынаға келуін «*ән-назаир*» (*النظائر*) деп аталады. Түсінікті болу үшін мысал келтірсек, Құран мәтінінде «*әл-Һуда*» деген бір ғана сөз 17 түрлі мағынада кездеседі. Олардың кейбірі мыналар: *әл-Һуда* – «*тура жол*», [Құран: 2:5], «*Ислам діні*» [Құран: 22:67], «*Аллаға иман келтіру*» [Құран: 19:76], «*дінге уағыздаушы, шақырушы*» [Құран: 13:7] мұнан бас-

қа «*әл-Хужжа*» (дәлел) [Құран: 2:258], «*әт-Таухид*» (Жаратқанды бір деп тану) [Құран: 28:57], «*Мұхаммед*» (Мұхаммед пайғамбар) [Құран: 2:159, 47:32], «*әл-Қуран*» (Құран кітабы) [Құран: 53:23], «*әт-Таурат*» (Тәурат кітабы) [Құран: 40:53], «*әс-Сунна*» (Пайғамбар сүннеті) [Құран: 43:22], «*әт-Тәубә*» (Тәубе ету) [Құран: 7:156] деген сияқты мағыналарда қолданылған. Міне, бұлардың бәрі де жоғарыда айтылған «*әл-вужуһқа*» (*الوجه*) мысал бола алады. Ал Құран мәтініндегі «*жәһаннам*», «*нар*», «*хутамә*», «*сақар*», «*жәһим*» сөздері әртүрлі болғанымен, түпкі мағынасы бір. Бәрі де жанатын от, яғни «тозақ» деген мағынасында. Осы сияқты сөздер Құранда көптеп кездеседі. Бұлар жоғарыда айтылған «*ән-назаирға*» (*النظائر*) мысал бола алады.

Құран аяттары алғашқы тыңдармандар үшін көп жағдайда түсінікті болғанындығын жоғарыда айттық. Осы орайда тағы бір көңіл аударатын мәселе бар. Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) Құран аяттарын түсіндіру кезінде кейбір қимылдар, ым-ишаралар, дауыс ырғағы, өсиет және бұйрық түрінде берген мәліметтері тыңдармандарға көп нәрсені түсінуге мүмкіндік берді. Мысалы, аяттардың мән-мағынасы жайлы сұралған сұрақтарға бір ауыз сөз айтпай-ақ, жай ғана ым-ишара жасау арқылы немесе езу тарту, қол қимылдарымен аятқа түсініктеме бергенін назардан шығармағанымыз жөн. Бір ғана мысал, Құрандағы «Назиғат» сүресінің 42-аятында: «...*Олар сенен қияметтің қашан болатынын сұрайды?*», – деген аятты пайғамбар бір-екі ишарамен ғана түсіндіргендігі айтылады. Нақтырақ айтсақ, Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.): «Қиямет күні мен менің аралығым мынадай», – деп сұқ саусағы мен орта саусағын көрсету арқылы түсіндірген. Осылайша қиямет күнінің қашан болатындығын пайғамбар шамамен екі саусақтың арасы қаншалықты жақын болса, қияметтің де осыншалықты қысқа мерзім ішінде болатындығына қол ишаратымен көрсеткен. Осы сияқты Ибн Масғудтан жеткен хабарға қарағанда, Мұхаммед пайғамбар жерге бір сызық сызып «міне, мынау түп-тура Алланың жолы

деп, сосын осы сызықтың оңынан және солынан сызықтар сызып, ал мыналар шайтанға ергендердің жолы деп», қолымен жерге сызықтар сызу арқылы түсіндірген.

Міне, мұның бәрі Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) Құран аяттарын түсіндіруде сөзден басқа да әдіс-тәсілдерді ұтымды пайдаланғандығына мысал бола алады. Бұлардан басқа Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) өз замандастарының сана-сезімі, түсіну деңгейін де назардан тыс қалдырмаған. Әрине, түсініктеме өз ортасында орынды әрі белгілі бір шарттарға сай айтылған кезде сөздің мән-мазмұнын жіті түсінуге сол кездегі болған жағдайлардың, оқиғалардың да маңызы зор екені даусыз. Мысалы, намаз өтеу кезінде бүкіл мұсылман жұртының бет бұратын Құбыланың өзгеруінің нәтижесінде, яғни Құдысқа қарап намаз өтеп тұрғандардың намаз үстінде жүздерін қасиетті Қағбаға қаратуы жайына қатысты айтылған Құрандағы: «Алла имандарыңды жоймайды»,¹⁹⁶ – деген аятта айтылған «иман» сөзі бұл сөздің тура мағынасында, яғни иман келтіру, сену деген мағынада немесе оны алғашқы тыңдармандар «намаз» мағынасында түсінді деуге негіз бар. Өйткені бұл сол кездегі болған оқиғаға тікелей байланысты түскен аят. Сондықтан алғашқы тыңдармандар оған ешбір түсініктеме берілмесе де, бұл сөзді дұрыс мағынасында түсіне білген. Осы іспеттес мәлімде-мелерді жеке дара түсіну өте маңызды.

Құран аятының түсуіндегі басты оқиғаны білмей тұрып, ол туралы қандай да бір жорамал жасау, аятқа тілдік түсініктеме беру мүлде қате түсінікке жол ашатыны сөзсіз. Құран мәтіні мен оны түсіндіруші арасында мәдени, тілдік, уақыт, дәуір сияқты т.б. айырмашылықтардың болуы мәселені одан сайын күрделендіре түседі. Сондықтан мәтіндердің немесе сөздердің ондағы мазмұн мен мақсаттың негізінде қарастырылу керектігі қаншалықты маңызды екендігін айтудың өзі артық.

¹⁹⁶ Қасиетті Құран аяты (2:143)

Құран аяттарын дұрыс түсінуде ең алдымен, оның айтылу себебін, қайда, қашан және кімге айтылғандығын анықтаумен де байланысты. Мысалы, Құрандағы: «...қыларыңды қылдың, сен кәпірлерденсің»,¹⁹⁷ – деген мағынадағы аятты бірден түсініп кету біздер үшін өте қиын. Өйткені осы аятта айтылған «сен кәпірлерденсің» сөзінің мағынасын дөп басып, дұрыс жеткізу үшін сөзді кімнің, кімге айтқандығын, сондай-ақ қашан әрі қандай мақсатта айтқан-дығын білу қажет. Себебі «кәпір» сөзі Құранда қолданылған мақсатына қарай «қарсы шығу», «нығметке шүкірлік етпеу» деген мағынада немесе «қандайда бір нәрсені жабу», «жасыру» деген сияқты бірнеше мағыналарда қолданылады. Осы мағыналардың қайсысы аятта айтылғанын табу оңай шаруа емес. Егер біз аяттағы бұл сөзді Перғауын патша өз отбасында бағып-қағып отырған Мұсаға айтқанын ескерсек, аяттың мағынасын түсінуге болады. Ал егер бұл сөз Перғауын патшаның сарайында Мұса пайғамбар бір кісіні өлтіріп қоюына байланысты айтылғандығын ескерсек, онда «кәпір» сөзінің «қарсы шығу» мағынасында емес, жасаған жақсылыққа, жастайынан бағып-қаққан Перғауынның Мұсаға сен менің жақсылығыма лайық болмадың, «шүкіршілік етпедің, алғыс білдірмедің» деген мағынада түсінуге болады. Міне, осы сияқты жайттарды ескеру Құран аяттарын дұрыс түсінуде және дұрыс аударып жеткізуде өте маңызды рөл атқарады.

Бүгінге дейін бүкіл ислам әлемінде Құран тәпсірінің, түсіндірмелерінің бірнеше түрі қалыптасқан. Ең баста Құран аяттарын сөзбе-сөз аудару және мағыналық аударма. Мағыналық аудармада аудармашы айтылып жатқан ойды, аяттардың мағынасын бір тілден екінші бір тілге түпкі мағынасынан ауытқымай дұрыс әрі көркем түрде түсіндіріп жеткізуді мақсат етеді. Сондықтан түпнұсқа Құран аяттары мен аударма арасында сөздің реті, сөйлем құрылысының түрі өзгеруі мүмкін. Басты мақсат аударылатын екінші тілдегі сөйлем құру тәсілдерін пайдалана

¹⁹⁷ Қасиетті Құран аяты (26:19)

отырып, аяттың түпкі мағынасынан ауытқымай, ойды дұрыс жеткізу. Ал сөзбе-сөз аудармада мұндай мүмкіндік жоқ. Сондықтан ол көп жағдайда түсініксіз болады. Мысалы, Құрандағы «Исра» сүресінің:

"وَلَا تَجْعَلْ يَدَكَ مَغْلُولَةً إِلَىٰ عُنُقِكَ وَلَا تَبْسُطْهَا كُلَّ الْبَسْطِ"

деген 29-аятын сөзбе-сөз аударсақ: «қолыңды мойныңа мүлде байлаулы етпе әрі оны барынша жайып та жіберме» деген мағынадағы сөйлем шығады. Бұл аяттың астарлы мағынасы: «қатты сараң болма, жомарт болам деп ысырапшылыққа да бой алдырма», - деген мағынада. Міне, бұл мағыналық аударма.

Осындай мағыналық аударма жасау кезінде әдетте Құран аятын Құран мәтініндегі басқа бір аятпен түсіндіру тәсілі қолданылады. Нақтырақ айтқанда, Құранды Құранмен, сондай-ақ пайғамбар сүннетімен (хадистерімен) және сахабалардың (пайғамбарды көзімен көріп, оның насихатын тыңдаған алғашқы мұсылмандардың) аят жайында, оның түсу себеп-салдарына байланысты айтқан сөздерін (*сәбәбун-нузул* мәселесін) ескере отырып, аятты тәпсірлеу, жан-жақты түсіндіру. Мұндай түсіндіру түрі «Риуаят тәпсір» делінсе, кейде «*Тәфсирун-нақл*», «*Тәфсирул-әсари*», «*әт-Тафсир бил-ма'сур*» атауларымен де аталады. Ал, екінші «Дирият тәпсір» деген түрі бар. Бұл Құран аяттарын түсіндіруде, тәпсірлеушілер Құранның қандай да бір аятын айқындайтын пайғамбар хадистерінің болмауына байланысты қолданған. Мұндай жағдайда тәпсірлеушілер баламалы (альтернативті) әдістер көмегімен жүргізілген *ижти-һад* (зерттеулер) нәтижесін негізге ала отырып, өздерінің *райына* (жеке көзқарасына) сүйенеді. Басқаша айтқанда, ақыл таразысына салады. Бірақ бұл дегеніміз – жоғарыдағы риуаят тәсілін жокқа шығару дегенді білдірмейді. Негізі пайғамбардан, сахабалардан жеткен хабарлар жеткіліксіз болып жатқанда тіл, әдебиет, діни ой-сана түсінігі, діндер тарихы, әлеуметтік психология сияқты т.б. пәндер аясында қол жеткізген нәтижелерден қажетіне қарай пайдаланып, ақылға салу арқылы Құран аяттарын тәпсірлеу, жан-жақты түсіндіру жолы. Құранды түсін-

дірудің мұндай тәсілі кейде «*Әт-тәфсир бир-ра'й*» немесе «*Тәфсиру-ақли*» деген атаулармен де аталады.

Негізі Құран аяттарын осындай тәсілді пайдаланып түсіндірудің мақұлданған және мақұлданбайтын түрі бар.

Қысқаша айтқанда, Құранның түсіндірілуі риуаят тәпсірлері, рай тәпсірлері, сопылық ишари тәпсірлер, шарият заңдарына қатысты фикһи тәпсірлер түрінде қалыптасса, бүгінгі ХХІ ғасырда мазһабтық тәпсірлер, илахади тәпсірлер, ғылыми тәпсірлер, қоғамдық әдеби тәпсірлер түрінде дамып отыр. Осылайша, бүгінде Құранды түсіндіру мәселесі белгілі талаптар бойынша негізі бағыттарға, мазһабтарға бөлінді. Құран аяттарын түсіндірудің, тәпсір жасаудың бірнеше түрі қалыптасты.

Жалпы ислам ғалымдары Құран аяттарын түсіндіретін, тәпсір жасаушы тұлғаға қатаң талаптар қояды. Олардың ең негізгілері:

1. Араб тілін жетік әрі терең білу;
2. Құран аяттарының түсу себепін білу;
3. Мұхаммед пайғамбардың сүннетін толық жетік білу;
4. *Усулуд-дин* (дін негіздері) ғылымы;
5. *Усулуд-фикһ* (шарияттану, құқықтану негіздері) ғылымы;
6. Қиссалар білімі;
7. *Насх пен мансұх* (бір аяттың үкімін келесі бір аяттың жоюы туралы) білімі;
8. Өзі өмір сүріп отырған қоғамды, қоғамның әлеуметтік мәселелерін жетік білу¹⁹⁸.

Олай болса, хакім Абай атамyzдың: «*Құран рас Алланың сөзі дүр ол. Тауилине жетерлік ғылымың шақ*» деуінің, яғни Құран аяттарына түсініктеме беру үшін оған лайықты білімнің болуы тиіс деп айтуының астарында көп мән жатқаны даусыз.

Кезінде Қожа Ахмет Йассауи бабамыз:

«*Аят-хадис мағынасы түрік болса жарасар,*

دار المعرفة، بيروت، لبنان البرهان في علوم القرآن / الإمام بدر الدين محمد بن عبد الله الزركشي المحقق: محمد أبو 198
الفضل إبراهيم (174-бетте).

Мағынасына жеткендер жерге ұрар бөрікті», - деп араб тіліндегі Құран аяттары мен пайғамбар хадистерін өз тілімізде, түркі тілінде түсіндірсек, тыңдармандар сөздің шырайлы әрі ұғынықты болғандығына риза болып, басындағы бөрігін жерге ұрмас пе еді деген болатын. Бертін келе хакім Абай өз заманында түркі, татар, парсы, араб тілдерінен өзі оқып-үйренгендерін қазақи қалыпқа салып, халыққа ұғынықты, шырайлы тілмен жеткізу арқылы қазақ тілінің беделін көтергені баршамызға аян. Хакім Абай:

*«...Әуелі аят, хадис – сөздің басы,
Қосарлы бәйіт мысал келді арасы.
Қисынымен қызықты болмаса сөз,
Неге айтсын пайғамбар мен оны Алласы.
Мешіттің құтпа оқыған ғұламасы,
Мүнәжәт уәлилердің зар наласы.
Бір сөзін бір сөзіне қиыстырар,
Әрбірі келгенінше өз шамасы...», – деп жырлаған еді.*

Шынында да, бүгінде жеке, дара азаматтар әрбірі шамасына қарай қазақ тіліндегі Құран аудармаларын жасап жатқан жайы бар. Бәрі де ізгі ниетпен жасалып жатқан шаралар екенін білсек те, алдын алатын мәселелер де жоқ емес. Түрлі көзқарастар мен мазһабтарға сай Құранның қазақ тіліне аударылуының алдын алу қажет. Бүгінде араб елдерінде болып жатқан келеңсіз жағдайлардың бір ұшы осы Құран аяттарын әркім өзінше түсініп, соған қарай әрекет етуімен байланысты екені жасырын емес. Ислами ұстанымдармен астарласып жатқан радикалды топтардың терроршылдық іс-әрекеттерінің табан тірер негіздерінің бірі де осы Құран мәтініндегі кейбір аяттарды қалай түсінетіндігімен байланысты болып отыр.

Біз бүгінгі жастардың діни сауаттылығын көтеру арқылы зайырлы қоғамдағы түрлі көзқарастар мен пікірлерді құрметтеп, олармен сұхбаттасуға, сыйласуға сондай-ақ кез келген діни экстремистік, терроршыл іс-әрекеттің алдын алу мәселесін ойластырамыз. Бүгінде қаншама іс-шаралар атқарылып жатыр.

Бізге Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Біз елдің дәстүрлері мен мәдени нормаларына сәйкес келетін діни сана қалыптастыруымыз керек», – деп нақты тапсырма берген болатын. Елбасымыз айтқан осы «діни сана» қалыптастыру мәселесі бүгінде өте өзекті. Біз бүгінгі жастарды Құран мәтініндегі, ислам дініндегі «Отан», «ұлт» «жиһад» сияқты қасиетті ұғымдарды, сондай-ақ «халал мен харам», «күнә мен сауап», «өмір мен өлім», «жұмақ пен тозақ» сияқты тағы басқа көптеген ұғымдарды жан-жақты кеңірек түсіндіріп беруіміз қажет.

Сөзімізді қорытындылай келе, біз ең баста Құранның қазақша аудармасын ретке келтіруді, сараптап, бағыт-бағдарды нақтылауды ұсынамыз. Құранның қазақша аудармасы – жеке, дара азаматтар тарапынан орындалатын іс емес, бұл мемлекеттік маңызы бар діни идеологиялық мәселе. Елбасымыз кезінде: «Біз – тегіміз түрік, дініміз – ислам екенін ұмытпауымыз керек. Ол үшін қасиетті кітап Құран Кәрімді насихаттауды естен шығармауымыз керек», – деген болатын. Олай болса, Құранның қазақша аудармасын мемлекеттік тұрғыдан қолдап, бірнеше сала мамандарын топтастыратын ұжымдық ортақ әрі аса жауапты іске айналдыру керек. Құран мәтініндегі қасиетті соғысқа (жиһадқа), мұсылман қоғамын құруға шақыратын аяттардың мән-мағынасын бүгінгі күн талаптарын ескере отырып, дұрыс түсіндіріп жеткізу біз үшін өте маңызды. Сондай-ақ осы орайда елімізде тұрып жатқан түрлі этностардың тілінде Құран қай деңгейде және қандай бағытта аударылып түсіндірілуде деген мәселе де бізді ойландыруға тиіс екендігіне көңіл аударғымыз келеді.

Құран аяттары бізді рухани мол байлыққа, ынтымақ-бірлікке бастасын! Еліміздің рухани, діни бірлігі – тыныштығымыздың, жарқын болашағымыздың кепілі.

ЕЛБАСЫ ЖОЛДАУЫНЫҢ МҰСЫЛМАНДЫҚ ДҮНИЕТАНЫММЕН САБАҚТАСТЫҒЫ¹⁹⁹

(2014 жылғы жолдау)

Соңғы кездері алыс жақын мұсылман, араб елдеріндегі саяси, әлеуметтік хал-жағдай діни дүниетаныммен ұштасатын түсініктер мен ұстанымдар аясында түрлі келіспеушіліктерге, талас-тартысқа, бас көтерулерге, ұрыс-жанжалға жол ашып, тіпті, ол қан төгіске дейін жетіп отырғаны белгілі. Бүгінде бір ұшы діни түсініктермен ұштасқан шешімі күрделі кейбір мәселелер әлемдік саясатта күн тәртібінен түсер емес. Осы орайда, біз Қазақстан халқының басым бөлігі мұсылмандық дүниетанымды ұстанатындығын ескерсек, онда Елбасы жолдауын мұсылмандық дүниетаным аясында талдау жасау біздің қоғам мүшелері үшін де маңызды екендігі талас тудырмасы анық.

Елбасы жолдауында айтылған көптеген ой-толғамдар мұсылмандық дүниетаныммен сабақтасып жатыр. Біз оны жолдаудың мәтінінен үзінділер келтіре отырып талдайтын боламыз. Елбасы жолдауында: «*«Қазақстан-2050» Стратегиясы – барлық саланы қамтитын және үздіксіз өсуді қамтамасыз ететін жаңғыру жолы»* дей келе, «*Ол – елдігіміз бен бірлігіміз, ерлігіміз бен еңбегіміз сыналатын, сынала жүріп шыңдалатын үлкен емтихан»*, – деп ой түйеді. Осы айтылғаннан біз ең алдымен, «Қазақстан-2050» Стратегиясы – барлық саланы, яғни материалдық һәм рухани болмысымызды қамтып жатқандығын аңғарамыз. Сондай-ақ рухани әрі материалдық тұрғыдан өз-өзімізді дамытып, бай болу, заманның бүгінгі жетістіктеріне қарай бейімделуіміз керектігін түсінеміз. Әрине,

¹⁹⁹ Бұл мақалада автор 17.01.2014 жылғы Елбасы жолдауында айтылған кейбір ой-толғамдарды мұсылмандық дүниетаным түсініктерімен сабақтасатындығын Құран аяттары мен Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) хадистерін келтіре отырып дәлелдеуге тырысады. Мақала бұған дейін еш жерде жарияланбаған.

бұл оңай қол жеткізе салатын іс емес, бұл жолда біздің елдігіміз бен бірлігіміз, әрбіріміздің ел игілігі жолында жасайтын ерлігіміз бен ерен еңбегіміз сынға түседі. Яғни кейде орынды бағаланса, кейде елеусіз қалып жатады, ал енді бірде қарсы пікірмен тоғысып, ниетіміздің шынайылығы сыналатын болады. Сондықтан да бұл әрбіріміз үшін Елбасы айтқандай «*Үлкен емтихан*» болмақ.

Негізі біздің күнделікті тұрмыс-тіршілігіміз, осы дүниедегі өміріміздің өзі емтиханның сынақтан тұрады. Бұл туралы қасиетті Құранда: «*Ол сондай Алла, ізгі іс жүзінде қайсыларың жақсы екенін сынау үшін өлім мен өмірді (тіршілікті) жаратқан*»²⁰⁰, – делінеді. Мұсылмандық дүниетаным бойынша адамзат баласы тек осы дүниеде ғана өмір сүрмейді. Адамның екі дүниелік өмірі бар. Бұл дүниедегі өмір мәңгілік о дүниелік өмір үшін азық жиятын, тағат-құлшылық ететін, еңбектенетін, адамдармен қарым-қатынасқа, алыс-беріске түсетін сынақ алаңы болып табылады. Өзін мұсылман санаған әрбір адам қоршаған ортадан, қоғамнан өзін оқшауламай, ел-жұртпен ұжымдасып бірге өмір сүруге міндетті. Адамзат баласының түр-әлпетіне, шыққан тегіне, сенім-нанымына, жынысына, ұлтына қарай бөліп жармай бәріне де Алла тағаланың ең көркем бейнеде жаратқан пенделері ретінде құрмет етуге, шамасына қарай жақсылық жасауға борышты.

Бойына сіңірген білімін, өмірден жиған тәжірибесін, жұмсаған күш-қайратын, ашқан жаңалығын, жеткен жетістігін барша адамзат баласының игілігіне арнау басты қағида. Бұған мұсылмандық дүниетанымнан нәр алған, ислам ғылым-білімінен сусындаған ортағасырлық қаншама бірегей тұлғаларымызды мысал ретінде келтіруге болады. Бүгінде бізге ең баста діннің негіздерін дұрыс түсініп, діни ұстанымдар мен күнделікті тұрмыс-тіршілігімізді ұштастырып, екі дүниенің игілігі үшін

²⁰⁰ «Мүлік» сүресі, 2-аят.

аянбай еңбектену міндеті тұр. «Еңбек түбі – зейнет» дейді дана халқымыз.

Елбасымыз 2014 жылдың 17 қаңтардағы жолдауында: «Стратегия – күннен күнге, жылдан жылға елімізді, қазақстандықтардың өмірін жарқын ете түсетін нақты практикалық істер бағдарламасы» дей келе, «Бірақ нарықтық жағдайда аспаннан нәпақа күтпей, тиімді еңбектену керектігін әркім-ақ түсінуі тиіс», – деп ой түйеді. Осы орайда, хазіреті Омардың халифалық еткен, ел басқарған кезіндегі бір оқиғасы еске түседі. Бірде хазіреті Омар мешітке кірсе, онда бүкіл уақытын құлшылыққа арнаған бір топ кісілерді көріп, оларға ашуланып: «Сендер рызык-несібені өздерің іздемей, уа, Жаратқан ием! Маған рызык-несібе бере гөр!» деп отырасыңдар ма? Сендер көктен алтынның да, күмістің де жаумайтындығын жақсы білесіңдер ғой!» деп мешіттен шығарып, өз рызык-несібелерін іздеп табуды, еңбектенуді бұйырған екен. Міне, осылайша хазіреті Омар өз заманындағы мұсылмандардың дін жайындағы қате түсінігін түзетіп, дұрыс жолға бағыттағанын көреміз. Шынында да ислам діні еңбектенуді, адал жолмен кәсіп етіп, нәпақа табуды насихаттайды. Бұған Құран аяттары мен пайғамбар хадистерінен көптеген мысалдар келтіруге болады. Сөзіміз дәйекті болу үшін бір ғана мысал келтірейік. Қасиетті Құранда: «Намаз өтелген соң, жер жүзіне таралыңдар да Алланың мәрхаметінен несібе іздеңдер»,²⁰¹ – деген аят кездеседі. Осы сияқты Құран мәтінінде құлшылық етумен қатар еңбектенуді, рызык-несібе іздеуді бұйыратын көптеп аяттар кездеседі. Мұхаммед пайғамбар да (с.ғ.с.) көзі тірісінде мұсылмандарды біреуге масыл болудан, қол жайып біреуден қайыр сұраудан тыйған. Бұған дәлел пайғамбар заманында бір кісі пайғамбарға келіп өзінің күнкөрісінің нашар екендігіне шағымданып одан жәрдем сұрайды. Сонда пайғамбар оған үйінде ешнәрсе жоқ па? - дегенде әлгі кісі бір жағын үстімізге жамылып, бір жағын

²⁰¹ Қасиетті Құран аяты. «Жұма» сүресі, 10-аят.

астымызға салып жүрген бір көрпе мен су ішіп жүрген бір ыдыс қана бар деп жауап қайырады, сонда пайғамбар оған: «Барып соларды маған алып кел», – деп бұйырған екен. Әлгі кісі үйіне барып жамылғысы мен су ішіп жүрген ыдысын алып келгенде пайғамбар оны өзінің жанындағы сахабаларына (жора-жолдастарына) көрсетіп: «Мына заттарды сатып алатын адам бар ма? деген екен. Сонда бір кісі: мен оларды бір дирхамға сатып аламын», – депті. Сонда Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.): «Бұдан артық бағаға сатып алам деуші бар ма?», – деп сұрағанда басқа бір кісі: «мен екі дирхам беремін», – деген екен. Сонда пайғамбар әлгі кісінің заттарын осы кісіге екі дирхамға сатып, өзінен көмек сұрап келген кісіге: «Мына екі дирхамның біріне отбасың үшін азық сатып ал! Ал енді біріне балтаның басын сатып алып, маған алып кел», – деп бұйырған екен. Әлгі кісі айтқанын орындап, пайғамбар алдына қайта келгенде, Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) сатып алған балтасының басына өз қолымен ұстайтын сап жасап беріп: «Қане, енді барып таудан отын шауып әкеліп сат. Мен сені он бес күндей бұл жерден көрмейтін болайын», – дейді. Әлгі кісі кетіп араға он бес күн салып, пайғамбарға қайта жолығып, өзінің осы аралықта он бір дирхам тауып, оның біраз бөлігіне тамақ, қалған бөлігіне киім-кешек сатып алғанын қуана айтып жеткізеді. Сонда Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.): «Міне, осылай еңбектенгенің қайырышылық етуден әлде қайда жақсы. Өйткені қайырышы болу о дүниеде жүзіңе қара дақ болып жағылады», – деген екен. Әрине, бұл айтылғандарды Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) бізге де айтқан өсиеті ретінде қабылдауға болады. Олай болса, еңбектену, адал жолдан нәпақа табу жолында қарекеттену мұсылмандық міндетіміз. Елбасымыз да бізді өз жолдауында тиімді еңбектенуге шақырып: «Мемлекеттің міндеті – осыған барлық жағдайды жасау», – деп мемлекеттік билік тұтқасын ұстаған ауыл әкімінен бастап, барлық деңгейдегі басшыларға бағыт-бағдар береді. Әрбір азаматтың еңбектенуіне, жұмыс жасауына қолайлы жағдай жасау, мүмкіндік тудыру, оның жолындағы кедергілерді

заңдық нормалар негізінде шешіп беру – жергілікті мемлекеттік мекеме басшыларының міндеті екендігін түсінеміз. Осы орайда, мемлекет қызметкерлеріне Елбасы тарапынан үлкен жауапкершілік жүктеліп отыр деуге болады. Басқаша айтқанда, билік жүргізетін, басшылық ететін әрбір мемлекет қызметкері Алла тағаланың сынағына түсіп отыр.

Әрине, осы жалған дүниенің есігін алғаш сәтте жылап тұрып, құр алақан ашқан әрбіріміз бұл дүниеде әр уақытта, әртүрлі сынаққа түсеміз. Бірде байлықпен, бірде билікпен, енді бірде қиындықпен, ауыртпалықпен сыналамыз. Осы сәттерде пенделігімізді ұмытпауымыз қажет. Билікке, басшылыққа қолы жеткендер өз қол астындағылардың жұмыс жасауына қолайлы жағдай тудырып, елдің ынтымақ-бірлігіне, татулығына үлес қосып, еліміздің экономикалық һәм әлеуметтік-рухани тұрғыдан дами түсуіне себепші болуы құптарлық, қуанарлық іс болмақ. Ал егер мансапқа шалқып, елдің игілігіне емес, жеке басының немесе белгілі бір топтың мүддесіне, оның пайдасы үшін ғана жұмыс жасаса, пенделігін ұмытса, менмендік танытса, қарапайым халыққа жанашыр болмаса, олардың мұң-мұқтажын құлаққа аспаса, бұл дүниеде айыпты болып, жазаға тартылмаса да о дүниеде Алла тағаланың құзырында есеп-қисапқа тартылатыны мұсылман дүниетанымындағы пенделер үшін ешбір күдік тудырмайды. «Әкім бол, халқыңа жақын бол! Басшы біреу – халқы оған тіреу» деген даналық сөзден тағылым ала алсақ игі. Өйткені Елге, Отанға, Мемлекетке, халыққа, қоршаған ортаға опасыздық ету түбі жақсылыққа апармайды. Біз мұны терең ұғынып, әрбіріміз өзімізге жүктелген міндетті адал атқарып, Елбасы жолдауындағы «Бірлік» идеясына бірігуіміз қажет.

Елбасымыз айтқан дамыған 30 елдің қатарына кіруге әрбіріміз үлес қосуға міндеттіміз. Ең баста нәпсімізді, өз менімізді тәрбиелеуді ұмыт қалдырмауға тиіспіз. Себебі жоғары адамгершілік, жауапкершілік пен ұқыптылық, істің ретін білу мен үнемшілдік біздің әрбірімізді жетістікке жеткізетіні даусыз. Егер ғылым-білімге қоса рухани құндылықтарымыз ескеріліп,

жалпы адам капиталы жан-жақты дамыса, елдің де дамитыны талас тудырмайды. Егер біз өз-өзімізді жақсылыққа қарай бағыттамақ, оған бет алып бейімделмесек, Алла тағала да бізді жақсылыққа өзгертіп қоймайды. Бұған: «*Расында бір қауым, өзін өзгертпейінше Алла оны өзгертпейді*»,²⁰² – деген мағынадағы Құран аятын дәлел ретінде келтіру жеткілікті. Міне, сондықтан жақсы ойға берілу, жақсылыққа қадам басу, шамамызға қарай жақсылық жасау біздің әрбіріміздің міндетіміз. Біз өзіміз қашан жақсылыққа ниет етсек, оған қарай бағыт алсақ әрі оған қадам бассaq қана өзгереміз. Басқаша айтқанда, қазіргі таңда бізде жақсылық жасауға деген жақсы, ізгі ниет, Елбасымыздың ынтымақ-бірлікке шақыратын «Қазақстан-2050» стратегиясы атты ауқымды бағдарламасы бар. Олай болса, бізге Елбасы жолдауын қолдап, ондағы ой-толғамдарды дұрыс түсіне білу керек. Елбасымыз айтқан: «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» үшін әрбіріміз алға қадам басуымыз қажет.

Осы орайда айтылуы тиіс мәселе бізге мұсылмандық дүниетанымда да бірліктің болуы аса маңызды. Бүгінде дініміз исламның қай мазһабын ұстанатынымыз бізге анық. Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы ұстанған, ұлттық құндылықтарымызбен біте-қайнасып кеткен Әбу Ханифа мазһабын ұстануымыз бізге тек жақсылық әкеледі.

Қазіргі таңда құрметті Бас муфти Ержан қажы Малғажыұлы бастаған дін саласының қызметкерлері «Дін мен Дәстүр» арасындағы сабақтастықтың тереңнен тартатындығын өте жақсы насихаттауда. Бұл құптарлық әрі қуантарлық іс. Рухани бірлікте болу, тәуелсіз еліміздің іргесін нығайта түсетіні сөзсіз.

Біз Елбасы жолдауындағы биік мақсаттарға қол жеткізу үшін өз-өзімізді ұдайы шыңдап, рухани, адамгершілік қасиеттерімізді жандандыра түсуге міндеттіміз. Ғылым-білімге имандылық тәлім-тәрбиенімізді қосып, ата-балаларымыздың аманат еткен салт-дәстүрін, тілі мен ділін, дінін ұстанып алға қадам бассaq

²⁰² «Рағад» сүресі, 11-аят.

сөзсіз межелі мақсатқа жетеміз. Қазіргі техникалық жетістіктердің шапшаң дамыған заманында адами фактор өз құндылығын жоғалтпайды. Бүгінгі әлемдік жаһандануда заманында күллі адамзат баласының қуанышы мен қайғысы ортақтасып, бірігіп барады. Елбасымыз жолдауда: «Қазақстан әлемде адамдар үшін қауіпсіз және тұруға жайлы елдің біріне айналуға тиіс», – деп шегеліп айтты. Демек, Қазақ елін бейбітшілік пен татулықтың, тұрақтылық пен өзара сыйластықтың мекеніне айналдыру міндеті – әрбір Қазақстан азаматының, оның ішінде мұсылман жамағатының да мойнына жүктелетіні дау туғызбайды. Себебі ислам бейбітшіліктің, татулықтың, сыйластық пен ынтымақ-бірліктің діні. «Бірлік бар жерде тірлік бар» дейді дана халқымыз.

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ДІНИ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ ХАҚЫНДА²⁰³

Бүгінгі коммуникация құралдарының қарқынды дамуы жаһандану үдерісін тудырып, түрлі ұлттық-этникалық мәдениеттердің, діни ұстанымдардың бір жерде тоғысуына алып келуде. Нәтижесінде өзіндік этникалық ерекшеліктері мен діни ұстанымдары бір-біріне сай келе бермейтін, философиялық, діни дүниетанымы керағар ұлт өкілдерінің бір қоғамда бейбіт өмір сүруі күн тәртібіне шығып отыр. Әсіресе, қоғамдағы негізгі күшті құрайтын бүгінгі жастарға қажетті діни білім берудің қаншалықты маңызды екендігі ешбір талас тудырмайды. Негізі осы бағытта ҚР Дін істері агенттігі жұмыс жасап, күні бүгінге дейін түрлі деңгейде талай шаралардың өтуіне мұрындық болып, атсалысып келеді.

Мемлекеттік деңгейде де көңіл бөлініп, діни саладағы ғылыми зерттеулерге қолдау жасалуда. Бір ғана мысал, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де қазіргі қазақстандық қоғамдағы діннің даму үдерісіне талдау жасау бағытында филол. ғыл. док., профессор Г.Е.Надированың жетекшілігімен «Қазіргі Қазақстандағы ислам: мәні мен діни жаңарудың нәтижелері» атты тақырыпта ғылыми зерттеу жұмысы жүріп жатыр. Бұл ғылыми зерттеудің негізгі міндеттеріне діни жаңарудың себептерін, мәнін, қарама-қайшылықтары мен нәтижелерін зерттеу, дінді ұстанған қазіргі адамның әлеуметтік портретін жасау, оның менталдық, білім деңгейі, жасы, гендерлік ерекшелігі, біліктілігі

²⁰³ Бұл мақала 2013 жылы, 26 маусымда Астана қаласында Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі ұйымдастырған «Діни білім беру және ағарту діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу факторы ретінде» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға ұсынылып, осы конференцияның материалдар жинағында (68-73-беттерде) жарияланған. Мақаланы баспаға қайта әзірлеуде аздаған өзгертулер мен толықтырулар енгізілгендігін ескертеміз.

және тағы басқа сипаттарын анықтау жатады. Сондай-ақ радикалды саналып жүрген ислам ағымдарының қазақстандық жастарға кері әсер етуінің сипаттары мен деңгейлерін, сонымен бірге оның салдарын анықтау аясы кіреді.

Тәуелсіздіктен кейінгі жаңа қоғамда діни мәселелер өзінің аса өзекті екендігін көрсетуде. Өкінішке орай, оның бір жағы ислам дінімен тікелей байланысты болып отыр. Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің төрағасы Қ.Лама Шариф²⁰⁴: «Елімізде орын алып отырған үдерістердің өтпелі сипаты Қазақстандағы исламдық кеңістіктің қалыптасуын күрделендіре түсті. Біз бұрынғы кеңес кеңістігіндегі ел мұсылмандарының бір бөлігінің шеттен келіп жатқан радикалды сипаттағы діни идеялар мен ой-пікірлерді белсенді түрде қабылдауына ықпал еткен «жаңа исламдандыру» толқынымен бетпе-бет келіп отырмыз»,²⁰⁵ – деп нақты атап көрсеткендей, қазіргі діни ахуал сан құбылып тұр.

Бүгінде біз жастардың діни сауаттылығын көтеру аса қажет деген пікірмен бірауыздан келіссек те, оның қалай іске асатындығы әлі талқылану деңгейінде. Әсіресе, жоғары оқу орындарында (бұдан әрі «ЖОО» деп қысқартылды) діни білім берудің әдіснамалық негізі қандай сипатта және мазмұнда болу қажеттігі жайында түрлі пікірлер айтылуда. Мұндай сан түрлі пікірлердің болуы, әрине, заңды құбылыс. Мұның бәрі түптеп келгенде жастарға ЖОО діни білім берудің тиімді әдіснамалық негіздерін жасауға себеп болады деп түсінгеніміз дұрыс.

Осы орайда біз де ЖОО діни білім берудің әдіснамалық негіздері хақында өз көзқарасымызды ортаға салғанды жөн санаймыз.

²⁰⁴ 2013 жылдың 9 қазанда Мемлекет басшысының Жарлығымен Қайрат Қайырбекұлы Лама Шариф Қазақстан Республикасының Біріккен Араб Әмірліктеріндегі Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындалды.

²⁰⁵ Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің Төрағасы Қайрат Лама Шарифтың «Тәкфіршілік – діни экстремизмнің қауіпті түрлерінің бірі» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияда сөйлеген сөзінен (Жезқазған қаласы, 7 маусым 2013 ж.).

Ең әуелде, жастарға діни білім беру – танымдық, ағартушылық бағытта және бүгінгі жаһандану заманында зайырлы қоғамдағы түрлі көзқарастар мен пікірлерді құрметтеп, олармен сұхбаттасуға, сыйласуға сондай-ақ кез келген діни экстремистік, терроршыл іс-әрекеттің алдын алуды көздейді. Осылайша жастар арасында діни экстремизм мен терроризм пиғылдарына қарсы профилактиканы жүргізу арқылы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы: «Біз елдің дәстүрлері мен мәдени нормаларына сәйкес келетін діни сана қалыптастыруымыз керек...»,²⁰⁶ – деген сөзін діни білім берудің негізгі мақсаты деп белгілеп алсақ, осы мақсатқа жету үшін не істеу керектігін пайымдауға болады. Бұл ең алдымен қазіргі діни жағдайды саралап, діни сауаттылықтың деңгейін айқындауды қажет етеді.

Жалпы алғанда, Қазақстандағы діни ахуалды республикалық деңгейде ішкі шеңберде және әлемдік деңгейде сыртқы шеңберде қарауға болады. Бұлай деуге себеп Қазақстан азаматтарының діни ұстанымдары әртүрлі әлемдік және дәстүрлі емес діндерге табан тірейді. Қазақстан Республикасы тәуелсіз зайырлы мемлекет ретінде діннің ішкі мәселелеріне тікелей араласпайды. Халықаралық деңгейде қабылданған ұстанымдар бойынша қарекет етіп, өз азаматтарына діни ұстаным бостандығын береді. Бұл жайында ҚР 1995 жылдың 30 тамызында қабылданған Конституцияның 19-бабының 1-тармағында: «Әркім өзінің ... қай дінге жататынын көрсету-көрсетпеуге хақылы»²⁰⁷ делінсе, 2011 ж. қазан айында қабылданған ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңның 6-бабында: «Әркім Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес діни немесе өзге де

²⁰⁶ ҚР президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ««Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауы. Астана -2012 ж. 14 желтоқсан.

²⁰⁷ Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Қазақстан, 2000.-96 б.

нанымдарды ұстануға құқылы»²⁰⁸ екендігі нақты көрсетілген. Осы заң аясында әрбір азамат өз қалауынша қандайда бір діни сенім-нанымды ұстауға яки ұстамауға ерікті. Олай болса, түрлі діни сенім-нанымдар мен көзқарастарды бір жерде тоғыстыратын көпұлтты елімізде, бүгінгі зайырлы қоғамда азаматтардың өзара түсіністігі мен татулығы, олардың бейбіт өмір сүру кепілдігі, елдің ынтымақ-бірлігіне, тыныштығына нұқсан келтірмейтіндей етіп реттеп отыру мемлекеттік деңгейдегі өзекті мәселе. Сондай-ақ ғасырлар бойы қол созып арман еткен бүгінгі тәуелсіз Еліміздің тыныштығын сақтау, оның іргесін нығайту жолында үлес қосу сөзсіз әрбір азаматтың міндеті болып қала бермек.

Біз бүгінгі көпұлтты қоғамда тыныштықты сақтауға, діни сұхбаттастық пен төзімділікті насихаттауға, еліміздегі азаматтардың діни ұстанымдарына қандай болғанда да оған азамат ретінде, адам ретінде құрметпен қарауға дағдылана білуге тиіспіз. Бүгінгі технология саласындағы жетістіктер мен жылдам ақпарат алмасуды қамтамасыз ететін жаһандану заманында адам баласына деген құрмет төмендемеуге тиіс. Адамның байлығы тек материалдық тұрғыдан ғана өлшенбей, адамның рухани, ішкі жан дүниесінің байлығы да назардан тыс қалмауға тиіс. Хакім Абай айқандай: «...адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ...»²⁰⁹.

Қазақстанға шетел азаматарының уақытша тұрақтауы, мигранттардың келуі, сондай-ақ сауда-саттық, экономикалық, ғылыми, мәдени, т.б. сияқты түрлі салалардағы бас қосулар түрлі дін, ұлт, мәдениет өкілдерін бір жерге тоғыстыруда. Осы орайда баршаға құшақ жайып, лайықты құрмет танытатын қазақи болмыс пен оның қонақжайлығы, еліміздің сыртқы дипломатиялық ұстанымдары назардан тыс қалмайды. Дегенмен, дін мәселесі, яғни адамның сенім-нанымы өте нәзік мәселе. Ол

²⁰⁸ Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы // Ақ Жайық. -2011ж. 18 қазан.

²⁰⁹ Абай. Қалың елім, қазағым: Шығармалары. – Алматы: Жалын, 1995. – 384 б (18-қарасөз).

адамның ішкі жан дүниесімен, болмыс-бітімімен, жүріс-тұрысымен ұштасып жатқан аса күрделі таным-түсінік. Сондықтан болар, Елбасының «Қазақстан-2050» стратегиялық Жолдауында: «Дін мәселелерінде ойластырылған қадам және өте мұқияттылық қажет. Мемлекет діни бірлестіктердің ішкі ісіне араласпауға тиіс. Біз ұят, толеранттылық және төзімділік еркіндігі принциптерін қастер тұтуымыз керек», – деп ескертілген болатын.

Олай болса, еліміздегі жастармен жұмыс жасап, олардың діни сауатты болуымен қоса еліміздің саяси ұстанымдарын оларға кеңінен насихаттауды тоқтатпауымыз қажет. Сондай-ақ жастардың елімізге деген патриотизмі басқа мүдделерден жоғары тұру үшін оларға көбірек көңіл бөлінуі тиіс. Мұның бәрі түптеп келгенде бүгінгі жас ұрпақтың білім алумен қоса, қай салада болса да діни һәм саяси сауатты болуын талап ететіндігін көрсетеді.

Енді ЖОО діни білім берудің негізіне тоқталсақ, оны біздің пікірімізше қазірше арнаулы элективті (таңдау) курсы ретінде түрде ұсыну қажет. Бұл курсты жүргізуде еліміздің негізін құрайтын қазақи ұлттық дүниетанымдармен, салт-дәстүрмен үндесетін әрі дінге сенушілері тұрғысынан басымдық танытатын негізгі қауымның, яғни мұсылман үмбетінің басты діни дереккөзі саналатын Құран Кәрім мәтіні негізге алынуы орынды болмақ. Бұлай деудің бірнеше себептері бар.

Біріншіден, Құран ең әуелден оқуға, ғылым-білімге, ағартулыққа үндейді. Білім алудың басты артықшылығы жайында Құран аяттары мен пайғамбар хадистерінен көптеп дәлел, айғақ келтіруге болады. Негізі мұсылман ғұлама-ғалымдарының ғылымға көңіл бөлуі дін, дүние, қоғам факторларына тікелей байланысты болды. Себебі білім адам баласына жатарушы Иені дұрыс танып-білуге, діни ұстанымдар мен оның мақсат-міндетін жетік түсінуге, орындалатын тағат-ғибадаттарды, діни құлшылықтарды мүлтіксіз орындауға жол салумен қоса, мұсылмандарға әлем табиғатын, адам табиғатын зерттеуге жол ашты.

Алла тағаланың Құрандағы «Сендерге көктердегі нәрселерді де, жердегі нәрселерді де толық бағындырды...»,²¹⁰ – деген аятын негізге ала отырып, мұсылман ғалымдары табиғатқа байланысты ғылымдарды дамытып, оларды жеке адам, қоғам игілігі үшін пайдаланды. Құран мен пайғамбар хадистері аясында ғылым-білім әлеуметтік және өркениеттік өрлеуге жеткізетін құралға айналды. Нәтижесінде бүгінгі Орта Азия мен тәуелсіз Қазақстан топырағынан ғылымның түрлі салаларында ой қозғаған мұсылман ғұламалары шықты. Мысалы, әлеуметтану саласында Ибн Жәбир, Ибн Батута, әл-Мақризиді сияқты ғалымдар белгілі болса, Ибн Халдун іргелі «Муқаддима» еңбегін жазып қалдырды. Ал, жағрафия саласына Мұхаммед Ибн Мұса әл-Хорезми «Жердің бейнесі» атты зерттеуімен өз үлесін қосса, астрономия ғылымында әл-Баттани мен Ибн Юнус сияқты мұсылман ғұламаларының ғылыми туындылары ерекше. Осы сияқты т.б. ғұламалардың есімін көптеп атауға болады.

Кезінде ислам діні Қарахан, Ғазнауи, Селжұқ, Хорезмшаһ, Алтын Орда сияқты мемлекеттердің ресми дініне айналып, есімдері әлемге әйгілі, мұсылман түркі жұртшылығының мақтанышына айналған тұлғалар шыққаны белгілі. Біз олардың арасынан Әбу Насыр әл-Фараби, Ж.Баласағұн, М.Қашғари, А.Иүгінеки, А.Йассауи сынды кейбірін ғана білеміз, ал әлі зерттелмей, еңбектері жарыққа шықпай жатқан ғұламалар қаншама. Тіпті, кешегі ХІХ ғасырда өмір сүрген қазақ би-шешендері мен ақын-жырауларының шығармалары мұсылмандық-ислами дүниетаныммен ұштасып, біте қайнасып жатыр. Бұлардың бәрі де қазіргі тәуелсіз ел дүниетанымы тұрғысынан жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Бұлардың жастарға берер тағылымы да өте мол. Өз тұлғаларымызды дұрыс танымағандықтан да қазіргі жастар сырттан діни тұлға іздейді. Тіпті, елімізде кейбір топтар исламға дейінгі тәңіршілдік пен шамандық сенімді насихаттау-

²¹⁰ Құран Кәрім қазақша мағына және түсінігі. Ауд. Х. Алтай. 1991. -629 бет («Жасия» сүресі, 13-аят).

ды жөн көруде. Мұның бәрі кешегі кеңестік дәуірдегі ислам жайындағы жансақ таным мен түсінік аясымен шектелген, сондай-ақ бүгінгі діни экстремизм мен терроризмді ислам дінінің ұстанымдарымен байланыстыру салдарынан деп білеміз. Өткенге салауат айтып, келер күнге үмітпен қарайтын қазақи мінезімізді ескерсек, біз бүгінгі жастарға ислам дінінің қағида-заңдарының қаншалықты орындалып, орындалмауына емес, ислам дінінің ғылым-біліміне, оның ұстанымдарының негізін дұрыс түсіндіру бағытында жұмыс жасауымыз қажет. Міне, бұл ислам ұстанымдарымен байланысты лаңкестік іс-әрекеттердің алдын алу бағытындағы шаралардың бірі деп білеміз.

Бір сөзбен айтқанда, біз қасиетті Құран мәтінімен тәуелсіздік алған күннен бастап қана танысып отырған жоқпыз. Біздің сан ғасырлық тарихымызда, ұлт ретінде қалыптасуымызда, жалпы ұлттық құндылықтарымыз бен салт-санамызда, қазақи мәдениетімізде ислам дінінің, Құран аяттары мен пайғамбар хадистерінің алар өзіндік орны бар.

Осы айтылғандарды ескере отырып, біз ЖОО «Құран мәтінін тану» немесе «Құрантануға кіріспе» атты пәнді элективті курс ретінде енгізу мәселесін қарастыруды ұсынамыз. Бұл пәнді енгізу арқылы біз көкпен түсірілген діндердің тарихын мұсылмандық дүниетаным аясында түсіндіріп, олармен болатын мұсылмандық қарым-қатынасты, сыйластық пен өзге дін өкіліне құрмет көрсетудің негіздерін жастарға түсіндіреміз. Осылайша жастар ұлттық санамызға негізделген түсінікте жалпы діндердің шығуы жайлы мағлұматтар алып, діни сұхбаттастықтың Құран негіздеріне сүйенген ұстанымдарымен танысады. Бұл ең баста еліміздегі негізгі діни топтардың (ислам діні мен христиан діні өкілдерінің) өзара сұхбаттастығы мен түсіністігін нығайтады. Бірақ осы тұста ескеретін мәселе біз айтып отырған «Құран мәтінін тану» немесе «Құрантануға кіріспе» атты элективті курсы қазақ тілді аудиторияларға арналады. Ал орыс тілді, христиандық немесе өзге діни дүниетанымдағы аудиторияда айтылатын, яки оқылатын курс бағдарламасы қазақ тілді

аудиторияға қарағанда басқаша болғаны жөн. Себебі қазақ тілді аудиторияда діни ұстанымдар мұсылмандық, ұлттық дүниетаным аясында жүргізілсе, орыс тілді аудиторияда олардың өз діни дүниетанымы ескеріліп, қазақи, мұсылмандық дүниетанымның ерекшеліктерін түсіндіріп, оның ұстанымдарын құрметтеуге насихаттайтын бағытта болуы керек. Осылайша әртүрлі дүниетанымдағы жастарды бір-бірінің пікірін, діни ұстанымын құрметтеуге дағдыландырумен қоса түрлі шараларды, спорттық ойындар мен кештерді, мерекелік жиындар, ұлттық һәм діни мейрамдардағы сияқты басқа бас қосуларды бірігіп, ұжымдасып атқаруға үйрету. Басқаша айтқанда, діни ұстанымына қарай оқшауланбай, өз ортасында қоғамдық шараларға белсене араласуға шақыру. Себебі осы оқшаулану, қоғамнан бөліну діни экстремизм мен терроршылдық әрекеттің жолына түсуге немесе оның құрбаны болуға алып баруы мүмкін.

Біріншіден, жастарға Құран мәтінін ғылыми тұрғыдан талдап түсіндіру – олардың ғылым-білімге деген ынта-жігерін арттырады. Тек материалдық пайда үшін емес, рухани азық үшін білім алуға, сондай-ақ ел игілігі үшін қызмет етуіне ықпал етеді деген пікірдеміз. Қазір бізде осы тұсы осал түсіп жатқаны жасырын емес.

Екіншіден, Құран мәтінін ғылыми тұрғыдан талдап түсіндіруге бағытталған элективті курсты енгізу арқылы біз жастарға ислам дінінің ұстанымдарын басшылыққа алатын, ислам дінінің түрлі ағымдарын, олардың шығу тарихы мен алғышарттарын Құран мәтіні аясында талдап, шығу себебін, олардың негізгі ұстанымдары мен бағыттарын көрсете аламыз. Сондай-ақ бұл ата-бабаларымыздың қазақи салт-дәстүрге негіздеген діни ұстанымдарымызды олармен қатар қойып, қазіргі «дәстүрлі ислам» деп аталып жүрген қазақи салт-дәстүрімізбен біте-қайнасып, ұлттық санамызға сіңіскен ең баста этикалық құндылықтарға негізделген ислами ұстанымымыздың ерекшеліктерін нақты көрсетуге, жан-жақты түсіндіруге мүмкіндік береді.

Үшіншіден, бұл курс арқылы біз кейбір жастардың ислам діні жайлы тар түсінікте қалуының, сондай-ақ түрлі радикалды ағымдарға түсіп кетудің алдын алады. Егер қандайда бір діни радикалды ағым мүшелерімен араласып, олардан әсерленген болса, онда оның ұстанған бағытының күдіктілігі дәлелді түрде түсіндірілгендіктен оның ой-пікіріне қозғау салып, қате діни бағыттан қайтуына ықпал ете алады. Мұнан басқа қазіргі кезде жастардың ЖОО ақылы түрде оқи алатындығын ескерсек, діни ұйымдардың осы елде өз пікірін қолдайтын азаматтардың болуы үшін оларды қаржылай қолдап, ақылы түрде жоғары білім алуына жағдай жасайтындығын да жоққа шығара алмаймыз. Бұған қоса, президенттің «Болашақ» халықаралық стипендиясы арқылы бакалаврден кейін жастардың алыс шетелдерге оқуға, өз біліктілігін арттыруға мүмкіндіктері бар. Бірақ өмірден жиған тәжірибесі аз, діни сауаттылығы төмен жастардың шетелдерге шығуы ғасырлық тәжірибесі бар діни ұйымдардың арбауына немесе алдауына түсуі де қаперден тыс қалмауы тиіс. Себебі ислам дінінің ұстанымдарымен байланыстыратын діни экстремизм мен терроршыл іс-әрекеттерді қолдайтын ұйымдар тек мұсылман-араб елдерінде ғана емес, «Болашақ» халықаралық стипендиясы арқылы жіберетін Еуропа елдерінде де аз емес. Бұған ғаламтор желілеріндегі қасиетті соғысты (жиһадты), терроршыл іс-әрекеттерді насихаттайтын бейне-роликтерді қоссақ, жастардың санасын улауға бағытталған ішкі және сыртқы сан түрлі факторлардың бар екендігін аңғарамыз. Сондықтан оған қарсы іс-әрекет етіп, жастардың санасын діни экстремизм мен лаңкес-тік пиғылдардан құтқарудың бір жолы – Құран мәтінін дұрыс бағытта таныту деп білеміз. Біз Құранның түпнұсқа мәтініндегі кейбір көп мағыналы, астарлы сөздерді түсінуге, интерпретациялауға байланысты ислами түрлі ағымдардың пайда болғандығын жастарға жіті түсіндіріп талдап беруіміз керек.

Әсіресе, исламдағы «дәрул-харб» пен «дарус-сулх» ұғымдары міндетті түрде талқыланып түсіндірілуі тиіс. Осылайша

ислами түсініктермен байланыстырылатын діни экстремизм мен терроризмнің негізгі бастауына бағытталған алдын алу бойынша жұмыс жасағанмыз жөн. Басқаша айтқанда, Құран мәтінін семантикалық әдіс арқылы түсіндіруді басшылыққа алу қажет сияқты. Себебі бұл әдіс:

1) Құран мәтініндегі сөздердің беретін мағыналарына талдау жасайды. Сөздің этимологиялық шығу тегіне және түрленімдеріне талдау жүргізеді;

2) Құран мәтініндегі сөздің мәнмәтіндегі орнына қарай мағынасын анықтайды;

3) Құран мәтінін түсіндіру кезінде түсіндірушінің жеке пікірінің араласып кетуінің алдын алады. Құран тілінің шынайы мағынасын, пәлсапасын ашады;

4) Құрандағы мәнмәтін (контекст) бүтіндігі маңызды болғандықтан, Құран мәтініндегі негізгі ой жүйесі талқыланады;

5) Құран аяттары арасындағы мағыналық тізбектің қалыптасуына мүмкіндік беріледі. Осылайша бір аятты аударғанда ол Құран мәтініндегі басқа бір аятқа керағар мағынада болмайды. Өзара үйлесімділікте болады;

6) Құран мәтініндегі кілт (негізгі, тірек) сөздерге қырағылықпен қарап, оларды объективті түрде талдау арқылы сөздің концептілік ұғымын дұрыс анықтауға жол ашады. Осылайша араб тілінен басқа тілдерге Құран мәтінін аудару барысындағы қателіктің алдын алады;

7) Құран мәтініндегі сөздердің Құран аяттары түсіп жатқан кездегі араб тіліндегі мағыналары ескеріліп, талданады.

Түйіндеп айтқанда, семантикалық талдауда – Құран мәтініндегі барша тірек сөздер қарастырылып, олардың мағынасының тарылуы мен кеңеюі, өзгеруі, активтенуі не көмескіленуі сияқты тағы басқа көптеген ерекшеліктер ескеріледі. Құран аяттарындағы сөздердің ұзақ уақыт ішіндегі мағыналық құбылысы зерттеліп сарапталады. Жалпы Құран және хадис мәтіндеріне тілдік, құқықтық, теологиялық, пәлсапалық тұрғыдан жан-жақты

талдау жасап, жастарға діни мәтіндердің негізін түсіндіру пайдалы болмақ.

Құран мәтінін түсінуде «*әл-Вужуһ уән-Назаир*» мәселесі де өте маңызды. Бұл біз сөз етіп отырған семантикалық әдіспен араласып жатыр деуге болады. Құран мәтініндегі бір сөздің дәл сол күйінде бірнеше рет кездесіп, олардың түрлі мағынада берілетіндігі «*әл-вужуһ*» делінсе, тұрпаты әртүрлі сөздердің бір мағынаға келуін «*ән-назаир*» дейді. Басқаша айтсақ, бір сөздің көп мағыналығы «*әл-вужуһ*» деп, ал бір мағынаның әртүрлі сөзбен берілуі діни термин ретінде «ән-назаир» деп аталады.

Осындағы «*әл-вужуһ*» ілімі Құранды түсіндірудің бір жолы ретінде Құран аятын басқа бір Құран аятымен түсіндіруді негіз етіп алады. Мысалы, Құран мәтініндегі бір сөздің мағынасын білген адам сол сөздің мағынасын басқа аяттарда кездескен сол сөздің мағынасына қайта телуі көп жағдайда қате түсінікке алып барады. Өйткені сөз мағынасы сөйлем ішінде қолданылған мәнмәтінге (контексте) қарай өзгеріп, жаңа мағынада қолданылған болуы мүмкін. Мысалы, Құран мәтініндегі «иман», «жиһад», «күпір», «ширк», «фасад» сияқты тағы басқа көптеген тірек сөздер бірнеше мағынада қолданылады.

Құранда қай сөздің қандай мағынада қолданылғандығын анықтау терең діни білімді, сондай-ақ аса қырағылық пен сақтықты қажет етеді. Өйткені Құран адамның емес, Алланың сөзі. Сондықтан оны бірден түсіну оңай шаруа емес. Мұның үстіне Құран тілі – классикалық араб тілінің өте көркем әрі әдеби тілінің шыңы. Құранда: «...сөздің ең көркемін Кітап түрінде түсірдік», ²¹¹ – деп Құран «сөздің ең көркемі» ретінде танытылды.

Құрандағы әрбір сөз, аят (сөйлем) пен сүре оның бөлшектерін құрайды. Құран аяттарын бірін-бірімен байланыстыра отырып аятқа мағына шығару – Құран аяттарында берілген ой-

²¹¹ Құран Кәрім қазақша мағына және түсінігі Х.Алтай аудармасы. 1991ж. 6296 («Зүмәр» сүресі, 23-аят).

дың аудармада толық дұрыс мағынасында көрініс табуына негіз болады. Олай болса, семантикалық әдістің Құран мәтінін аударудағы рөлі зор. Құран мәтінін түсінуде адамдардың ой-санасы, дүниетанымы міндетті түрде ескерілуі тиіс. Мысалы, кезінде араб тілді қоғамда Құран мәтініндегі сөздердің басым көпшілігі түсінікті болып, кейбір сөздері ғана түсініксіз болғанда оны «*Ғараибул-Құран*» («Құран мәтініндегі глоссарий сөздер») деп, оларды бөліп алып түсіндірген-ді. Ал қазіргі біздің қоғам үшін толықтай түсініксіз Құран мәтінін қазақ тілінде түсінікті, жатық тілмен түсіндіріп жеткізу аса маңызды мәселе болып отыр.

Құран мәтіні – бүгінде біздің қоғам үшін жіті түсіндіруді қажет ететін діни мәтінге айналып отыр. Бізде осы тұсы осалдау түсіп жатқандықтан да болар қоғамда неше түрлі жағымсыз іс-әрекеттер белең алуа.

Егер біз ислами ұстанымдармен байланысты терроршыл іс-әрекеттердің алдын алуды ойласақ, онда қазақ тілінде Құран мәтінінің жақсы аудармасына қол жеткізу бағытында жұмыс жасауымыз керек. Өйткені ислами ұстанымдармен байланысты радикалды топтардың терроршылдық іс-әрекеттерінің басты табан тірер негізі – Құран мәтініндегі кейбір аяттарды түсінумен байланысты.

Мұның үстіне әлі де болса, ғаламтор желілерінде Құран аяттары көбіне, орыс тілінде сәләфилік бағытта түсіндіру шаралары басымырақ болып отыр. Діни-ислами мәтіндер, кітаптар көп жағдайда осы орыс тілінен қазақ тіліне аударылып жатқандығын да ескертпей кетуге болмайды.

Қысқаша айтқанда, Құран аяттарын фундаменталды бағытта түсіндіру әрі осы бағытта насихаттау бүгінде басымдау түсіп жатыр деген пікірге қосылауға болады. Мұның өзіндік себеп-салдары, қолдаушылары мен демеушілерінің бар екені рас. Біз бұған тоқталмаймыз. Тек, біз не істеуіміз қажет? Біз сыртқы идеологиядан, толастаған санамызға жат ой-пікірлерден жастарды қалай сақтандырамыз? Ұлттық құндылықтар мен салт-сананы, діл мен діни түсінікті, қазақи дүниетанымды сақтау

жолында, саяси-әлеуметтік бағдарымызды бағандау үшін біз қандай қорғаныс тәсілін ұстануымыз қажет деген мәселе көбірек толғандырады. Мұның шешімі түптеп келгенде адам капиталын дамытуға келіп тіреледі. Яғни азаматтардың, әсіресе, жастардың жан-жақты әрі діни салада сауатты болуы ең маңызды факторлардың бірі болып қала бермек.

Қорыта айтқанда, ЖОО діни білім берудің әдіснамалық негіздері ұлттық-мұсылмандық дүниетанымға негізделіп, Құран мәтінін ғылыми тұрғыдан талдап түсіндіру бағытында жүруі нәтижелі игі іс болар еді деген ойдамыз. Ұлт зиялыларының ой-толғамдарын келтіре отырып, олардың діни-мұсылмандық дүниетанымын таныту арқылы ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы ұстанған діни жолының дұрыстығын насихаттау баршамыз үшін пайдалы болмақ.

Өзімізді исламның сүнниттік бағытын Әбу Ханифа мазһабы бойынша ұстанатын мұсылман үмбеті екенімізді жастарға түсіндіру түптің түбінде өз ұлттық болмысымызды, салт-санамызды, төл мәдениетімізді насихаттау әрі оны дәріптеу деп түсінуге тиіспіз.

Осы мақала барысында ұсынған «Құран мәтінін тану» немесе «Құрантануға кіріспе» атты элективті курстың күнтізбелік-тақырыптық жоспары мен оның сағат сандары жайында басқа бір арнайы тақырыпта сөз ететін боламыз.

Сөз соңында бүгінгі жастарға қазақи салт-дәстүрді жоққа шығармайтын, кез келген дін өкіліне оған адам ретінде құрметпен қарайтын, сыйластыққа, жоғары адамгершілікке насихаттайтын, діни білім беру жолында жасалатын әрбір қадам сәтті болсын демекпіз.

ЖАСТАРДЫ ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРШЫЛДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕРДЕН САҚТАНДЫРУ ЖАЙЫНДАҒЫ КЕЙБІР ОЙ-ПІКІРЛЕР МЕН ҰСЫНЫСТАР²¹²

Негізі діни экстремизм мен терроризм тек ислам дініне ғана тән емес екендігі белгілі. Бұл кез келген дінде болуы мүмкін жағдай. Дегенмен, ислам дінінің түсініктерімен байланысатын кейбір лаңкестік іс-әрекеттердің табан тірейтін, негіз болатын ұғымдар бар. Олардың ең бастысы – қоғам жайында.

Жалпы ислам дүниетанымында негізгі екі қоғам бар деп түсіндіріледі. Оның алғашқысы «дарул-ислам», яғни ислами билік орнатылған аймақ, қоғам (яғни мұсылман елі). Ал екіншісі, «дарул-харб» бұл сөзтіркесін түсінуде көп жағдайда қателікке бой алдырып жатамыз. Өйткені аздап арабша білетін кейбір жастар бұл сөзтіркесін сөзбе-сөз аударып, «соғыс аймағы» деп түсінеді. Бұл қате түсінік. Себебі араб тіліндегі белгілі, танымал сөздіктерге жүгінсек, олардың ешбірінде мұндай мағына берілмейді. Түйіндеп айтқанда, сөздіктерде «екі түрлі діни ұстанымдағы қоғам мүшелерінің өзара келісімге келмеген аймағы» (Яғни мұсылман емес ел) деген мағынада түсініктеме беріледі. Бұл аймақта «соғысу керек» деген түсінік жоқ. Мұнан басқа «дарус-сулх» немесе «дарул-аһд» деген ұғымдар да бар. Бұл жоғарыдағы айтылған мұсылман емес қоғамда «екі түрлі діни ұстанымдағы қоғам мүшелерінің келісімге келгеннен кейінгі «өзара түсіністікке, келісімге келген

²¹² Бұл мақала 2014 жылы сәуірдің 29-30-жұлдызында Алматы қаласында, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының институты мен Қазақстан Республикасының дін жұмыстарының Агенттігі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті және ОБСЕ Орталығының колдауымен ұйымдастырылған «Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-әрекеттеріндегі жастардың рөлі» атты халықаралық форумда талқыға ұсынылған (Мақаланың жариялануы туралы қазірше бізде мәлімет жоқ).

аймақ» (зайырлы мемлекет) деп түсіндіруге болады. Бұл аймақта ешкімнің діни сеніміне қарсы қол сұғу әрекеттері болмайды. Бұл қоғамда әркім өз сеніміне қарай ғибадатын орындау құқығына ие.

Біздің еліміз – зайырлы мемлекет. Елімізде 130-дан аса ұлт өкілдері мекендейтіні белгілі. Олардың әрқайсысының діни сенім-нанымдары, өз діни ұстанымдары бар. Елімізде дінге қатысты барлық мәселелер мемлекеттік заң аясында реттеледі. Біз жастарға осыны түсіндіре білуіміз қажет. Жұма күнін жексенбі күнімен алмастыру керек, біз мұсылман еліміз, мұсылман заңдарын ұстануға міндеттіміз деген сияқты т.б. жеке-дара пікірлерді ұстанып жүрген жастармен жұмыс жасап, оларға түсіндіру шараларын тоқтатпағанымыз жөн.

Біз бүгінгі көпұлтты елімізде тыныштықты сақтауға, діни сұхбаттастық пен төзімділікті насихаттауға, еліміздегі азаматтардың діни ұстанымдары қандай болғанда да оған Қазақстан азаматы ретінде, жалпы адам ретінде құрметпен қарауға жастарымызды дағдылана білуге тәрбиелеуге тиіспіз.

Тәуелсіз елімізде шетел азаматтарының уақытша тұрақтауы, мигранттардың келуі, сондай-ақ сауда-саттық, экономикалық, ғылыми, мәдени сияқты т.б. түрлі салалардағы бас қосулар түрлі дін, ұлт, мәдениет өкілдерін бір жерге тоғыстыруда. Осы орайда баршаға құшақ жайып, лайықты құрмет танытатын қазақи болмыс пен оның қонақжайлылығы, еліміздің сыртқы дипломатиялық ұстанымдары назардан тыс қалмайды. Дегенмен, дін мәселесі, адамның сенім-нанымы өте нәзік мәселе. Ол адамның ішкі жан дүниесімен, болмыс-бітімімен, жүріс-тұрысымен ұштасып жатқан аса күрделі таным-түсінік. Елбасымыз «Қазақстан-2050» стратегиялық Жолдауында: «Дін мәселелерінде ойластырылған қадам және өте мұқияттылық қажет. Мемлекет діни бірлестіктердің ішкі ісіне араласпауға тиіс. Біз ұят, толеранттылық және төзімділік еркіндігі принциптерін қастер тұтуымыз керек», – деп ескерткен болатын.

Олай болса, еліміздегі жастармен жұмыс жасап, олардың діни сауатты болуымен қоса еліміздің саяси, дипломатиялық ұстанымдарының дұрыстығын түсіндіріп, мәдени-рухани құндылықтарымызды насихаттауды жалғастыра берген жөн.

Жастардың тәуелсіз елімізге деген патриоттық сезімі басқа мүдделерден жоғары тұру үшін жұмылып жұмыс жасауымыз қажет деп білеміз. Осы орайда, ислам дініндегі «Отан» ұғымы жан-жақты түсіндірілуі керек.

Бір сөзбен айтқанда, бүгінгі тәуелсіз еліміздің шекарасынан асқан уақытта біз шетелде жүрген болып есептелеміз. Әрбір жүрген жүрісіміздің, ісіміздің жақсы-жаманы ең алдымен, еліміздің атына келіп тіреледі. Шетелде бізді Қазақстан азаматы деп біледі. Соған қарай қарым-қатынас жасайды.

Сөздің тобықтай түйіні – біз қарапайым азамат ретінде бауырлас, діндес мұсылман елдерінің ішкі жағдайына тікелей араласпаймыз. Егер оларға көмек қажет болып жатса, онда оны біз жеке азамат ретінде емес, мемлекеттік деңгейде халықаралық шарттарға сай жүргіземіз. Біздің жастар осыны түсінуге тиіс. Нағыз мұсылман адам барша адамзат баласына жақсылық ойлайды, ұрыс-керіске, қантөгіске бармайды. Ең алдымен, өз отбасына, туған-туысына, дос-жаранына, өмір сүріп жатқан қоғамына пайдалы болуға, оның дамуына үлес қосуға талпынады.

Біз еліміздегі әртүрлі дүниетанымдағы жастарды бір-бірінің пікірін, діни ұстанымын құрметтеуге дағдыландырумен қоса түрлі шараларды, спорттық ойындар мен кештерді, мерекелік жиындар, ұлттық һәм діни мерекелердегі сияқты тағы басқа бас қосуларды бірігіп, ұжымдасып атқаруға дағдыландыра білсек игі. Басқаша айтқанда, діни ұстанымына қарай оқшауланбай, өз ортасында қоғамдық іс-шараларға белсене араласуға насихаттау. Себебі діни сеніміне орай оқшаулану, қоғамнан бөліну діни экстремизм мен терроршылдық әрекеттің жолына түсуге немесе оның құрбаны болуға алып баруы мүмкін.

Біз Қазақстандағы діни ахуалды республикалық деңгейде ішкі шеңберде және әлемдік деңгейде сыртқы шеңберде қарауымызға болады. Бұлай деуге себеп Қазақстан азаматтарының діни ұстанымдары әртүрлі әлемдік және дәстүрлі емес діндерге табан тірейді.

Қазақстан Республикасы тәуелсіз зайырлы мемлекет ретінде діннің ішкі мәселелеріне тікелей араласпайды. Халықаралық деңгейде қабылданған ұстанымдар бойынша қарекет етіп, өз азаматтарына діни ұстаным бостандығын береді. Бұл жайында ҚР 1995 жылдың 30 тамызында қабылданған Конституцияның 19-бабының 1-тармағында: «Әркім өзінің ... қай дінге жататынын көрсету-көрсетпеуге хақылы» делінсе, 2011 жылы қазан айында қабылданған Қазақстан Республикасы «Діни қызмет және діни бірлес-тіктер туралы» Заңының 6-бабында: «Әркім Қазақстан Респуб-ликасының заңнамасына сәйкес діни немесе өзге де нанымдарды ұстануға құқылы» екендігі нақты көрсетілген. Осы заң аясында әрбір азамат өз қалауынша қандайда бір діни сенім-нанымды ұстауға яки ұстанбауға ерікті. Олай болса, түрлі діни сенім-нанымдар мен көзқарастарды бір жерде тоғыстыратын көпұлтты елімізде, бүгінгі зайырлы қоғамда азаматтардың өзара түсіністігі мен татулығы, олардың бейбіт өмір сүру кепілдігі, елдің ынтымақ-бірлігіне, тыныштығына нұқсан келтірмейтіндей етіп реттеп отыру мемлекеттік деңгейде өзекті мәселе. Сондай-ақ ғасырлар бойы қол созып арман еткен ел тәуелсізін сақтау, оның іргесін нығайту жолында үлес қосу сөзсіз әрбір азаматтың міндеті болып қала бермек.

Міне, сондықтан бүгінгі жастарға діни білім беру – танымдық, ағартушылық бағытта және бүгінгі жаһандану заманында зайырлы қоғамдағы түрлі көзқарастар мен пікірлерді құрметтеп, олармен сұхбаттасуға, сыйласуға, сондай-ақ кез келген діни экстремистік, терроршыл іс-әрекеттің алдын алуды көздейді. Жастар арасында діни экстремизм мен терроризм пиғылдарына қарсы профилактиканы жүргізу арқылы біз Елбасымыздың Қазақстан халқына Жолдауындағы: «Біз елдің дәстүрлері мен

мәдени нормаларына сәйкес келетін діни сана қалыптастыруымыз керек» деген тапсырмасын іске асыруға бағыт аламыз.

Бүгінде Құран мәтіні – біздің қоғам үшін жіті түсіндіруді қажет ететін діни мәтінге айналып отыр. Бізде осы тұс осалдау түсіп жатқандықтан да болар қоғамда неше түрлі діни түсініктер пайда болуда. Біз ислами ұстанымдармен байланысты терроршыл іс-әрекеттердің алдын алуды ойласақ, онда ең алдымен, қазақ тілінде Құран мәтінінің жақсы аудармасына қол жеткізу бағытында жұмыс жасауымыз керек. Өйткені ислами ұстанымдармен байланысты радикалды топтардың терроршылдық іс-әрекеттерінің басты табан тірер негіздерінің бірі осы Құран мәтініндегі кейбір аяттарды түсінумен тікелей байланысты болып келеді.

Шынында да тіл – аса маңызды қарым-қатынас құралы. Біз осы тіл арқылы бір-бірімізбен түсінісеміз. Білім-ғылым аламыз...

Бүгінгі ашық бұқаралық ақпараттық кеңістікте тілдің діни астары назардан тыс қалмауға тиіс. Бүгінде БАҚ-дағы діни астарлы мәлімдемелер тек араб тілінде ғана беріліп жатқан жоқ. Сан түрлі тілдерде, оның ішінде ағылшын тілі де негізгі тілдердің бірі. Сондықтан біз жастарға ағылшын тілін үйрету барысында да діни сана түсініктерден арыла алмаймыз. Бұны да ескеруіміз қажет.

Түйіндеп айтқанда, ислам дінін ұстануға елімізде ешбір кедергі тұрған жоқ. Мешіттердің есігі әрқашан ашық, құлшылық етуге, діни сауат ашуға барлық жағдай жасалған.

Кейбір біздің діни санамызға жат түсініктегі жастармен құзырлы орындар, білікті мамандар жұмыс жасап, түрлі профилактикалық іс-шаралар жүргізу үстінде. Бұл көп ұзамай өз нәтижесін берері хақ. Осы айтылғандарды негізге ала отырып, біз ислам дінінің түсініктерімен байланыстырылатын лаңкестік пиғылдағы іс-әрекеттер алдағы уақытта елімізде болмайды деп болжаймыз.

Ал енді Қазақстан азаматтарының басқа елдегі діни ахуалға қатысты қандай да бір іс-шараларға қатысуының алдын алу біздің пікірімізше мына мәселеге көңіл аударуды қажет етеді.

Әрине, Қазақстан азаматтарын мұндай іс-шараларға тартуға сыртқы күштердің ықпалы болатыны дау туғызбайды. Мысалы, ғаламтор желілеріндегі қасиетті соғысты (жиһадты), терроршыл іс-әрекеттерді насихаттайтын бейне-роликтерді біз жасап отырған жоқпыз. Бұлардың бәрі сырттан жасалуда... Бұған түбегейлі тосқауыл қою да мүмкін болмай отыр. Біз бұған қарсы іс-әрекет етіп, жастардың санасын діни экстремизм мен лаңкестік пиғылдардан құтқарудың бір жолы – Құран мәтінін дұрыс бағытта түсіндіруді жандандыруымыз қажет. Құранның түпнұсқа мәтініндегі кейбір көп мағыналы, астарлы сөздерді түсінуге, оларды интерпретациялауға байланысты түрлі ағымдардың пайда болғандығына назар аударылып, олардың негізгі мақсат-мүдделерін жастарға жіті түсіндіріп ұғындырсақ, бұған да төтеп беруге болады. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін мүмкін жоғары оқу орындарында «Құрантануға кіріспе» атты ерікті пән енгізу мәселесін де ойластыру қажет шығар...

Екіншіден, еліміздегі діни салада жасалып жатқан қаншама жақсы іс-шараларды араб тіліндегі бейне-роликтер түрінде кеңінен насихаттау керек. Біздің жетістіктеріміз көп-ақ, бірақ оны интернет желілерінде араб тілінде насихаттау жоқтың қасы. Тәуелсіз еліміздің 20 жылдан аса уақыт ішінде қол жеткізген қаншама жетістіктері араб тілді аудиторияға тікелей жетпей жатыр. Көп мәліметтер кешегі тәуелсіздікке дейінгі ескі мағлұматтар. Араб тілді аудиториядағы көпшілік аға буын өкілдері кешегі ескі мәліметтерді оқып өскен жандар немесе әлі күнге дейін сол мәліметтермен шектеліп қалып отыр.

Негізі ағылшын тіліндегі мәліметтер көп жағдайда араб тілді аудиторияда дұрыс, шынайы дереккөзі ретінде қабылдана бермейді, мұсылман елдерінде батыстық медианы ислам дінінің дұшпаны ретінде санайтындар саны қаншама. Лаңкестік пиғыл-

дағы іс-әрекеттердің бір ұшы да осы түсініктермен байланысты...

Көп жағдайда араб тілінде хабар тарататын БАҚ біз туралы, біздің жетістіктеріміз туралы жар салып айтпайды. Керісінше, кемшіл тұстарын іздеп мейлінше сыни көзбен қарайды. Сондықтан осы салаға көңіл аударып, діни-мәдени саладағы жетістіктерімізді біз өзіміз араб тіліндегі бейне-роликтер түрінде, сондай-ақ араб тілді оқырманға арналған кітапшалар түрінде ұсынып араб тілді мұсылман елдеріне кеңінен жан-жақты насихаттасақ, алдағы уақытта Қазақстанға араб елдеріне келетін туристердің жандануына мүмкіндік туады деген пікірдеміз.

Қорыта айтқанда, діни экстремизм мен терроршылдық іс-әрекеттердің әлемдік деңгейдегі сыртқы шеңбері бізге тікелей қатысты емес. Олардың бірі Еуропа елдерінде өз құқықтарын қорғай алмағандықтан оларға қарсы бағытталса, ең негізгісі араб елдеріндегі билікке, ондағы діни сана-түсінік жағдайларына байланысты туындап отыр деуге болады.

Біздегі жағдай мүлде басқаша. Сондықтан діни экстремизм мен лаңкестік іс-әрекеттерге қарсы күрестің шетелдік үлгілері бізге айтарлықтай пайдалы бола алмайды...

Біздің Елбасымыз бастаған түрлі діни көзқарастар мен ұстанымдарды құрметтеп, олармен сұхбаттасуға, сыйласуға бағытталған өз сара жолымыз бар. Астананың төрінде әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің басын қосып, оларды бір дөңгелек столдың басына бір емес бірнеше рет отырғызуының өзі үлкен мақтанышпен айтатын жайт. Бұл біздің елде ғана болған, біздің Елбасымыз ғана жасай алған игі шара. Байыбына бара білсек, мұның астарында көп мәселе жатыр.

Сөз соңындағы ұсыныстар:

1. Ең баста Құран аудармасын ретке келтіру қажет. Құран мәтініндегі қасиетті соғысқа (жиһадқа), мұсылман қоғамын құруға шақыратын аяттардың мән-мағынасын бүгінгі күн тұрғысынан талдап, дұрыс түсіндіріп жеткізу өте маңызды. Бұл өз кезегінде ислам дінінің түсініктерімен байланыстырылатын

кейбір лаңкестік іс-әрекеттердің алдын алады. Сондай-ақ түрлі ұлт өкілдерінен құралған, діни ұстанымдары әртүрлі зайырлы қоғамдағы азаматтардың өзара түсініктігі мен сыйластығына негіз болады деп пікірдеміз.

2. Қазақ және орыс тілдерінде діни терминдердің энциклопедиялық сөздігін жасау қажет. Онда діни сөздердің мән-мағынасын түсіндіріп жазу керек. Бұл ғылыми басылым болғаны жөн. Бұл басылымды дін саласына қатысты ғылыми зерттеулерде, басылымдарда, діни мәселелерді реттеуде кеңінен қолдануға болады.

3. Тәуелсіздік алғаннан бері елімізде дін саласында көптеген игі іс-шаралар атқарылуда. Бірақ олардың көбі араб тілді аудиторияға жетпей келеді. Себебі араб тілінде хабар тарататын бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) біздің жетісітігімізді айтуға қарағанда кемшіл тұстарымызды іздеп тұратынын айтудың өзі артық. Сондықтан осы салаға көңіл аударып, діни-мәдени саладағы жетістіктерімізді біз өзіміз араб тіліндегі бейне-роликтер түрінде, сондай-ақ араб тілді оқырманға арналған кітапшалар түрінде ұсынуымыз қажет. Оларды интернет сайттарынан тегін жүктеп алу мүмкіндігі жасалса, көп ұзамай елімізді араб тілді аудитория жаңа қырынан тануға мүмкіндік алар еді. Мысалы, Ресей, Қытай, Түркия сияқты елдердің араб тілді аудиторияға арналған өз телебағдарламалары бар. Бұл да ескеретін, көңіл аударатын мәселе.

4. Елімізде ислам дінінің негіздерін, сан түрлі ғылымын, қазақ мәдениеті мен өркениетіне қосқан үлесін, сондай-ақ өзге діндермен қарым-қатынасын, жаһандану заманындағы исламның ұстанымдарын, экономикалық және қаржы саласында ислами ұстанымдар мен құндылықтардың арақатынасын, діннің саясаттағы орны, алдағы болжамы сияқты тағы басқа маңызды тақырыптарды жан-жақты ғылыми зерттейтін іргелі және қолдалы зерттеулерді жалғастыруды да ойластырған жөн. Бұл бізге дінді бірнеше қырынан танып, жан-жақты сауатты болуға жол ашумен қоса мемлекеттік құрылымдардағы дін саласына қатыс-

ты сұрақтарды бірігіп талқылауға, алдын ала болжауға өз септігін тигізеді деген пікірдеміз. Әсіресе, бүгінгі қоғамдағы діни қайшылықтарды реттеу, олардың алдын алу мәселесі өте өзекті.

5. Мектеп қабырғасында оқытылатын «Дінтану негіздері» пәнінің атауын және оның мазмұнын өзгертіп, дінді тану емес мүмкіндігінше кез келген дінді құрметтеуге, ұлт пен діни құндылықтар арасындағы сабақтастықты, этносаралық сыйластықты негізге алатын, жастарды діни мәдениеттілікке, түсіністік пен сыйластыққа насихаттайтын, қоғамдағы түрлі діни түсініктерге дұрыс яки дұрыс деп баға беру тұрғысынан емес, бір ұлттың мәдениетімен сабақтасып араласып жатқан ұлттық-діни құндылық ретінде түсінуге баулы үшін «Діни құндылықтар әдебі», орысша «Этика религиозных ценностей» деп өзгертіп міндетті пәндер қатарына қосу қажет шығар деген пікірдеміз. Өйткені бүгінгі күн талабы осыны сұранып тұрғандай. Себебі дінді әр дін өкілі өзінше таниды. Әрі осы танымды дұрыс деп түсініп, өз ұстанымы мен түсінігін қорғайды. Сондықтан мектеп қабырғасында айтылатын дін туралы сабақтың барысы оның мәні мен мазмұны жан-жақты ақылдасуды, ой бөлісуді, сондай-ақ өте мұқияттылық пен байсалдылық талап ететіні сөзсіз.

6. Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған 72 сағаттан тұратын «Құрантануға кіріспе» немесе «Исламтануға кіріспе» орысша «Введение в исламоведение» атты ерікті пән енгізу мәселесін де ойластыру қажет. Университет қабырғасындағы бүгінгі студенттер ертеңгі қоғамның негізгі діңгегі. Оқып жатқан мамандығына қарамай діни сауатты болу өте маңызды. Бір жағынан бұл студенттердің магистранттар мен докторанттардың оқу бағдарламасына сәйкес алыс-жақын шетелдерге шыққанда байқаусызда қандай да бір діни ағымның жетегіне түсіп кетудің алдын алады. Сондай-ақ еліміздегі жастар арасында діни сауаттылық деңгейінің көтерілуіне айтарлықтай ықпал етеді деген ойдамыз.

Жалпы діни сенім-нанымдармен сабақтасқан түрлі лаңкестік іс-әрекеттерден сақтанудың негізгі темірқазығы – діни әрі саяси тұрғыдан сауатты болу.

Сөз соңында айтарымыз, біз жастардың діни сауаттылығын жастайынан көтеруіміз қажет. Сыйластық, діни сұхбаттастық сияқты құндылықтар бала санасына жастайынан сіңсе ғана ол оған өмір бойы жолдас бола алады деген пікірдеміз.

Біз бүгінгі жастарға ислам дініндегі «Отан», «ұлт», «жиһад» сияқты ұғымдарды, сондай-ақ «халал мен харам» (адал мен арам), «күнә мен сауап», «дін мен дәстүр», «мемлекет пен дін» сияқты тақырыптар төңірегінде жан-жақты дұрыс мәліметтер беріп түсіндірсек, елімізде экстремизм мен терроршылдық пиялдағы іс-әрекеттер көрініс таппайды деген сенімдеміз.

Blank lined paper with horizontal ruling lines.

Blank lined paper for writing.

Мазмұны

Алғы сөз	3
Адамзат баласының дүниетанымы және миф.....	5
Құран Кәрімнің Орта Азия ғұламаларын қалыптастырудағы рөлі.....	13
Әбу Насыр әл-Фараби және мұсылмандық дүниетаным.....	22
Мұсылмандық дүниетанымның түркі әдебиетіне ықпалы туралы қысқаша шолу.....	30
Махмұт Қашқари дүниетанымы Құран және хадис мәтін- дері аясында.....	38
Алаш зиялыларының «Қазақ» газеті беттерінде жарияла- ған дін жайлы ой-толғамдары.....	47
Ел қамын ойлаған - хакім Абай	66
Имандылық тақырыбы Абай шығармаларында.....	78
Құран аяттарында кездесетін «Жүрек» ұғымындағы лексемалар.....	89
«Мың бір түн» ертегісіндегі мұсылмандық дүниетанымға негізделген ой-толғамдар	102
Мәдениеттер тоғысындағы Құран ұстанымы.....	115
Қасиетті Құран аяттарын қазақ тіліне аударудың өзекті мәселесі.....	126
Елбасы жолдауының мұсылмандық дүниетаныммен сабақтастығы.....	140
Жоғары оқу орындарында діни білім берудің әдіснамалық негіздері хақында.....	147
Жастарды діни экстремизм мен терроршылдық іс-әрекет- терден сақтандыру жайындағы кейбір ой-пікірлер мен ұсыныстар	160

Палтөре Ықтияр

Біз және мұсылмандық дүниетаным (монография)

Бұл кітап

*«Қазіргі Қазақстандағы ислам:
мәні мен діни жаңарудың нәтижелері»
атты ғылыми жоба аясында
азірленіп, басылып шықты.*

Қағазы офсеттік. Офсеттік басылым.
Пішіні 84/108/1/16. Баспа табағы 10,75.
Таралымы 100 дана. Тапсырыс №4

Тапсырыс берушінің файлдарынан
«Bainur print» ЖШС баспаханасында басылды.